2018 году всё же избавился от Александрова. Непонятно, почему это «светило науки» оказалось востребованным в Свято-Филаретовском православно-христианском институте, куда его взяли в 2019 году? Но если Александров всё же получил своё, хоть и не сполна, то почему другой апологет коллаборационизма, уроженец бывшего Куйбышева, Дробязко, до сих пор вольготно чувствует себя в столице, работая в «Московском комсомольце»?

Литература

1. Агеев А.В. Добровольческие казачьи кавалерийские корпуса Красной Армии: формирование и участие в обороне Северного Кавказа: июнь 1941 года - декабрь 1942 года. Дисс. канд.ист.наук. Пятигорск, 2013. 201 с.

2. Алексеј Ј. Тимофејев. Руси и Други светски рат у Југославији: Утицај СССР-а и руских емиграната на догађаје у Југославији 1941-1945. Београд: Институт за новіју Србију, 2010.

3. Александров К.М. Вооружённые формирования Комитета освобождения народов России в 1944—1945 гг. Проблема оперативной характеристики. Дисс... канд. ист. наук. СПб., 2002.

4. Александров К.М. Против Сталина: Власовцы и восточные добровольцы во 2-й мировой войне. СПб., 2003

5. Бардадым В.П. Ратная доблесть кубанцев. Краснодар, 1993;

6. Батов Д.И. Кубанцы в битве под Москвой: документальная повесть. Краснодар, 1981.

7. Бурмагин А.Г. Участие кубанских казаков в составе советских кавалерийских соединений в Великой Отечественной войне: 1941-1945 гг. Дисс...канд. ист. наук. Краснодар, 2011, 217 с.

8. Воскобойников Г.Л. Казачество и кавалерия в Великой Отечественной войне. М., 1993;

9. Голиков А.Н. Роль кавалерийских частей Красной Армии в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.: на материалах II-го гвардейского кавалерийского корпуса. Дисс...канд. ист. наук. М., 2009. 216 с.

10. Горшков С.И. Овчаренко И.В. Донской гвардейский. Ростов н/Д. 1985. 160 с.

11. Долгов А.Н. Роль ставропольцев-доваторцев в Великой Отечественной войне: 1941 - 1945 гг. Дисс...канд. ист. наук. Пятигорск, 2011. 228 с.

12. Дробязко С.И. Восточные формирования в составе вермахта. 1941-1945. Дисс.к.ист.наук. М., 1997. 208 с.

13. Дробязко С., Карашук А. Восточные легионы и казачьи части в вермахте. — М.: АСТ, 2000.

14. Иванов Г.П. Боевая доблесть кубанцев: исторические очерки. Краснодар, 1961.

15. Казаки за границей. Март 1932 — март 1933. София, 1933. С. 24

16. Казачество. Мысли современников о прошлом, настоящем и будущем казачества. Ростов н/Д, 1992.

17. Казачий вестник. 1942. № 14 (20). 15 июля.

18. «Казачий стан» в Северной Италии // Новый журнал (Литературно-художественный журнал Русского зарубежья). 2006 №242.

19. Крикунов П.Н. Идеология и политика коллаборационизма в среде казачества в годы Второй мировой войны. Дис... канд. полит.наук. М., 2004., 183с.

20. Крикунов П. Н. Казаки: между Гитлером и Сталиным (Крестовый поход против большевизма) Москва. «Яуза», «Эксмо». 2005.

21. Курков Г. М. Кубанские и донские казачьи кавалерийские формирования в 1936-1945 гг.: историческое исследование: Дисс... канд. ист. наук. - М., 2006. 259 с.

22. Ленивов А.К. Под казачьим знаменем в 1943-1945 гг. Мюнхен, 1970.

23. На казачьем посту. 1943. № 2.

24. Науменко В. Великое предательство: выдача казаков в Лиенце и других местах (1945-1947): Сборник материалов и документов: В 2 т. Нью-Йорк, 1962. Т.1. 1970. Т.2.

25. Овчаренко И.В. Пятый Донской. 5-й гвардейский казачий кавалерийский Краснознаменный Донской **26. О कोरोков А.В.** Антисоветские воинские формирования в годы Второй мировой войны. Дис. д-ра ист. наук. М. 2001 479 с.

27. О कोरोков А.В. Казаки и «Русское освободительное движение» // Вече. 1996 №58

28. Откровения и признания. Нацистская верхушка о войне Третьего рейха против СССР. Смоленск, 2000.
29. Проблемы истории казачества. Волгоград, 1995.
30. Пятницкий В.И. Казаки в Великой Отечественной войне в 1941 -1945 гг. М., 2007.
31. Решин Л.Е. «Казаки» со свастикой. Документы из архивов КГБ // Родина. 1993 №2
32. Родимый Край. 1964. № 51
33. Румянцев Н.М. Красные лампасы: Боевой путь 150-го гвардейского истребительного противотанкового артполка 5-го Донского казачьего кавалерийского корпуса с осени 1943 по 1944 гг. Элиста, 1985.
34. Табунщикова, Л.В. Донские антисоветские казачьи структуры и Германия в 1918 и 1941-1945 гг. Дис.канд. ист. наук.- Ростов н/Д., 2003. 178 с.
35. Футорянский Л.И. Казачество России на фронтах ВОВ. Оренбург, 2006.

УДК 82-94

ОТТЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘСКЕРИ БАСЫЛЫМДАР (деректік маңызы)

Смагулова С.О.

*әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы*

Ұлы Отан соғысының ізі әлі күнге дейін халық санасынан кеткен жоқ. Төрт жыл бойы ғаламат күш-қайрат көрсеткен және қырғын шығындарға ұшыратқан бұл соғыстан кейбірі жеңіспен оралды, біреулері майдан даласында опат болды. Біреулері із түзсіз жоғалып кетті. Ал біреулері басқыншылардың қолына тұтқынға түсіп, барлық азапты неміс лагерьлерінде тартты. Қазақстанға Ұлы Отан соғысының отты шарпуы тиген жоқ, дегенмен соғыстың ауыртпалығын көтеріп, миллиондаған отандастырымыз өзінің жауынгерлік және еңбек үлесін қосты.

1941 жылғы 22 маусымның таңында басталған соғыстың алғашқы сағаттарында-ақ неміс басқыншыларының соққысын

қарсы алған Брест қамалына қорғаушылар арасында қазақстандық жерлестеріміз теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Қазақстанда ондаған дивизиялар мен бригадалар, жекелеген бөлімдер құрылып, оның құрамындағы жерлестеріміз Мәскеуді, Ленинградты, Сталинградты қорғауда, Курск, Украина, Белоруссия, Қырым мен Карпатты азат ету жолында шайқасып, көбі ұрыс даласынан қайтпады.

Олардың кейбіреулерінің есімі тарихта белгілі болса, майданда мерт болған белгісіздері қаншама. Соғысқа аттанып, ұрыс даласынан хабар-ошарсыз кеткендерді санын айту да мүмкін емес.

Соғыс басталған алғашқы айдың өзінен-ақ кеңестік баспасөз барысы соғыс уақытының талабына сай қайтадан құрылып, радиодан кейін соғыс барысын бірден-бір хабарлап, халыққа жеткізіп отыратын құралға айналды. Елімізде майдандық газеттерден бұрын шығып тұрған газет-журналдар кеңес ақпарат бюросының хабарларымен таныстырып отырды. Бұл ретте «Социалистік Қазақстаннан» бастап «Казахстанская правда», «Коммунист», «Сталин жолы» және т.б. басылымдарды атауымызға болады.

Республиканың мерзімді баспасөзі соғыстың алғашқы айларынан-ақ Германияға қарсы күреске еңбекшілерді жұмылдыра білді. Газетте «Отанмызды жаудан тазартуға бар күшімізді салып, өз үлесімізді қосайық» немесе «Жауды жеңгенше аянбаймыз» деген ұрандар көтеріліп, жауды талқандауға еліміздің еңбекшілерін шақырды, колхоз, совхоздарының еңбек тіліндегі ерлерінің іс-әрекеттері, еңбек өнімділігін арттыру, өндіріс тәртібін қатаң сақтау және т.б. іс-шаралардың жүзеге асу барысын, бұлардың бәрі «Жеңіс үшін!» екендігін көрсеткен материалдарды жариялады.

Республиканың бас газеті атанған «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері тыл жағдайымен қоса, майдан шебіндегі қазақстандықтардың ерлік істерімен қазақ халқын таныстырып отырды. Мәселен, 1941 жылдың 20 қарашасында «Казахстанская правда» газетінде «панфилов бөлімшесінің ерлік істері» деген мақала жарияланған екен. Мақалада Волоколамскінің батпақты, сызды жағдайына қарамастан Рокоссовский мен Панфиловтың әскерлері он екі күн бойы жаумен шайқасып, олардың 8 мыңнан астам әскерін жойғандығыжайында келтірілді [1]. Барлық республикалық газеттер майдан хабарларымен апта сайын хабардар етіп отырды.

Қызу майдан жүріп жатқан жерде «Алға жауға қарсы», Калинин майданында «Жауға қарсы аттан», Брянск майданында «Жауды жоюға», «Қызыл Армия», Волхов майданында «Майдан правдасы», Украин майданында «Отан намысы үшін», Ленинград майданында «Отан күзетінде», «Отан үшін ұрысқа», «Отанды қорғауда», «Сталиндік жауынгер», «Суборовшы», «Суворовшы қыспақ», орыс тілінде «За Родину» және т.б. газеттері шығып, майдан хабарлары, соғыс қимылы, тыл еңбекшілерінің майданға қосқан үлесі, фашизмнің бейбіт халықтарға көрсеткен жауыздығы жайында материалдар жарияланып отырды.

Алғашқы майдандық газеттің бірі «Отан үшін» деп аталып, оны Панфилов атындағы 8 гвардиялық атқыштар дивизиясының жауынгерлері шығарып тұрды. Бұл газет «Неміс окупанттарына өлім» деген ұранды көтерді. Газетінің орысша нұсқасы «За Родину» деп аталды. Бұл басылымның редакторлығын жауынгер журналистер П. Кузнецов пен Л. Макеев кезектесе атқарып, әр газеттің беті «Неміс басқыншыларна өлім!» деген қанатты сөзбен басталды.

«За Родину» газеті 1941 жылы 25 қарашада шығарған санында 8 гвардиялық атқыштар дивизиясының жауынгерлерінің бір метр де кейін шегінбей, жауға төтеп беріп отырғандығын жазса [2], ал 30 қарашадағы санында 8 гвардиялық дивизияның генерал-майоры И.В. Панфиловдың ұрыс барысында ерлікпен қазақ табуына байланысты дивизияны оның есімімен атау туралы Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің қаулысы жарияланды [3].

Ленинград майданының «Отанды қорғауда» қызыәскер газеті (орысшасы «На страже Родины») бірінші саны 1942 жылдың 6 қарашасынан бастап шыға бастады. Редакторлық қызметін Кәрім Османов, орынбасарлығын А. Мадалиевтер атқарып, газеттің редакциялық алқасында Ақмұқан Сыздықбеков, Бисен Жұмағалиев, Түймебай Әшімбаев, Асылхан Тұрғанов және т.б. қазақ журналистері болып, «Неміс окупанттарына өлім» деп аталған ұранды ұстана отырып, майдан жауынгерлері мен қазақстандықтарды Ленинград майданында жауға қарсы күресіп жатқан қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып отырды. Тылдағы қазақстандықтардың майдан үшін жасап жатқан еңбектерімен де жауынгерді хабардар етті.

Газеттің қазақша нұсқасының ең бірінші санының бірінші беті «Отан соғысы батыры» деген мақаламен басталыпты. А. Сыздықов

деген автор Сангерей Мұхамедияров деген қазақстандық жауынгердің ерлік істеріне тоқталады. «Жақында болған бір ұрысқа Сангерей де қатысты. Түнде взвод алға қарай жылжыды. Сангерей Мұхамедияров әр уақытта алдаболды. Жауынгерлер ауыр соғыс пен ілгері басты. Сангерей комендір мен бірге солжақ флангада болды. Ол бұрын соғыста болмаған менде, сондай дұшпандарды қыруға ынтық болды. Взвод атакаға дайындалды. Командирдің «атакаға» деген дауысы шықты. Дүркіреп жөнелген жолдастарымен бірге Сангерей де жүгірді. Сангерей «ура»-ның орнына «аттан» салды. Штиктасқан саоғыста ол бірнеше солдаттарды түйреп жықты. Неміс қанышерлері, біздің жауыңгерлерге қарсы тұра алмай, дұшпан кейін қашты. Жеңіс біздің әскерлерде болды» Шаршағанын тыңдамай, қасындағы жараланған жолдастарын иығымен көтеріп, кейін алып шықты», - деп келтірілді мақалада [4].

«Отан үшін» газетінің 1943 жылғы 1 қаңтарындағы №10 санындағы С. Сағын деген автордың «Сейдаштай болындар» деген мақаласында автоматшылардың арасынан Сейдаш Қалмамбетов 26 немістің көзін жойып, Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталғаны келтіріледі. Ол Оңтүстік Батыс, Оңтүстік, Дон, Солтүстік Кавказ, Воронеж, Калинин, Волхов және Ленинград майданында ұрысқа қатысқан [5].

Газетте қызыләскер, мерген Иманбердиев бірінші рет соғысқа кірісіп, бірінші немісін өлтіргендігін айтып, жас мергеннің сол күннен бастап, басқыншыларға қарсы аяусыз күресетіндігіне міндеттеме алған [6].

Осы «Отанды қорғау» мен «За Родину» газеттеріне Илья Эренбург деген тілшінің екі тілде «Қазақтар» деген мақаласы жарияланып, онда немістердің «қазақ деген қорқынышты білмейтін халықтың барлығын, бұрын осындай халықтың барлығын білмегендігін» айтып жатқандығын келтірді. Ол панфиловшы С. Қожықов, гвардияшы Өмірәлиев, Әмірбек Ілиясов, жауынгерлер Уәлиев, пулеметшы Естаев, Балапанов және тағы басқа қазақ жауынгерлерінің көзсіз ерліктерін баяндай келе, олардың «Отанды қорғау» борышы үшін өлуге дейін дайын екендіктерін дәлелдегендігін көрсетеді [7].

Волхов майданы қызыләскер газеті ретінде 1942 жылы шыққан «Майдан правдасының» және Кареля майданының қызыләскерлерінің басылымы ретінде 1944 жылдың сәуірінен жетісіне екі реттен шыққан «Отан үшін ұрысқа» газеттерінің

жауапты редакторлығын Б.П. Павлов, орынбасарлығын Н. Қорабаев атқарды. Осы басылымдар арқылы майдандағы әскерлер арасында үгіт-насихат жұмысы пәрменді жүргізілді.

«Майдан правдасы» газеті 1942 жылдың 30 қарашасында жарық көрді. Алғашқы санынан бастап қазақстандық жауынгерлердің майдандағы ерлік істері жөніндегі тілшілерден басқа, жауынгерлердің өз мақалалары да жарияланып отырды. Газетте қазақстандық еңбекшілердің майданға қосқан үлестерін де насихаттаған. Мәселен, «Майдан правдасында» «Совет Одағында», «Қазақстан хабарлары» деген айдарларымен тылдағы, қазақстандықтардың фашистік басқыншыларға қарсы күреске қосқан үлестері мен еңбеккерлердің соғыс жағдайындағы өмір тынысы да жазылып отырды.

Неміс басқыншыларына қарсы соғыс бұрынғы Кеңестер Одағындағы түрлі ұлт өкілдерінің достығын нығайтты. Әскери газеттер өзге ұлт өкілдерінің қоян-қолтық, бірі үшін бірінің жан беріп соғысуға дайын екендігін жауынгерлердің газетке жариялаған мақаласы арқылы насихаттады. Старшина, насихатшы К. Өміралиев «Біздің достығымыз берік» деген жүрекжарды мақаласында Волхов майданында орыс, татар, қазақ, өзбек және тағы басқа ұлт жауынгерлері өзара қоян қолтықтаса отырып, неміс-фашистерге қарсы күштерін біріктіріп күресіп жатқандығын айта келе, жауынгерлер арасында үгіт-насихат жұмыстары өз тілдерінде өткізіліп, баяндамалар оқылып, олардың рухын көтеруде түрлі іс-шаралардың өткізілетін келтірді [8].

Ротадағы жауынгерлердің татулығын, бірлігін арттыру барысында саяси жұмыстардың жиі жүргізілетіндігін, орыс тілін білмейтін немесе нашар білетіндерге арнайы түрде сабақ өткізіліп тұратындығын, әр жауынгерді мінез-құлқына қарай бейімдеп, насихат жұмыстары соған сәйкес орындалатындығы газеттің негізгі тақырыбының біріне айналды. Бұл өмір толқынына енді ілесіп, оңы мен солын танымаған жастарды шыңдап, табандылыққа тәрбиелейтіндігіне сендірді [9].

Әскери басылымдар жауынгерлердің ерлік істерін дәріптеп, олардың батырлықтарын жауынгерлерге үлгі есебінде көрсетуге тырысты. Мысалы, Қарсақпай зауытынан бұрынғы дәнекерлеушісі Түсіп Сыйқымбаев 270 немісті өлтіріп, 7 такісінің, фашист офицерлері мініп келе жатқан 3 вагонның көзін жойған. Осы ерлік істері үшін «Ерлігі үшін» медалімен [10], ал Қарағандыдан келген

пулеметші Сыздыбай Тоқұшев көрсеткен ерлігі «Ұрыстағы батырлығы үшін» медалімен марапатталған [11]. Зеңбірек командирі кіші сержант Өтеш Қалмұратов І дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды [12].

Сонымен қатар майдан газеттерінде қазақстандық жауынгерлерге рух беретін, ой тастайтындай да ақпараттар, материалдар, мақалалар жарияланып отырды. Мәселен, Қазақстан Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Н. Оңдасыновтың «Жексұрын фашистер талқандалады» деген сенімге мол, қазақстандық жауынгерлерге сенім артқан мақаласы жарияланды. «Қазақ халқының жауынгерлік рухы күшті. Жендеттерге қарсы Отан соғысында қазақ халқы ақырғы тамшы қаны қалғанша күреседі» дей келе, майдандағы генерал-майор Панфиловтың атындағы 8 гвардия қазақ дивизиясының даңқы осының негізгі мысалы екендігін келтіре отырып, тылдағы қазақстандықтардың да майданға қосқан үлесі ерен екендігін Шығанақ Берсиев, Ким Мансамның жетістіктері арқылы жеткізеді [13].

Майдан газеттері қазақстандық жауынгерлердің ерлік істерін дәріптеп, олардың батырлықтарын жауынгерлерге үлгі есебінде көрсетуге тырысты. Міне, осындай мәліметтер көп. Оның бірін біліп жатсақ, ал біреулерін білмейміз. Ұлы Отан соғысы кезінде майдан даласында қаза тапқан қаншама жастарымыздың тағдыры беймәлім күйде қалып отыр.

Осы басылымдардың деректік маңызы бар ма? Әрине, бар. Себебі, әрбір санын оқи отырып, қазақ жастарының көзсіз ерлігін білуге болады. Сонымен қатар майдан баспасөзін шығаруда оқ пен оттың арасында жүрген журналистердің көбі Отан алдындағы міндетін орындау барысында қаза тапты.

Әскери басылымдар өз дәрежесінде әлі күнге дейін зерттеу нысанына алынған жоқ. Архив құжаттарымен қатар қолданылса, жауынгерлердің қан майдандағы ерліктерін ұрпақ білер еді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Героические дела части Панфилова // Казахстанская правда. – 1941. – 20 ноября.
2. Храбрецы гвардейцы, ни шагу назад! // За Родину. – 1941. – 25 ноября.
3. 8-й гвардейской стрелковой дивизии присвоено имя генерал-майора И.В. Панфилова // За Родину. – 1941. – 30 ноября.

4. Сыздықов А. Отан соғысы батыры // Отанды қорғауда. – 1942. - №1. – 6 ноябрь.

5. Сағын С. Сейдаштай болыңдар // Отан үшін. – 1943. - №10. – 1 январь.

6. Апельсинов К. Иманбердиев кек алу себеін ашты // Отанды қорғауда. – 1942. - №1. – 6 ноябрь.

7. Эренбург И. Казахи // За Родину. – 1942. – 22 октябрь.:
Эренбург И. Қазақтар // Отанды қорғауда. – 1942. - №3. – 18 ноябрь.

8. Өміралиев К. Біздің достығымыз берік // Майдан правдасы. – 1942. – 3 декабрь. - № 2 (296).

9. Капитан И. Субботин. Табандылыққа тәрбиелеу // Майдан правдасы. – 1942. – 10 декабрь. – № 4 (302).

10. Файзи А. Үздік жауынгер // Майдан правдасы. – 1942. – 20 декабрь. – №7.

11. Қазақтар батырлықпен соғысуда // Майдан правдасы. – 1943. – 1 январь. – №1.

12. //Майдан правдасы. – 1943. – 14 январь. – №5.

13. Оңдасынов Н. Жексұрын фашистер талқандалады // Майдан правдасы. – 1942. – 13 декабрь. – № 5 (305).

Историческое и геополитическое значение Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.

II секция

Казахстан в огне Великой Отечественной войны. Подвиги казахстанцев на фронте и в тылу

III секция

Великая Отечественная война (1941-1945 гг.): история, факты и современное осмысление в исторической науке

IV секция

Историческая память о Великой отечественной войне как духовно-нравственная основа патриотического воспитания молодёжи

УДК 94(470.45)

СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫНЫҢ РОЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Алхамова Л.К.

*КазИИТУ қоғамдық-саяси пәндер оқытушысы
Орал қаласы*

Адамзаттың тарихындағы ерекше орын алған Ұлы Отан соғысындағы жеңіске биыл 75 жыл. Бұл соғыста 200 тәулікке созылған Сталинград шайқасының маңызы ерекше орын алады.

1942 жылдың маусым айының аяғында гитлерлік қолбасшылық Сталинградқа шабуылға даярлықты аяқтап болады. «Оңтүстік» армиясы екі топқа бөлініп, «А» тобы Кавказға, «Б» тобы Сталинградқа қарсы шабуылға қойылады. Генерал-полковник М. фон Вейхс басқарған «Б» армия тобына 4-ші танк, 2-ші және 6-шы далалық неміс және 2-ші венгр армиясы енді, соның ішінде генерал Ф.Паулюс басқарған 6-шы армия ерекше бөлініп алынып Сталинградқа шабуылдауға қойылады. 1942 жылы бұл армия құрамында 13 дивизия, 3 мың қару-жарақ пен миномет, 500-дей танк болды. Оны 1200-ге дейін самолеті бар 4-ші әуе флоты қолдады.

Сталинградты басып алу Гитлер үшін бірнеше себептерге байланысты аса маңызды болды. Ең алдымен, бұл Волгадағы басты индустриальдық қала Каспий теңізі мен солтүстік Ресейді

жалғастыратын өмірлік маңызы бар транспорттық маршрут болды. Екіншіден, Сталинградты басып алу Кавказға шабуыл жасап отырған неміс армиясының солтүстік флангісінің қаіпсіздігін қамтамасыз ететін еді. Үшіншіден, қала Сталиннің атымен аталғандықтан, Гитлер үшін оны басып алудың идеологиялық және насихаттық мәні болды.

Гитлерлік офицерлер оккупация жоспарын жасай отырып, «... тамызда танктер легі Европа мен Азияның арасындағы шекараға, Орал немесе Орынбордың бір жеріне жетеді» деп жазды. Осыған дейінгі зерттеулерде жазылғандай қорғаныс министрлігінің мұрағатынан табылған схемада немістер 1942 жылдың 1 қыркүйегінде Оралды, 10 күннен кейін Астраханьды басып алатынын көрсеткен [1,8].

Жаудың Сталинградты жаулап алу жоспарының айқын болуы мен олардың даярлығының аяқталуына орай Кеңестік қолбасшылық та қарсы шабуылға даярлану жоспарын жасайды. Сталинград бағытындағы кеңес әскерлерінің қорғаныс әрекеттері 125 күннің ішінде жүзеге асырылды. Бұл кезеңде екі қорғаныс операциялары жүргізілді. Оның біріншісі 1942 жылдың 17 шілдесінен 12 қыркүйегіне дейінгі аралықта Сталинградқа таяу, екіншісі 1942 жылдың 13 қыркүйегінен 18 қарашаға дейінгі аралықта Сталинградтың өзі мен оның оңтүстікке қарайғы жағында жүргізілді [2,207].

Волгадағы шайқасқа үш майдан шоғырландырылды. Олар: генерал-полковник Н.Ф.Ватутин басқарған Оңтүстік-батыс майдан, тыл басшысы генерал-майор Н.А.Кузнецов, генерал-полковник К.К.Рокоссовский басқарған Дон майданы, майдан тылының басшысы генерал-майор И.Г.Советников және генерал-полковник А.И.Еременко басқарған Сталинград майданы, тыл басшысы генерал-майор Н.П.Анисимов болды.

Сталинград шайқасына 2 миллионнан астам адам, 26 мың зеңбірек пен миномет, 2 мыңнан артық танк және соншалықты ұшақ қатысқан.

1942 жылы күзде Сталинград шайқасының жалыны Батыс Қазақстан даласына жетті. 1942 жылы күзде КСРО жоғарғы Кеңесі Төрағасының жарлығымен Каспий алабында соғыс жағдайы енгізілді, ал 1942 жылғы қыркүйектің 1-інде Атырау қорғаныс комитеті құрылды. 1942 жылғы қыркүйектің 15-інде облыстық мемлекеттік қорғаныс комитеті соғыс жағдайын енгізді, ал 1942

жылы 26 қазанда Орал аймағы әуе шабуылынан қорғану бөлімдерінің қатарына енгізілді.

1942 жылы 9 қазанда Қазақ КСР үкіметі Сталинград майданының ең жақын тылы Қазақстан екенін, сондықтан бұдан артық шегінетін жер жоқ екенін айтып, Сталинградты қорғаушы жерлестеріне үндеу тастады.

Батыс Қазақстанның Орда, Жәнібек, Казталовка аудандары тікелей Сталинград округына қараса, Сайхын, Шоңғай, Тасқала, Переметное, Қазақстан, шыңғырлау станциялары Сталинград майданына бағындырылды. Сталинград майданының көптеген әскери бөлімдері, материалдық, техникалық базалары Батыс Қазақстанда орналастырылды. Орал қаласында әскери байланыс торабы орналасты Батыс Қазақстан жерінде 70-ға жуық әскери госпиталь жұмыс істеді. Гитлерлік ұшақтар Сайхан, Жәнібек, Шұңғай станцияларына шабуыл жасап, 7 млн. сом шығын келтірілді.

Сталинград майданың барлық жағынан Қазақстан қамтамасыз етіп, Сталинградты қорғауға тікелей қатысты.

Еділдегі Сталинградты қорғау үшін болған ұрыстарға 5 атқыштар және 2 кавалериялық дивизиялар, бір атқыштар бригадасы, миномет полкі және Қазақ ССР-да құрылған механикаландырылған көпір құрылысы батальоны қатысты. Еділдегі Қала үшін шайқаста, көптеген жауынгерлермен қатар, 22-ші артиллериялық полктің қазақ-артиллеристері даңққа бөленді. Жеке құрам гитлерлік танктерді жою кезінде көрінбейтін ерлік көрсетті. 1943 жылы Орал облысынан майданға 24 қазақ қыз келді. Подольск қаласында снайперлік мектепті бітіргеннен кейін олар Сталинград майданына келді. Олардың арасында М. Тоқтамышева, Р. Муминова, А. Бекетова, М. Нестеренко, Е. Семенюк және басқа ержүрек қазақстандық қыздар болды. Олардың ерлік істері туралы даңқ бүкіл майданға кеңінен таралды.

Еділдегі Сталинград қаласы үшін үшін табанды күрес оның солтүстік-батыс жағалауларында да өрістеді. Бұл жерде Сталинград майданының әскерлері құрамында 1941 жылдың күзінде Қызылорда облысы мен Ақтөбеде құрылған 27-ші гвардиялық және 292-ші атқыштар дивизиялары да шайқасты. Олардың жеке құрамының төрттен үш бөлігі Балтық және Қара теңіз флотының әскери теңізшілерінен жасақталуына байланысты және тек төрттен бір бөлігі Арал балықшылары, Қазақстанның батыс және оңтүстік

аудандарының теміржолшылары мен колхозшылары болды, бригадалар теңіз атқыштары деп аталды.

Сталинград бағытындағы ұрыстарға сол кездегі Ақмолада құрылған және генерал-лейтенант В.И.Чуйков басқарған 64-ші армияның құрамына енгізілген 29-шы атқыштар дивизиясының сарбаздары мен офицерлері де қатысып, ерліктің ерекше үлгісін көрсетті.

Тек 1942 жылдың 24 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында Еділдің оң жағалауына 2 мыңға жуық солдаттар мен офицерлерді, 1 500 автомашиналарды, сонша арбаларды, жүзден астам тракторлар мен 70-ке жуық құралдарды жөнелтті. Ақтөбелік авиациялық шеберханалар ай сайын 30 ұшақ пен 160 авиамотор шығарды. Батыс Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары Сталинград майданының тапсырысы бойынша жылы киім-кешек, шаналар, ат жабдықтары өндірісін жолға қойды.

Сталинград шайқасында көптеген қазақстандықтар ерліктің үлгісін көрсетті. Мысалы, полковник Ғани Сафиуллиннің басшылығымен 73-гвардиялық дивизия 120 жау танкісі мен 800 автомашинасын жойған. Қатардағы Құрдыбай Көшербаев автоматпен 17 фашистті жер жасатандырған. Ұшқыш Н.Әбдіров, комсомол әскер Қ.Аманжолов, минометші Қ.Сыпатаев және тағы басқаларының ерліктері мәңгіге тарихта қалды.

Сталинград шайқасының барысында фашистік блок жалпылай алғанда 1,5 млн солдаты мен офицерінен, кеңес-герман майданында соғысушы өзінің барлық әскери күшінің 25%-нан, 2 мыңға жуық танкісі мен атқыш қаруынан, 3 мыңдай әскери және транспорттық самолетінен, 70 мыңнан астам автомашинасы мен орасан зор әскери техникасы мен қару-жарағынан, Вермахт пен оның одақтастары 32 дивизиясы мен 3 бригадасынан, айырылды.

Сталинград шайқасының жеңіспен аяқталуының орасан зор әскери-саяси маңызы болды. Ол ең алдымен Ұлы Отан соғысының ғана емес, екінші дүниежүзілік соғыстың барысына түпкілікті өзгеріс әкелді. Ол фашистік блокты жеңу жолындағы маңызды кезең болып табылды. Сталинград шайқасының барысында кеңестік Қарулы Күштер қарсыласынан стратегиялық инициативаны жұлып алып, оны соғыс аяқталғанша ұстады.

Сталинград түбіндегі жеңіс Кеңестер Одағы мен оның қарулы Күштерінің халықаралық беделін көтерді. Ал Сталинград түбіндегі аяусыз жеңіліске ұшырау фашистік Германия үшін өте үлкен

моральдық-саяси соққы болды. Ол Үшінші Рейхтің сыртқы саяси позициясын түпкілікті шайқалтты, оның одақтастырының сенімін жоғалтты. Жапония КСРО-ға шабуыл жасау жоспарынан бас тартса, Түркия да Германия тарапынан болған қысымға қарамастан фашистік блок жағынан соғысқа қатысудан бас тартып, нейтралитет сақтады.

Сталинград шайқасының ролі мен маңызы туралы көптеген белгілі қайраткерлер өз сөздерінде ерекше атап көрсетті. Кеңестер еліндегі АҚШ-тың бұрынғы елшісі болған А.Гарриман 1975 жылы берген сұқбатында «Сталинград шайқасы екінші дүниежүзілік соғыстағы шешуші шайқасқа жатады, қызыл Армия мен бүкіл кеңестер халқы сол күндерде ерекше батылдықты көрсетті. Сталинградтың құлауының мәнді салдарлары болатын еді. Бірақ Қызыл Армия мен бүкіл халықтың табандылығының арқасында ол берілмеді... Сталинград шайқасы екінші дүниежүзілік соғыс тарихында бетбұрыс болып қалады» деп айтқан[3,92].

Шын мәнінде Сталинград шайқасы ұмытылмайтын тарих, жаңа деректермен толықтырылатын тарих болып қала береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Букаткин П.Р. Западный казахстан-ближний тыл Сталинградского фронта в экспозициях военно-исторического музея ЗКГУ и в документальном кино «История победы»
2. Василевский А.М. Дело всей жизни.-М.: Политиздат, 1993.-329 с.
3. Алексеев М.Н. Мой Сталинград. М.,1995.-478с.

УДК 316.72

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ДИАСПОРА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

Әмен Асхат

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық
ұлттық университетінің 3 курс докторанты, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазіргі әлемнің негізі - өркениет пен халықаралық диалогтың дамуында маңызды фактор ретінде әрекет ететін әртүрлі қоғамдар

мен мәдениеттер арасындағы өзара ықпалдастықты нығайту. Адамзаттың дамуының ұсынылған сценарийлеріне сәйкес ол шекаралардың біртіндеп жойылуын және тауарлардың, адамдар мен идеялардың еркін ағындарының белсенділенуін күтеді, «... әлемді қиылысатын экономика, құндылықтар жүйесі мен фрагменттелген сәйкестіктер» күтеді.

Қазіргі қоғамның экономикалық, ақпараттық, мәдени және басқа да іс-әрекеттерін трансұлттыққа бағыттаудың қазіргі тенденциясы пост-ұлтшылдыққа әкеледі, яғни, ұлттар мен мемлекеттердің күрделі халықаралық құрылымдарда ыдырауы болады.

Жаһандану үрдістері антиномикалық сипатқа ие. Жаһанданудың мәдениетке ықпалына қатысты екі қарама-қарсы көзқарас бар. Біріншісі, жаһандандыру барлық әлемдік мәдениетті бәсеңдетеді және бірегейлендіреді, саны аз ұлттардың мәдениеті мен тілдері жоғалады, яғни мәдениеттің әмбебаптануы, ұлттық кодтарды жойып, ығыстыруы айқын. Бұл пікірге қарама қарсы көзқарасты көптеген зерттеушілер ұлттық, этникалық мәдениеттер үшін жаһанданудың жойқын күш туралы тұжырымдар тез шешілетіндігін айтады. Олардың пікірлеріне сай, керісінше, жаһандану процестері әралуандық пен айырмашылықтарды күшейте және көтермелей отырып, локалды ерекшеліктерге жарық түсіреді.

Қазіргі жағдай жаһандану нарықтық бәсекелестік принципін экономикалық өмір саласына ғана емес, құндылықтарға, дүниетанымға, яғни адамның болмысын анықтайтын нәрселерге таратқанын көрсетеді. Өзіндік этникалық мәдениеттер қазір мәдени "нарықта" өмір сүрудің қатаң жағдайына түсіп отыр. Коммерциялық жағынан тиімді және оңай қабылданатын нәрселер даму үстінде (постмодернистік дискурста осындай құндылықтар шынайы болып табылады: "Симпсондар философиясы" мен арзан поп-"шедеврлердің" шексіздігі).

Диаспора түсінігінен тыс қалыптасып келе жатырған трансұлттық қауымдастықтар пайда болуда. Мысалы, Қазақстандағы мыңдаған өзбектер, қытайлықтар, қырғыздар және қарақалпақтар (ҚР байырдан тұрып жатырған өзбектер, қытайлықтар, қырғыздар және қарақалпақтар бөліктерден басқалары) Қазақстанмен өз тарихи отандары арасында үнемі қозғалыста болуда, басқа сөзбен «екі Отанда» өмір сүруде.

Осылайша, жаһандану үдерістері диаспораның көші-қон сияқты негізгі факторына кейбір өзгерістер енгізуде. Аталған компоненттің диаспора үшін міндеттілігін мойындай отырып, қазіргі жағдай осы қауымдастыққа жаңа сипат беруді - "бұл мүлдем жаңа диаспора, мүмкін, жаңа атауға лайық болар", оның атажұртымен қарым-қатынасы мен байланыстарының сипатына жаңаша әсер етуде.

Бұл жаһандану әлеміндегі мүлдем жаңа, әлі дамып келе диаспора қауымдастықтарының пайда болуының айқын көрінісі. Егер олардың санының ұдайы өсуін, динамикасын, экономикалық, саяси, мәдени, интеллектуалдық байланыстарын, адамдар мен құрылымдардың әр түрлі байланыстарының («жоғарғы қабаттарға» дейін) шыққан елдерде де, қабылдаушы елдерде белсенділігін ескерсек олардың әлемде алатын орынын түсінуге болады. Әлем елдерінің ғылыми және саяси орталарында осыны түсіну барған сайын күшейе түсуде. Ендігі арада диаспора трансұлттық желінің негізі ретінде қарастырылуда. Трансұлттық корпорациялар немесе диаспора желілері сияқты мемлекеттік емес субъектілердің маңыздылығы соңғы кездері әлемдік саясат пен экономикада артып келеді. Сонымен, диаспораның аса маңызды дәстүрі - тарихи отанымен байланысты сақтауға ұмтылуы, кейбір өзгерістерге ұшырап, өмір сүруде және күшейуде. Диаспоралардың сақталып отырған пассионарлығының арқасында тиімді жұмыс істейтін желіні ресімдеу мен құрылымдаудың мүмкін болатын түрлі нұсқаларын жобалау механизмдерінің өміршең болып отыр.

Мәдениеттің барлық компоненттерінің ішінде ең айқын көрінген этникалық функцияларға ұлттық тіл ие. Тіл сонымен қатар ең маңызды функцияны орындайды, яғни ол сол тілде сөйлейтіндерді белгілі бір топқа жинақтайды. Көбінесе этностың негізгі бөлігі дәстүрлі тілге ие болады, ал одан бөлініп шыққан этникалық қауымдастық (диаспора) сыртқы ортада өмір сүруіне байланысты сол ортаның тіліне көшеді. Лингвистикалық қатынастағы біртектес емес диаспораларда әрбір тіл (соның ішінде осы қауымдастық үшін дәстүрлі емес) этнодифференциялаушы рөл атқарады. Сонымен қатар, тіл этникалық функцияны орындауды жалғастырады, өйткені этнос ішіндегі тіл коммуникациясы оның мүшелерінің едәуір бөлігінің екі тілділігінің арқасында қолдау табады. Осы диаспора үшін тілді саралайтын функцияны орындау оның белгілі бір тілдік ортақтығын көздейді.

Қоғамдық өмірде этникалық бірегейлендірудің күшеюі бүгінде ешкімге күмән тудырмайды. Бұл процестерде тіл маңызды рөл атқарады. Тілдің жеке құндылықтар шкаласында жоғары орынға ие болу кездейсоқ емес. Ана тілге деген адалдық сезімі оны сақтау үшін әрекет ететін күшті туғызады. Интерференцияға (басқа тілдің ықпалымен тілдегі өзгерістер) жауап ретінде "тілдің стандартталған нұсқасы сенім мен қасиетті символына айналады". Бірақ, мысалы, көпэтникалық қоғамда тұратын этникалық азшылықтардың өкілдеріне басым мәдениетімен қалай болуы керек? Егер олар осы мәдениетті бейнелейтін тілді білмесе, онда "бөтен", "екінші сортты адамдар " және т. б. деген сезімді сезінбеулері мүмкін емес. Оларға осы мәдениетті игеруге, оған тартылу жолдарын іздеуге тура келеді. Түрлі диаспоралардың өкілдері мынадай дислемманы шешуге мәжбүр: олардың балалары қандай білім алуы тиіс: Ана тілі мен мәдениетін үйренуді болжайтын ұлттық немесе стандартталған. Келер ұрпаққа білім беру түрін таңдау көптеген аспектілерді қамтиды, ал жасалған таңдау нәтижесі олардың болашақ тағдырына үлкен әсер етуі мүмкін. Сондықтан көп ұлтты қоғамда екі тілді (билингвисттік) білім алу қажеттілігі туындайды.

Этномәдени сәйкестендіру ұғымы ана тілін меңгеруді қамтиды, бірақ бұл көрсеткіш этностық тиістілік өлшемінен айтарлықтай ерекшеленеді-тілдік ассимиляция тез жүреді. Мысалы, елімізде қазақ тілін нашар меңгерген, бірақ ана тілін еркін меңгерген; екі тілді (кей кезде одан да көп) тең дәрежеде меңгерген адамдарды кездестіруге тура келеді. Сондай-ақ, өздерінің этникалық тектілігін сезіне отырып, ана тілінде сөйлей де, оқи да, жаза да алмайтындар да көп.

Басты немесе бастапқы болып адам өзін теңестіретін, оны өзімдікі деп санайтын, оның жеке қарым-қатынаста пайдаланатын тілі саналады. Яғни, бұл оның басымдық ретінде қолданатын тілі. Әдетте негізгі тіл- меңгеру уақыты бойынша бірінші болады. Екі тілде тығыз жеке байланыстарды қолдайтын екі тілді индивидтер (билингвисттер) көбінесе олардың өздерін қай тілмен теңестіру керегін білмейді. Олардың кейбіреулерінде, әсіресе бала кезінде екінші тілді меңгергендерде, бұл екінші тіл бірінші болады. Екі тілді қолданушыда екі тілдің қайсысы негізгі болып табылатынын, "басым" және олардың қайсысы интерференцияның басты көзі болып табылатындығын анықтау оңай емес. Қос тілділерінде

интерференция екі бағытта да болуы мүмкін. Сондықтан қандай тілдің негізгі, яғни - "үстем" болып табылатындығының психологиялық критерийлерін анықтау маңызды.

өзінің бірегейлігін, дәстүрлерін және тілін "қорғауға" ұмтылу барлық оң аспектілермен қатар, кейде әлеуметтік орта жағдайларымен ұмтылыстың өлшемсіздігін туындатады.

Тіл мен мәдениет арасында байланыс барын жққа шығаруға болмайды және тілдер адам топтары арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар әр түрлі мәдениеттерді білдіру нысаны болып табылады.

Тілді яғни мәдениетті де таңдауда шешуші рөлді, отбасы атқарады, ол балаға белгілі бір ұлтпен ұқсастықты тудырады немесе оны екі тілді, яғни полимәдениетті индивид қылып өсіреді. Отбасы жасаған бұл таңдауда тілдің беделділігі туралы сұрақ туындайды, егер бала өз ана тілінде сөйлейтін мемлекет, ұлттың бар екендігіне көз жеткізбесе ана тілін қабылдамауы да мүмкін. Сонымен қатар, қандай да бір тілді меңгерудің табысты болуы психологиялық факторларға байланысты. Сондықтан, ана тілін үйреніп жүрген балалардың Атажұртына баруы олардың өз мемлекеттерінде "әлсіз" тіл юолған ана тілін үйренудегі маңызды факторы болып табылады.

Әрбір диаспорада осы диаспора тобымен қабылданған және танылған және оның мүшелері үшін маңызы бар шығармалардың, құндылықтардың және мінез-құлық спо-иттерінің жиынтығы болады. Мұндай ортақтылық адамдардың кез келген қызметі ұжымдық, қоғамдық ретінде әрекет ететініне негізделген. Сондықтан алдымен қоғамдық сананың содан кейін даралықтық мазмұны қалыптасады. Демек, диаспоралық мәдениет феномені этностық функцияларды мәдениетпен орындаудың маңызды шарты болып табылады. Осы этникалық қауымға тән жалпы белгілер көбінесе этникалық ерекшеліктің негізгі тасымалдаушылары болып табылатын мәдениет салаларында (тіл, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, халық шығармашылығы, материалдық мәдениет және т.б.) сақталады.

Диаспора мәдениеттің этникалық, этносаралық және өзге де этникалық компоненттерінің жиынтығын сипаттайды. Тұтастай алғанда, диаспора қауымының мәдениеті оның жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Негізгі этикалық жүктемені оның қаңқасын құрайтын мәдениеттің тұрақты компоненттері орындайды. Осындай компоненттердің бірі- дәстүр. Түрлі ұлттардың салт-дәстүрлерінің мазмұнында ортақтық болғанымен, айырмашылықтар аз емес әсіресе, форма тұрғысынан. Ол олардың болмысының тарихи жағдайларымен, әрбір этносына тән табиғи факторлармен, психологиялық ерекшеліктермен анықталады. Бұл өндірістік, отбасылық, салт-дәстүрде, бұл қоғамдық, революциялық, жауынгерлік, ұлттық дәстүрлер, және де мәдени, әдеби, идеялық, сәулеттік, діни, фольклорлық және басқа да дәстүрлер. Дәстүр сабақтастығын, тұрақтылығын консервативті нәрсе ретінде қарастырмаған жөн. Мәдениет элементтерін ұрпақаралық берілуі барысында дәстүрлер жаңа жағдайларға бейімделеді, сондықтан өзгеріссіз қалмайды. Диаспоралық қауымдастықта өткен ұрпақтан мұра алған дәстүрлер өмір сүретінін, ал екінші жағынан - диаспора орналасқан ортадағы жаңа дәстүрлердің қалыптасуы орын алатынын ескеру қажет.

Мәдени дәстүрлерді әлеуметтік-стереотиптелген тәжірибе түрлері ретінде түсіну тек ұрпақаралық ғана емес, сонымен қатар оның ұрпақ ішілік берілуіне де жатқызуға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, "ұрпақ ішіндегі" стереотиптер (яғни бір ұрпақ бойы қалыптасқан) мен мәдени дәстүрлердің "ұрпақаралық" түрлері ажыратылуы мүмкін. ұрпақ ішіндегі дәстүрлер бірнеше жылдар бойы әрекет ететін дәстүрлерді білдіреді.

"Дәстүр" ұғымы "әдет" ұғымымен тығыз байланысты. Біріншісі екіншісіне қарағанда ауқымды: "әдет-ғұрыпты дәстүр деп атауға болады, бірақ дәстүрдің барлығы әдет-ғұрып болып табылмайды". Дәстүрдің ең жалпы түрінде практикалық маңызы бар қызметпен байланысты мінез-құлық нысаны ретінде анықталуы мүмкін. Әдебиетте көбінесе тұрмыс немесе отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы салт-дәстүрлер туралы түсінік басым болып табылады.

Дәстүр компоненттерінің бірі-диаспораның өмір сүруін әлеуметтік реттеудің тиімді құралы болып табылатын әдет-ғұрыптар (рәсімдер) болып табылады. Бұл бұқаралық мінез-құлықтың тарихи қалыптасқан формалары. Әдет-ғұрыптар диаспора үшін бірқатар маңызды функцияларды орындайды. Ең алдымен, ритуал ішкідиаспоралдық байланыстарды реттеу механизмінің рөлін атқарады. Сондай-ақ, дәстүрдің өміршеңдігі

оның одан әрі дамуына жаңа тарихи жағдайлардағы кейінгі ұрпақтардың тамырласатынын атап өту қажет. Диаспора мәдениеті әдетте өзінің тарихи отанынан бұрынғы мәдени дәстүрлерге механикалық емес, оларды өзгерген жағдайларға бейімдей отырып, әлемге жаңа құндылық қатынасына сәйкес жаңарта отырып, ойлай отырып, өзінің жаңа отанына көшіріп әкеледі. Тіпті оның өсиеттері бар дін сияқты мәдениеттің тұрақты феномені жаңа уақыт пен жаңа қоныс орнының сұраныстарына сәйкес өңделеді. Дінмен қатар, ұлттық мәдениеттің неғұрлым тұрақты феномендерінің бірі болып табылатын өмір салты жаңа қоныс үшін ашық және әлеуметтік болмыстың жаңа жағдайларына байланысты болып жатқан өзгерістерге қарай (бөгде-этикалық орта, тарихи Отаннан алшақтық) өзгеруге қабілетті.

Мәдени мұра иесі диаспораның түрлі әлеуметтік топтары ғана емес, сонымен қатар жекелеген мәдениет қайраткерлері: ғалымдар, әдебиетшілер, суретшілер, шеберлер, халық шеберлері және т. б. болып табылады. Өз қызметінде олар саналы немесе бейсаналы, жинақталған тәжірибеге, дәстүрлерге сүйеніп, олардың мінез-құлқы мен рухы жағынан өзіне жақындарын таңдап, сол арқылы мәдени үдерістің үздіксіздігі жүзеге асырылады.

Дәстүрлі құндылықтар ұлттық мәдениет аясында оларға әртүрлі көзқарасқа қарамастан, диаспора өмірінде үлкен рөл атқарады, ұлттың "тұлғасын" білдірушісі болып табылады, оның өзіндік ерекшелігін анықтайды.

Диаспора мәдениетінің деңгейі өздерінің мәдени мұраларын, құндылықтары мен жетістіктерін қаншалықты сақтауға қабілетті екендігімен анықталады. Мәдениет үнемі өзгеріп отырады. Дәстүр оқшау өмір сүрмейді, ол материалдық және рухани өмірдің барлық салаларында жаңа ізденістерге байланысты. Нәтижесінде диаспора мәдениеті титулдық ұлт мәдениетінің элементтерімен байытылады. Мысалы, монғолия қазақтары мал бағу дәстүрінде монғолдардан алғандары көп.

Сонымен, диаспоралық сана атажұртпен деген бауырлық байланыстың қандайда жағдай болмасын үзілмеуіне бағытталады, қайда тұрсада Атамекен ұлттық қауымдастықтың барлық мүшелерінің рухани бесігі, мәдени тұтастықтың рухани шипалы ағысымен белгілі бір ұлттың құнарлы ділін қоректендіретін қайнар көзі екенін түсінеді.

Этномәдени сәйкестендіру ұғымы ана тілін меңгеруді қамтиды, бірақ бұл көрсеткіш этностық тиістілік өлшемінен айтарлықтай ерекшеленеді-тілдік ассимиляция тез жүреді. Аз этникалық топтың тілі бұрынғы жағдаймен салыстырғанда ерекше жағдайда болады. Жаңа орында тілдің қоғамдық мәртебесі өзгереді, ол белгілі бір девальвацияға ұшырайды. Нәтижесінде поливалентті тілдер отбасы ішіндегі қарым-қатынас жасаушы тілге айналуға мәжбір болады.

Дәстүрдің өміршендігі оның одан әрі дамуына келесі ұрпақтардың жаңа тарихи жағдайларда дәстүрді одан әрі дамытуына байланысты болады. Диаспора мәдениеті әдетте өзінің тарихи отанынан бұрынғы мәдени дәстүрлерді механикалық емес, қайта ойластыра отырып, оларды өзгерген жағдайларға бейімдеп, әлемге жаңа құндылық қатынасына сәйкес жаңартып отырады. Диаспора мәдениетінің деңгейі өздерінің мәдени мұраларын, құндылықтары мен жетістіктерін қаншалықты сақтауға қабілетті екендігімен анықталады.

Өзінің дамуына қарай, диаспора әлеуметтік мазмұнмен толығады, әлеуметтендіріледі, олардың одан әрі өмір сүруінің шарттары мен нысандарын анықтайды. Мәдениет адамның диаспоралық болмысының әлеуметтік бастамаларының бірі болып табылады. Мәдениет осы әлеуметтік қоғамның белгілі бір даму деңгейін сипаттайды. Диаспораның мәдениетін құрайтын сапалық сипаттамалары (тілі, ғылыми-білім беру, эстетикалық, адамгершілік, рухани дамуы) оның қалыптасу, оның іс-әрекет шарттары мен тәсілдерін меңгеру шаралары болып табылады. Сонымен қатар олар осы диаспораның өмір сүрушілік күші болып табылады. Мәдениеттен тыс адамдардың қазіргі және болашағы мағынадан айырылады. Мәдениет, бірегейліктің арқасында диаспора қалыптасады.

Диаспоралардың толық қанды жұмыс істеуінде барлық мүшелерінің өздерінің ерекше қауымдастығын, яғни этникалық өзін-өзі тануды түсінуі маңызды рөл атқарады. Әр түрлі объективті және субъективті факторлардың өзара қиылысатын әсері, сайып келгенде, этникалық өзіндік сананың және онымен ұштасқан сезімдердің тереңдігін негіздейді. Бұл тереңдіктің дәрежесі белгілі бір этносқа саналы түрде жатқызылудан және басқа этностық қауымдастықтардың өкілдеріне қатысты жат екендігі сезімінен адамдарды өзінің жеке тағдырын бүкіл этнос тағдырымен байланыстыруға, өзінің жеке мүдделерін жалпыұлттық мүдделерге бағындыруға мәжбүрлейтін қатты дамыған этникалық сезімге дейін ауытқиды.

КУЛЬТУРНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ КАЗАХОВ РОССИИ

Амен А. Ж.

*докторант Евразийского Национального
Университета им. Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан Казахстан*

Казахи являются автохтоном евразийского пространства. В период до завоевания царского правительства места расположения русских казахов на современных территориях были местами их миграции, расселения [1, с. 262]. Административные реформы 20-90-х годов XIX века сделали казахов по-настоящему лояльными к Российской империи.

Вынужденная миграция казахов из Казахстана в Россию в советский период не включает казахов в зарубежную диаспору, поскольку казахи [2, с.117], как и другие народы Российской Федерации и Союзной Республики, были гражданами одного унитарного государства - СССР. Известно, что правопреемником СССР стала Российская Федерация, новый субъект международного права. Сегодня казахи, являясь гражданами новой демократической России, живут во всех регионах, автономных республиках и автономных округах Российской Федерации.

Следует отметить, что после распада Советского Союза Россия отказалась от переписи 1999 года по экономическим и другим причинам и смогла провести первую перепись только в 2002 году. Согласно Всероссийской переписи 2002 года, казахи составляют 653 962 человека (0,45%) [3]. Россия занимает четвертое место по количеству казахов, проживающих после Казахстана, Китая и Узбекистана.

По данным посольства Республики Казахстан в Российской Федерации, количество казахов, проживающих в России, превышает один миллион [4, с.7]. Местные власти в регионах, граничащих с Казахстаном, говорят, что число казахов отличается (то есть больше казахов), чем в официальной переписи 2002 года. Разумеется, речь идет о реальных и стабильных народах, в том числе о выходцах из Казахстана в советский период. Во время

первой переписи населения XXI века в России казахское население могло «исчезнуть».

Казахи - одна из 23 национальностей в России с населением более 400 000 человек. Эти 23 группы составляют 96% населения, чья культура и язык, согласно российским исследованиям, играют значительную роль в жизни государства. Казахская культура имеет свое место среди них. Казахи - одиннадцатый по численности населения в России и четвертый по численности тюркский народ после татар, башкир и чувашей. Численность казахов в России превышает удмуртскую, марийскую, кабардинскую, осетинскую, бурятскую, якутскую, еврейскую и калмыцкую национальные республики.

Отличительная черта российских казахов, российская идентификация и тесная связь с основным этническим составом Казахстана, по сути, казахские жители России-казахи, живущие на границе своего этнического ареала. Районы с густонаселенными казахами Республика Алтай, Алтайский край, Оренбургская, Омская, Астраханская, Саратовская, Челябинская, Курганская, Волгоградская области. Однако ни в одном регионе, приграничное с Казахстаном, не будет много казахов. Доля казахов в Астраханской области составляет 14,2%, Оренбургской — 5,76%, Саратовской — 3,98%, Омской — 3,93%, Волгоградской области - 1,68%. Особо следует отметить казахов Косагашского района, расположенных в южной части республики Алтай [3].

При описании культурно-образовательного потенциала казахов современной России необходимо обратить внимание на данные Всероссийской переписи 2002 года. Чаще всего историки, демографы, этнографы, социологи получали информацию о гражданстве казахов на основе последипломного образования.

Постсоветские федеральные законы «Об образовании», «О языках народов Российской Федерации» и «О национально-культурной автономии» позволяют осуществлять этнокультурное образование народов и этнических групп. Согласно Федеральному закону об образовании, базовое общее образование является обязательным, требование которого выполняется до достижения 15-летнего возраста. По данным Всероссийской переписи 2002 года, 97,77% казахов в возрасте 15 лет и старше имеют профессиональное и общее среднее образование. Казахи со специальным образованием - 240367. Выпускники вузов - 618,

высшее образование - 35878, частичное высшее образование - 9483, среднее образование - 122680 и начальное образование - 71708. 249053 казахов с общим образованием, среднее образование (полное) - 107588 человек, основное - 95294 и 1746171 человек с начальным образованием. Число казахов без начального образования составляет 10 883 человека, из которых 8 206 человек неграмотны. Во время переписи 2002 года 279 человек не указали уровень образования [3].

36 496 казахов имеют высшее и получали на тот момент ВУЗовское образование. По нашим оценкам, Республика Алтай отличается от остальных регионов по таким показателям, где 11,4% людей в возрасте 15 лет и старше имеют высшее профессиональное университетское образование. На втором месте Самарская область - 8,58%, ниже: Новосибирск - 8,22%, Челябинск - 8,04%, Республика Калмыкия - 7,18%, Курганская область - 6,94%, Алтайский край - 6,77 %, Саратовская область - 6,21%, Оренбургская область - 5,83%, Омская - 5,62%, Астраханская - 5,24% и Волгоградская область - 4,63% (очень низкая) [3].

Сельское казахское население в России больше городского населения (67,46%), поэтому мы остановимся на данных по сельскому населению. Отчеты показывают, что наибольшее сельское население казахов находится в Республике Алтай - 91,8%. 10,68% населения в возрасте 15 лет и старше имеют высшее и высшее образование. Этот показатель составляет 6,47% в Самарской области, 6,48% в Челябинской области, 5,69% в Республике Калмыкия, 5,56% в Курганской области, 5,22% в Саратовской области, 5,14% в Оренбургской области, Алтайском крае. в области - 4,98%, в Новосибирской области - 3,85% и в Волгоградской области - 3,53% и самый низкий показатель среди регионов (3,49%) в Омской области [3].

Российские казахи имеют более высокий уровень знания государственного языка страны, в которой они живут (98,2%), чем казахи из ближнего и дальнего зарубежья, и даже сельское население не отстает от городского населения. По данным Всероссийской переписи 2002 года, 99,1% городских (210894) и 97,8% сельских (431907) российских казахов говорят по-русски. Не случайно, когда казахов переезжают в Казахстан, они быстро адаптируются к казахскому обществу, потому что русский язык в

нашей стране создает огромную потребность в образовании, бизнесе, науке и образовании.

Казахи создают и модернизируют свою культуру в России, создают для этого благоприятные условия, анализируют существующие проблемы и предлагают пути выхода. По словам лидеров казахских национально-культурных общественных организаций в Российской Федерации, слабым является то, что казахи не знают казахского языка, а 28,02% казахов в России не говорят на казахском языке. Представители научной и педагогической интеллигенции, представители казахских национально-культурных общественных организаций пришли к власти, чтобы поднять вопросы модернизации казахской культуры, традиций и языка, и совместно работать над решением этих проблем. Основная причина неблагоприятной ситуации в казахском языке в 60-е годы XX в. национальные школы, национальные отделения вузов были закрыты. В течение двух десятилетий молодежь российских казахов была далека от своей национальной культуры [5, с. 62].

Изменение общей государственной политики СССР в отношении либерализации произошло только в 80-х годах, что привело к возрождению национального языка казахов в России. В 1986 году казахский язык преподавали в школах Астраханской области [6, с.113]. Хотя число казахов увеличилось до 63 345 в 1979 году и 73 428 в 1989 году (рост на 166%) до начала 1990-х годов, казахских школ не было [7, с.38]. В 1991 году в Энгельском педагогическом училище было открыто казахское отделение по подготовке учителей начальных классов. В межпереписной период с 1989 по 2002 год в Алтайском крае оставались две казахские средние школы. В рамках Алтайской государственности казахский язык может использоваться на официальном уровне в небольших районах, где проживают казахи.

Модернизация казахского языка шла медленно, не хватало учителей, учебников и учебных пособий. Например, в 1990/1991 учебном году в Саратовской области обучалось только 3582 человека, что составляет лишь 16,6% казахов, обучающихся в регионе. Астраханцы первыми в федерации подготовили национальные учебники для 1,2,3 классов (авторы Кульмагамбетова Б.Б., Исакова Ю.М., Урастаева Г.Д., Султаняева О.А.). Эта работа была проведена в короткие сроки при поддержке

Министерства образования Республики Казахстан и ученых и преподавателей нашей страны.

Обучение новым учебникам ведется с 1997 года, их апробация продолжается со студентами казахского факультета Астраханского педагогического колледжа, будущими учителями начальных классов и казахского языка. Казахский филиал школы, который был закрыт в 1967 году, был реорганизован в 1995 году и выпустил своих первых выпускников. В 1997 году казахский язык преподавали в 74 школах Астраханской области, большинство из которых были учениками Астраханского государственного университета и вузов Казахстана. В 2007 году Астраханский государственный университет подготовил первых преподавателей по специальности «Казахский язык и литература» на бюджетной основе [8, с.210].

Национальная образовательная традиция была восстановлена в дошкольных учреждениях и 55 школах Оренбургской области, где проживают 125 568 казахов, 19,2% российских казахов (уступая только Астраханской области). 50% населения Ясненского района Оренбургской области составляют казахи. Орский педагогический колледж № 3 с 1990 года готовит учителей начальных классов казахского языка [8, с.210].

Воскресные занятия и кружки казахского языка проводятся в Новосибирской, Омской, Тюменской и др. областях и в школах Юстинского, Лаганского районов Калмыкской Республики. 8 апреля 2009 года в г. Омске компанией «Джей энд Эс» был открыт Центр казахского языка "Болашак", цель центра — развитие и поддержка родного языка среди молодежи, ознакомление жителей г. Омска с основами казахской культуры, создание Клуба людей, желающих общаться на казахском языке, оказание помощи в изучении казахского языка для работающих с компаниями, общественными организациями и культурными центрами РК, а также помощь коммерческим организациям в переводе официальных документов администрации города и области, расширение культурных связей Омского региона с соседними областями Казахстана [8, с.213].

Несомненно, такие мероприятия создают этнический комфорт и поднимают культурный и образовательный уровень. Казахи, как граждане России и налогоплательщики, прежде всего нуждаются в государственной поддержке своего культурного развития с

гарантированными законными правами. По мнению российских исследователей, количество казахских групп, изучающих казахский язык, медленно растет, что связано с замедлением процесса возрождения национального самосознания, разразившегося в 1990-х годах. Однако следует отметить, что потенциал для привлечения казахов к изучению казахского языка велик: в 2002 году число казахов в возрасте 0-29 лет в России составило 324 904, что составляет 49,68% от общего числа казахов в России. Число казахов в возрасте 0-17 лет составляет 195 547 человек, что составляет 29,90% от общего числа казахов в России.

Казахская интеллигенция в России вносит большой вклад в сохранение и развитие национальной культуры, образования, расширение информационного пространства на родном языке. В Оренбургской области на телеканале «Жерлестер» готовится ежемесячный журнал на казахском языке. Оренбургское областное радио вещает на казахском языке в течение 50 минут. Среди 10 общенациональных газет Оренбурга есть казахская газета «Айкап», имеется Дом национальной культуры в Этнодеревне. Ассоциация казахстанцев Поволжья издает газету "Хабар". Астраханская областная газета «Ак Арна» была основана в 1991 году под руководством журналиста М. Утежанова активистами Казахского общества культуры и языка «Жолдастык». Они транслируют еженедельную радиопрограмму на казахском языке в течение 20-30 минут по программе Атамекен. Дастан Бейсебаев был составителем и издателем казахско-русской газеты в Омске. Говоря о передаче материалов из Казахстана, в том числе на русском языке, он сказал: «В течение нескольких лет (не менее 20 лет) мы пытались издавать различные газеты на казахском языке в Омске, наш опыт показал, что такие публикации, спонсируемые и распространяемые бесплатно, не длятся долго. Всегда было максимум 2 издания, поскольку спонсор не всегда заинтересован в инвестировании. Так что у нас другой подход. Почему казахи не могут потратить 10 рублей на казахскую газету и потратить ее на другие бесполезные вещи? Пока что этот подход окупился, и стабильность начала появляться» [8, с.214].

Многие казахи, которые способствуют развитию современной российской экономики, бизнеса, науки и образования, а также осуществлению государственной политики, хорошо известны в российском обществе. Среди них, например, известный ученый-

филолог, академик НАН РК Кенесбай Мусаев (Москва), историки-ученые Наилья Бекмаханова (Москва) и Турсын Султанов (Санкт-Петербург), лауреаты премии Правительства Российской Федерации в области науки и техники, москвичи, инженер-физик Жумабек Жилкибаев и Батырбек Нарбаев, Заслуженный врач Российской Федерации Ризек Нургалиев, Рыцарь Ордена Дружбы Никита Искаков (Астраханская область), министр строительства и дорог Астраханской области Табар Мукатов, Джаксыбаев Сагит, Заслуженный работник Республики Татарстан, Шумова Маргуба, Заслуженный учитель Республики Башкортостан, Молдажанова Гульжан, Депутат Государственной Думы второго созыва Жаксылык Алтынбаев (Челябинская область), оперный солист Большого театра России Нурлан Бекмухаметов, кинорежиссер Раиса Эрназарова (Новосибирск), член Союза художников России и Санкт-Петербургской академии современного искусства, художник Латиф Казбеков, поэт, прозаик, композитор Айгуль Комелькова (Челябинская область) и другие. Инженер-металлург Равиль Арыкбаев (Астраханская область) был награжден медалями «За активный вклад в развитие российской науки», «За укрепление статуса российской науки». Бахытжан Искаков (Москва), инженер-строитель, общественный деятель, который перевел романы В. Яна «Чингисхан», «Хан Бату», «К последнему морю», роман Бирюкова «Чайка» с русского на казахский язык. Кроме того, многих казахов можно привести в качестве примеров [8, с.214].

Известно, что во время переписи 2002 года гражданин страны смог показать, что он говорит на трех языках, что означает, что он может говорить, писать, читать или говорить только на этом языке. Отмечается, что русские казахи говорят на 46 языках (включая казахский) из 47 (кроме татского). Татарский является третьим языком после русского и казахского. 9909 казахов говорят на татарском, немецком - 9387, алтайском - 2869, башкирском - 2867, узбекском - 1875, ногайском - 684, азербайджанском - 445, украинском - 352, калмыцком - 273, карачаево-балкарском языке - 221, якутский - 180, кабардино-черкесский - 146, чеченский - 137, чувашский - 111 человек. В список языков также входят армянский, бурятский, кумыкский, грузинский, осетинский и тувинский. Знание языков показывает, что российские казахи имеют беспрецедентный опыт жизни в многоэтническом, многоэтническом и многоконфессиональном обществе. Толерантность,

умение свободно создавать диалоги, религиозная свобода показывают сильные стороны менталитета российских казахов [3].

В свою очередь, россияне, не представляющие казахскую национальность, в ходе переписи 2002 года выяснилось, что владеют казахским языком. Среди 21 национальностей на первом месте русские, из них 41759 владеют казахским языком. Далее: татары -19655 человек, башкиры — 5013, украинцы — 3547, чеченцы — 2575, немцы -2291, азербайджанцы — 1144, ингуши — 863, белорусы — 515, чувашаи — 508, марийцы — 289, армяне — 251, мордовцы -170, кумыкты -147, кабардинцы — 126, удмурты - 131, осетины -114, авары -68, буряты -84, якуты — 47, даргинцы — 35 человек [3].

Наши исследования показали, что казахи в России могут удовлетворить свои фундаментальные этнические потребности в сохранении и развитии этнокультурного образования. В этой работе необходимо помочь нашей стране как главному «создателю» казахского языка и культуры казахского народа. Это прямая и международная обязанность государства в соответствии с Конституцией: «Республика Казахстан заботится о национальных, культурных, духовных и языковых потребностях казахов, проживающих за рубежом». Только если это будет реализовано, российские казахи станут хорошими представителями нашей страны в России.

Литература

1. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. -Алматы: Гылым, 1997.;
2. Балтабаева К.Н. Казахи и татары Западной Сибири (1919-1932). — Алматы: Гылым, 1992.;
3. Всероссийская перепись населения 2002 года. URL: http://demoscope.ru/weekly/ssp/rus_nac_02.php
4. Казахи в России: Библиографический сборник в 2-х т. 2-е изд., испр. и доп. — М.: ВеГа, 2008. — Т.1.;
5. Наумова О.Б. Казахская диаспора в России: этническое самосознание и миграционное поведение // Этнографическое обозрение. — 2000.- № 3.;
6. Астраханские казахи: История и современность. К 10-летию областного общества казахской культуры и языка «Жолдастык»

(автор и отв.ред. Урастаева Г.Д.). — Астрахань: Изд-во ГУП ИПК «Волга», 2000.;

7. Ташпеков Г.А. Казахи Саратовской области: историко-этнографические очерки. — Саратов: Регион. Приволж.изд-во «Детская книга», 2002.;

8. Подсчитано по: Урастаева Г.Д. Национальное образование казахов в России. История и тенденция (на материалах Астраханской области) — Алматы: Гылым, 1998.

УДК 316.72(574/470.57)

КУЛЬТУРА КАЗАХОВ БАШКОРТОСТАНА

Асхат Жангелдиулы Амен
докторант Евразийского Национального
Университета им. Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, Казахстан

Некоторые зарубежные исследователи утверждают, что если у казахов и есть какая-либо основная ценность, то это идеология потомственных групп. Самое удивительное, что архаичная идеология продолжает процветать, несмотря на стремительную урбанизацию диаспор за рубежом и вопреки неизбежным ассимиляционным контр факторам среды проживания. Возможно, эти исследователи и правы, делая вывод, что казахи могут сохраниться как изолированная субкультура, пока они будут следовать концепции принадлежности к особым потомственным группам. Ситуация с родным языком у казахской диаспоры за рубежом практически та же, что и в урбанизированных регионах Казахстана. Подавляющее большинство городской казахской молодежи, как в Казахстане, так и за его пределами, владеет родным языком совсем неудовлетворительно. Именно поэтому старейшины казахской диаспоры считают проблему не востребованности родного языка у молодого поколения самой опасной. Старшее поколение знает как минимум два языка: родной и язык страны проживания. Второе и третье поколения казахской диаспоры знают родной язык все меньше и меньше. В решении

этой проблемы, например в Российской Федерации силами диаспоры стали открывать школы по изучению казахского языка.

Крепкие родственные связи, активные поездки в Россию и Казахстан, экономическое, культурное и интеграционное сотрудничество питают этническую культуру и самосознание российских казахов. Вместе с тем следствием разделения становится активное формирование российских казахов в особую, а, в силу специфики различных западных и восточных приграничных регионов, правильнее сказать в особые этнографические группы. Их отличает самосознание российских казахов, четкое осознание своей родиной России, а исторической родиной - Казахстана, в их среде происходит, с одной стороны, консервация архаичных обрядов и представлений, с другой, под влиянием российской, культуры включение различных элементов этнокультурной жизни окружающих их народов.

В Российской Федерации казахи проживают в 21 регионе: в Алтайском крае - почти 11 тыс. чел., в Республике Алтай - 12 тыс., в Астраханской области - 142 тыс., в Башкирии, - более 16 тыс., в г. Кургане - 15 тыс., в г. Москве - 20 тыс., в Мурманской - 552 чел., Новосибирской - около 12 тыс., Омской - 81,6 тыс., Оренбургской - 200 тыс., Самарской - 15 тыс., Саратовской - 80 тыс., Свердловской области - 9 тыс., в Татарстане - 2 тыс., Томской - 2 тыс., Тюменской - около 20 тыс., Челябинской области - 36 тыс., в Якутии - 1,5 тыс. человек. На историческом факультете МГУ издана программа сбора этнографической информации «Казахи России: современное этнокультурное развитие», исследование проводит Ларина Е.И. По заказу Ассоциации тюркских народов (АТН) в г. Омске, под руководством Ахметовой Ш.К. была разработана программа «Национальное возрождение и развитие тюркских народов Омской области» [1, С. 12.].

Казахи поселились в Башкортостане давно, до середины XIX века башкиры граничили с казахами Младшего Жуза, существовало общее пастбище и даже общий хан двух народов. С тех пор некоторые племена захватили землю, и сотни казахских семей нашли убежище в башкирских лесах, чтобы избежать политики коллективизации Советского правительства. Сегодня в Республике Башкортостан проживает около 4 тысяч соотечественников, которые сталкиваются со многими трудностями в сохранении национальной культуры и традиций, в других регионах России

казахи живут в приграничных районах с Республикой Казахстан и имеют хорошие связи с исторической родиной. А разрозненное поселение казахов на башкирских землях создает много трудностей в поддержании национального единства, а также оказывает негативное влияние на родство башкирского языка. Около 800 из четырех тысяч казахов в стране сосредоточены в южных районах Хайбулла и Зиншора, чьи национальные культурные потребности были основаны в 1999 году. Центр казахской культуры "Ак Бата" является ответственным за сохранение культуры народа.

Чтобы выяснить положение наших соотечественников, живущих за границей на протяжении многих лет, я провел социокультурные исследования среди казахов, проживающих в Уфе, Стерлитамаке, Комиртау и селах Нордовка, Зирган, Давлеканово, с целью выяснения культуры казахов Башкортостана, сохранения национальных традиций и обычаев. Согласно исследованию, большинство молодых людей в возрасте до 40 лет знают казахский язык только на уровне домохозяйств, и использование казахского языка среди молодежи города очень низкое. Когда казахских старейшин спросили, почему, они ответили, что основная проблема заключается в том, что казахский язык не преподают в школах, хотя и на факультативной основе, и что это также приводит к разрушению отношений с родственниками, живущими на родине. В целом, следует иметь в виду, что основной проблемой этнических меньшинств в России является сохранение национального языка. Казахская молодежь из Башкортостана, обучающаяся в Уфе Удивительно, что казахские студенты из Республики Казахстан плохо говорят на казахском языке, поэтому было бы лучше начать преподавать казахский язык для молодых людей, собирающихся учиться за границей, чтобы казахские диаспоры за рубежом изучали казахский язык. Другим негативным фактором является растущее число межэтнических браков, тот факт, что традиция Жеты-Ата, которая занимает яркое место в культуре казахского народа, сохранилась повсеместно, и в молодых казахских семьях, таких как Нордовка, много людей других национальностей. Старик по имени Айтемберды, который живет в селе Таз, имел отношения с родственниками, которые переехали в Атырау до 2000-х годов, но позже он потерял связь с ними и поселился в этом районе. В результате две невестки являются татарами, а один зять - русским. Старейшина сказал, что

молодые люди не используют национальные традиции в воспитании детей. В воспитании детей преобладают русские и татарские закономерности. XXв. 40 гг. в Башкортостане проживало более 30 000 казахов, а казахский язык широко использовался на рынках Салавата, Мелеуза и Комиртау, и эта тенденция прекратилась в середине 1960-х годов после того, как казахи переехали на свою родину, после чего в стране осталось только 2 000 казахов. Если языковая экспансия других наций невозможна, тогда риск рассеяния языка очень высок для рассеянных казахов. Когда их спросили, на каком языке они хотели бы выучить, только несколько молодых людей говорили на казахском и английском языках, в то время как большинство ответили на английском и других европейских языках. Существуют различия в речи местного населения по сравнению с казахами, проживающими в Казахстане. Здесь казахи говорят тихо. Например, более грубое «Жок» здесь произносится более мягко «Жук», а «Жаксы» означает «Жекси». Вероятно, из-за стиля речи соседних башкир и татар.

Сохранение культуры, а также языка оказывает существенное влияние на сохранение традиций: только треть наших соотечественников на башкирской земле говорят, что они стараются сохранить традиции в своих семьях, всегда выполняют ритуалы, а остальные говорят «нет». В личной беседе молодые люди сказали, что они не знают традиций, связанных с рождением ребенка, и старшее поколение сказало им, что они выполняют казахские обычаи только на свадьбах и религиозных праздниках с башкирским народом, например, во время Наурыза, Курбана и Ораза Айт. Удивительно, но праздник Корис-Айт, отмечаемый казахами Малого Жуза, способствует объединяющему феномену нации: в этот день наши соотечественники из ближнего и дальнего зарубежья собираются в великом шангаре династии, и этот праздник не ограничивается одним днем и длится в течение марта.

Мы опечалены тем, что искусство казахского пения среди казахов Башкортостана умирает, и я думаю, что причина в отсутствии казахстанских радио- и телевизионных программ. Пение на казахском языке на собраниях уменьшается из года в год, народных танцев почти нет. Когда их спросили, почему они не скачивают казахские песни из Интернета, молодые люди сказали: «Нам это не интересно, потому что ритм полностью восточный, а

современные казахские певцы не поют, как это делали наши бабушки».

Еще одним аспектом культуры является национальное меню, где башкирская и казахская кухня основана на животноводстве, мясо и молочные продукты хорошо сохранились, но приготовление кумыса совершенно забыто, присутствует симбиоз казахского, башкирского, татарского и русского меню. Еще одним проблемным вопросом в сохранении национальной культуры является отсутствие института бабушек, как и аксакалов. Влиянию подвергается так же дети и подростки родители, которых целыми днями на работе, а воспитанием как принято в традиционных семьях казахов не занимаются бабушки.

Оказывается, при изготовлении приданного для девушки казахи собирают обязательные для них атрибуты, в частности, сундуки, одеяла. Следует отметить, что казахи из соседней Оренбургской области стали изготавливать мебель и одеяла в национальном стиле и получали ответы, что их привезут оттуда. Когда мы входим в дома, появляются старые сундуки, шкафы и т. Д. Нередко одеяла сохраняются в форме, а орнаменты на недавно изготовленных одеялах часто украшены узорами башкирского и татарского народов. Наиболее распространенная цветовая гамма - желто-зелено-фиолетовая, орнаменты выполнены по прямым рисункам. Отрадно, что в Казахстане традиция разделения наследства, которая долгое время не сохранялась, осталась прежней.

Процесс давания имен башкир и татар широко распространен среди молодежи. Салават, Ринат, Рафхат, Зулфия и другие. Сразу заметно, что башкирские имена широко используются при именовании членов семьи, например, казахи часто называют своего отца - атай, дед - бабай. В связи с тем, что казахи Башкортостана в будущем имеют общее происхождение, существует большая опасность, что башкирский язык будет называться нашим родным языком, а потерявшие язык люди вряд ли сохранят национальную культуру. Завершая статью, мы должны помнить слова «каждый казах мой единственный» и помогать нашим братьям и сестрам в других странах соблюдать национальный кодекс.

Литература

1. Вестник Омского университета. Специальный выпуск 3. – Омск, 1996.
2. Балтабаева К.Н. Казахи и татары Западной Сибири (1919-1932). — Алматы: Гылым, 1992.;
3. Всероссийская перепись населения 2002 года.
URL:http://demoscope.ru/weekly/ssp/rus_nac_02.php

УДК 94(574) “1941/1945”

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ – САДЫҚ ЖАҚСЫҒҰЛОВ

*Байбулсинова А. С.,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты
Орал қаласы*

Адамзат тарихында ірілі-уақты он бес мыңға жуық соғыстар өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құрбандықтары мен алапаттығы жөнінен ең жантүршігерлігі екінші дүниежүзілік соғыс және олардың ажырамас бөлігі болған Ұлы Отан соғысы болды. Осынау қырғын тұрғысында жүздеген кітаптар мен мыңдаған мақалалар жазылды, естеліктер мен құжаттар жинақтары жарық көрді. Алайда сол бір сұрапыл соғыстың барысы мен зардаптары туралы қанша рет айтып, жазылса да, күрмеуі көп қан майдан мен тылдағы халықтың ерлігін айтып тауысу мүмкін емес шығар.

Қазақстанның басқа жерлердегідей, Батыс Қазақстан өңірінде де соғыстың алғашқы күні-ақ халық жиындары мен ереуілдер өтіп, онда жүздеген қазақ жастары Отанды қорғауға дайын екенін білдіріп, еріктілер тізіміне жазыла бастады.

Мысалы, мұрағат құжаттары бойынша соғыс басталған, яғни 22 маусым күні Ақтөбе қаласында өткен жалпы қалалық жиынға 20 мыңнан астам халық жиналса, Гурьев облысының Мақат кәсіпшілігінде -1500 адам, Форт-Шевченкода 3000 адам қатысқан жиындар өтілді. Батыс Қазақстан облысындағы іргелі оқу орны - Орал пединститутында да арнайы жиындар өткізілді [1, 14 б]. Мұндай жиындар Батыс Қазақстан аймағындағы барлық өнеркәсіп және оқу орындарында өткізіліп, мыңдаған еріктілер өз

өтініштерімен әскери комиссариатқа тіркеле бастады. Табиғатынан нәзіктілік пен батырлықты байқатқан батыстың жас өрен бозбалалары мен қыздары да ел басына қауіп төнген уақытта қайсарлық танытып, майданға аттануға өз өтініштерін білдірді. Гурьев қаласында да соғыстың алғашқы күндерінде 23 қыздан майданға жіберу туралы өтініш түссе, Ақтөбе қалалық әскери комитетке түскен 392 арыздың 90-ы отбасын құрған әйелдерден болды [2, 36 б.]. Бұл деректер арқылы Батыс Қазақстандықтардың Отанға деген патриоттық сезімдерінің жоғары болғандықтарын көруге болады.

Осындай соғыстың аласапыран алғашқы күндерінде өз еркімен майданға әскерге жазылып, ел қорғауға аттанған өрімдей бірқатар жастардың ішінде Батыс Қазақстандық Тасқала ауданының тумасы – Садық Шәкелұлы Жақсығұлов та болды. С.Ш. Жақсығұлов 1924 жылы Жаңақала ауданында дүниеге келген. Ол 1926-1927 жылдары Жаңақала ауданынан ауып, №20 ауылмен ата-анасымен Тасқала жеріне көшіп келгенде екі-ақ жаста екен [3, 2 п]. Кейін бала Садық Қисықсай, Жұмалы, Қалмақшабын, Аяқ деген ауылдарда өсіп ер жетеді. С.Жақсығұлов 7 сыныпты бітіріп, еңбекке араласып, ауылдың үлкендерімен бірге заманның қиындығына мойынсұнып, бар ауырпалық жүгін мойына алады [4, 5 б]. Яғни, №500-кеңшардағы қой сүтінен брынза (ірімшік) шығаратын цехта екі ауысымда мастер болып қызмет жасайды [3, 2 п]. Ол қызмет жасаған цехтағы станокта престелген ірімшіктер дымқыл кенеп матамен қымталып, Шипова станциясына келіп арнайы тоқтайтын әскери эшелондар вагонына тиелген. Әрбір өткен эшелондағы әскери киім кигендерге қызыға қарайтын және күнде өзі көріп жүрген елдің, тумаларының ауыртпалықтарын соғыстың кесірі деп кектенген. Сөйтіп, жастық жалынының екпініме, әлде өз тумаларымен қандас бауырларының кегі ме, әйтеуір, Садық әскери пункттің жазба үстеліне барып, майданға әскер қатарына қосылғысы келетінін білдіреді. Ақыры 1942 жылдың 7 қарашасында Садық Жақсығұлов 18 жасқа толып, Селолық Кеңестің төрайымы Хамида Үмбеталиеваға барып, әскер қатарына сұранып, өз еркімен жазылады. Сөйтіп, 1942 жылдың 10 қыркүйегінде бір топ ауылдас жігіттермен бірге әскери эшелонмен майданға аттанып кетеді. Алдымен оларды эшелонның әскерилері Орынбор қаласына алып келеді. Мұнда майданға жауынгерлер дайындайтын полктың кіші командирлерін жаттықтыратын курсқа

тіркеледі. Аталған курсты өте жақсы аяқтап, ол кіші сержант шенін алады. 1943 жылдың наурызында Садық Жақсығұлов қаруластарымен бірге майдандағы ұрыс алаңына аттанып, Отанды қорғаудағы ерен ерліктерімен атағы жер жарған 73-гвардиялық Сталинград Қызылтулы атқыштар дивизиясына келіп қосылады. Шілде айының орта шенінде жан-жақтан жаудың қыспағында қалған дивизия әскерімен бірге ұрысқа түседі. Ол осы уақыттан бастап I атқыштар батальоны, 209 Абгаировский гвардиялық I атқыштар полкінің миномет ротасында командир болып тайғайындалады [3, 2 п]. Бұл атқыштар полкі 73 Сталинград атқыштар дивизиясының құрамына кіреді. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатында жинақталған Садық Жақсығұловтың жеке құжатында (39 қор, 1 тізімдеме, 8 іс) Ұлы Отан соғысында 1943 жылы наурызда Далалық Воронеж және 2-ші Краинский фронтында шайқастарға бастап кіріскендігі жазылады. Ал жалпы Қызыл әскер құрамына 1942 жылдың 6 тамызында тіркелген [3, 2 п]. Аталған 73 гвардиялық Сталинград атқыштар дивизиясын 1943 жылдың 17 сәуірінен бастап генерал-майор Ғ.Б.Сафиуллин басқарады. Генерал-майор Ғ.Б.Сафиуллин ол кезде корпусты Днепрдан өткізіп, плацдармды ұстап, кеңейткені үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болады.

Сталинград операциясының қорғаныс шабуылдау шайқастарына Қазақстан жерінде құрылған 73 гвардиялық атқыштар дивизиясымен қатар, 27, 72 атқыштар дивизиялары, 292 және 387 атқыштар дивизиясы, 81 атты әскер дивизиясы, 74 теңіздік атқыштар бригадасы, 152 атқыштар бригадасы, 129 миномет полкі мен 156 дербес көпір құрылысы батальоны қатысты [5,49 б.] .

Әскерилердің құрамында жерлесіміз Садық Жақсығұловта болған. Сталинград түбіндегі Қазақстандықтардың ерлігі аңызға бергісіз. Оның ішінде Қазақстанның оңтүстігінде құрылған полковник Ғ.Сафиуллин басшылық еткен солдаттар мен офицерлер өшпес даңқа ие болды. Дивизияның төрттен бір бөлігі қазақ халқының қайсар, батыл ұлдарынан жасақталды. Сталинград шайқасында жауынгерлер жаудың 20 мыңға жуық солдаты мен офицерлерінің көзін құртты, 120 танкіні, 12 самолет, 800-ге жуық автомашиналарды жойды және жақты. Халық Комиссариатының Жарлығымен 38 атқыштар дивизиясы (алматылық) жауынгерлер ерлігі үшін 73 гвардиялық атқыштар дивизиясы болып қайта

құрылды, ал Сталинградтық қоғамдық ұйымдардың өтініші бойынша дивизияға Сталинградтық деген атақ берілді. Майдан даласындағы ерен ерліктері үшін 29 дивизия (ақмолалық) 72 гвардиялық болып қайта құрылды [5, 49 б.].

1943 жыл 14 наурызда полковник Ғ.Б.Сафиуллиннің шені жоғарылап, оның орнына дивизияны генерал полковник С.А.Козак қабылдап алады. Бұл Сталинградты азат етіп, дивизия әскерлерінің Белгород бағытына шыққан тұсы болатын [4, 20 б.]. Сол кезде миномет расчетының командирі кіші сержант Садық Жақсығұлов осы генерал полковниктің бастауымен Белгородтан Австрияға дейін қанды ұрыстарға қатысады. Кеңес Одағының Батыры атағын да осы генералдың тұсында алады. Осы қанқұйлы кезеңдердегі ұлтарактай болса да жерді сақтап қалуға тырысып, фашисттерге кері соққы берген жантөзгісіз жанталас кезеңнің қаһарманы Садық Жақсығұловтың өзі автобиографиясында «1943 жылы 25 қыркүйекте Полтава облысы, Кишинский ауданы, Старый Орлик станциясында әуеден және қарсы беттен атқылаған жаудың қардай бораған оғына қарамастан, әскерлер дивизия командирі С.А.Козактың басқаруымен Днепрді кешіп өте бастады. Днепр өзенінің суы аласұрып, қайнап жатты, құтты су бетінде жүзіп жүрген жауынгерлерді жұтып жатқандай, әрі өзеннің түсі бояп қойғандай қып-қызыл. Днепрден өз жауынгерлеріммен жанталасып алға ұмтылып, минометпен қарсы бетке атқылай бердім. Ойым тек көздеген объектіге жету және жау тылын бұзып өту болатын» [3, 2 п] – деп жазады. Келесі күні 26 қыркүйекте Днепрдің шығыс жағалауына орналасқан Кеңес әскерін ығыстыру үшін, фашистік Германия жүздеген атқыштар әкеліп төгеді. Қиян кескі шайқаста Садық Жақсығұлов қатты жараланады. Бірақ соған қарамастан өз жауынгерлерін бастап, шебер ұйымдаса отырып, минометпен жау тылына қарай оқ жаудырып, Кеңес әскерлерінің алға жылжуына жағдай жасайды. Сөйтіп немістер шабуылы тойтарылады. Алайда, шайқас мұнымен бітпейді. Үздіксіз әскерлерін әкеліп төккен неміс армиясы бұл дистанцияда қазан айының ортасына дейін табан тіресе шайқасады. 1943 жылдың 5 қазанында қарсыластар (немістер-А.Б.) жаяу атқыштар күшін күшейтіп, С.Жақсығұлов басқаратын І минорасчет атқыштар батальонына қарсы 8 рет шабуылға шығады. Бірақ, жаудың бұл әрекетіде сәтсіз аяқталады. Жауынгер минометшілерді басқара отырып, Садық Жақсығұлов ерлікпен күресіп, жаудың екі ірі калибрлі пулемет нысанын, 1 қару жарак

тиеген автомашинаны, 30 дан астам неміс солдаттарымен офицерін жайратады.

Сталинград түбіндегі жеңіспен басталған түбегейлі бетбұрыс 1943 жылдың жазында Курск иеніндегі шайқаспен аяқталды. Неміс командованияесі Курск доғасының Орел және Белгород аудандарынан соққы беру арқылы Кеңес әскерлерін талқандап, стратегиялық белсенділікті қолға алуды, сөйтіп соғыстың барысын өз пайдасына шешуді ойлады. Курск иенінде фашистік Германия 50, соның ішінде 17 танкілік дивизияны жинақтады. Бұл бағытта олардың танкілерінің 70%-ы, ал самолеттерінің 65%-ы шоғырландырылды. Әсіресе, немістер өздігінен жүретін «Фердинанд» қаруымен, «Тигр», «Пантера» сияқты жетілдірілген танкілерге үміт артты [5, 50 б].

1943 жылдың 10 қазанында Днепропетровск облысының Верхнеднепровск ауданы Бородаевск хуторы ауылының маңында неміс әскерлері көптеген танкімен, ауыр қозғалатын қаруларын орналастырып, «Фердинанд» деп аталатын өздігінен жүретін қарумен атқылап, С.Жақсығұловтың минометтерін жарып жібереді. Іс насырға шауып, Кеңес жауынгерлеріне үлкен қауіп төнген кезде, ол еш ойланбастан, тез әрекетке көшіп, алдыңғы шепке шығып «Фердинандқа» қарай ұмытылып, қолындағы гранатамен атқылып, оны талқандайды. Сөйтіп, жаудың басты нысаны ауыр қару-жарақ техникаларын біртіндеп қирата жайпап, әскерлердің алға қарай жүруіне жағдай жасап, немістерді кейін шегіндіре береді. Осы шайқаста алға қарай ұмтылған оның жауынгерлері алдыңғы шептен соққы берген өзгеде дивизиялармен тоғысып, жан-жағынан қысымға қалған неміс әскерлерін қирата жеңеді. Жау әскері позицияны тастап кетуге мәжбүр болады. Осы ұзаққа созылған және Отан соғысындағы ең ауыр шайқаста көрсеткен қайсар ерлігі үшін I атқыштар миномет батальонының командирі Садық Шәкелұлы Жақсығұловқа «Ленин ордені» мен Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі [3, 2-3 pp].

Өмір мен өлімнің арасында әр күн, әр сағат сайын оққа кеудесін тосып, жарық әлеммен қош айтысатын сәттерінде 1944 жылы 7 наурызда жазған хатында: «Құрметті көруші ақам, Ақ мамама, қарындасым Қанзиба, Қазима, інілерім Жанабай, Жанәбілге! ... Менде аман, денім сау. Сіздің ардақтай тәрбиелеп, өсірген арқаңызда міндетімізді сіздің қасыңызда өтемегенімен, Отан алдында өтеп, бүгін Советтер Союзінің ордені «Алтын

Жұлдыз» медалімен наградталдым. Қазіргі уайымым сендердің ауылдағы амандықтарың. Қош, мама, уайымдама. Балаң Садық. 7.Ш. -44.» десе, келесі бір хатында, қарт жауынгер Садық Жақсығұлов былай жазады: «... Нағыз театрдың ішіндемін. Жері өте қолайсыз, таулы, орманды, батпақты, бірнеше қиындықтарды өтіп, негізгі міндетімді орындап келемін...10 күні сағат 2-де ұрыс даласында атыс позициясынның ішінде отырып, жазып отырмын, атака алдында. Қош, аман болыңыздар. Жазған балаң – Садық. 10.04. 45 жыл.» [3, 55 п].

Осы бір сұрапыл кезеңде, 1943 жылғы күзде Украинаның Ұлы өзеніндегі шайқаста Днепрден бірінші болып өткендердің қатарында қазақстандық 8,72, 73 гвардиялық дивизиялары болды. Осы ұрыста ерлік көрсеткен 2 438 жауынгер Кеңес Одағының Батыры деген атаққа ие болды. Соның ішінде 123 жауынгер қазақстандық болатын. Киевті 1943 жылдың 6 қарашасында кеңес әскерлерінің жаудан азат етуі – Днепрдегі жеңістің басты нәтижесі [5, 51 б]. Курск түбінде неміс-фашист әскерлерін талқандаудың нәтижесінде Қызыл Армияның Днепрге шығуына байланысты Отан соғысындағы түбегейлі бетбұрыс аяқталды. Қызыл Армия фашистік Германияны толық талқандауға дейін стратегиялық белсенділікті өз қолына мықтап ұстады. Бұл шайқастар 50 күнге созылғанымен, техникамен жабдықталуы, соғыс қимылдарының өрістеуі ешқандай шайқасқа тең келмейді. Бұған екі жақтан 4 миллион адам, 69 мың зеңбірек және миномет, 13 мыңға жуық танкі, 12 мыңдай самолет қамтылған. Шайқаста 30 неміс-фашист дивизиясы талқандалған. Ерлігімен батылдығы үшін, 100 мың Кеңес жауынгері ордендермен, медальдармен марапатталған [5, 52 б.]. Сол шайқастарда ерлікпен күрескен Кеңес жауынгерлерінің жартысына жуығы өз өмірлерін осы майдан даласында қиды. Ал құдайдың қалауымен, жерлесіміз, Садық атамызға еліне оралып, бала шағасының қасында, халқының ортасында болып, еліміздің бейбіт күні мен жұрттың тыныштығын, мемлекетіміздің тәуелсіздікке қол жеткізген асқақ мақсаттары орындалған бақытты сәттерін көруді бұйырыпты. Соғыстан еліне 1946 жылы аман-есен оралып, денсаулығына байланысты запастағы офицер болып тіркеледі. 1960 жылы Қазақ КСР КП ОК жанындағы облысаралық партия мектебін аяқтап, өмірінің соңына дейін бар ғұмырын елге қызмет жасауға арнайды. 2009 жылдың 30 қаңтарында өзінің өсіп-өркендеген мекені Тасқала ауданы, Каменка ауылында дүниеден озып, сонда жерленген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аликулова Н.С. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Орал, 2010. – 30 б.
2. Қозыбаев М.Қ. Майдангер студенттер. – Алматы, «Мектеп», 1985.
3. Садық Жаксыгулов// БҚО ММ 39 қор, 1 тізімдеме, 8 іс.
4. Нәріков А. Садық Жақсығұлов. Очерк. – Орал, 2010. 48 б.
5. Төлентаева К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. –А., «Зият-Пресс», 2006. -168 б.

УДК 94 (574) “1941/1945”

КАПИТАН ҚАБИ НҰҒЫМАНОВ

Байбулсинова А. С.,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті,

тарих ғылымдарының кандидаты,

Нұржанов А. Е.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Тарих мамандығының I курс

магистранты

Орал қаласы

Қанша уақыт өтсе де халық зердесінде мәңгі сақталатын тарихи оқиғалардың бірі - Ұлы Отан соғысында елі мен жерін фашист басқыншыларынан қорғап, аман алып қалу жолында қасық қаны қалғанша күрескен аға ұрпақ ерлігі ешуақытта ұмытылмақ емес. Тарихи деректерге сүйенсек, Ұлы Отан соғысы кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды. Шайқасып жатқан армия қатарына 1196164 қазақстандықтар қосылды. Соғыс жылдары КСРО бойынша 11600-дей адам көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Соның 518-ге жуығы қазақстандықтар, 100-ге жуығы қазақтар болды. Шамамен 4 млн. 101 мың қазақстандықтар майдан шебінен оралмады [1, 12].

Қазақстандықтар қанішер жаумен қасық қанын аямай осылай шайқасты. Олардың бәрін ортақ іске, жеңіске, отанына деген сезім

біріктірді. Дүниежүзін шарпыған жиһандық соғыс қазақ халқының батыр ұлт екенін баршаға мәлімдеді. «Правда» газетінің бетінде 1941 жылы қазан айында «Қазақтар» деген мақала жаияланды. Бұл Мәскеуді қорғаған 8-гвардиялық Панфилов атындағы дивизия туралы еді. Осы бір жеңіс күндері көрнекті совет жазушысы И.Эренбургтың 1942 жылы жазған «Қазақтар» деген мақаласында: «Бір фриц маған: «Біз жойқын күші бар қаһарман солдаттармен беттестік, оларды алған бетінен тіпті ешқандай оқ та, өрт те тоқтата алмады. Олар тура бізге қарай дауылдай дүркіреп жүгіріп келе жатты. Мен бұлардың қазақ деген халық екенін естідім. Бұрын мұндай халық бар екенін естімеп едім...» деді. Неміс басқыншылары көп нәрсені білмеуші еді. Оларға Ресейдің үлкен екенін ғана айтып, ал ол елде көптеген халық тұратынын айтпаған. Шығыстың кең даласында ежелден қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығында көндіккен ержүрек адамдар тұрады.

Осындай қазақтың жайсаңдары мен батырлары шоғырланған киелі мекендердің бірі – Көнекеткен жері. Осы елді-мекеннің тұрғындарының айтуынша Көнек - деген түйенің мойнынан жасалған үлкен шелекті (қауға) қолына алып, осы жердің тұрғын қызы көлге суға барғанда көнегін суға батырып алады дейді. Осыған байланысты сол кезден бастап шағын көлдің етегінде орналасқан елді мекен Көнекеткен ауылы деп аталып кеткен. Тарихы тереңде жатқан сан қилы елімізге белгілі тарихи тұлғаларын тудырған, ұрпаққа өнеге боларлық оқиғаларға толы бұл жердің жыры бір басқа әңгіме. Ал бүгінгі айтқымыз келген ойымыздың кейіпкері осы Көнекеткеннің тумасы атақты Капитан Қаби атанып, соғыста ерлігімен, Кеңестік қысымның қыспағында жүріп қайсарлығымен ел аузында сақталған Ұлы Отан соғысының ардагері – капитан Қаби Нұғыманов туралы сыр.

Сонау 80 жылдардың соңы 90 жылдардың басында біздің бала күнімізде бір бойы кішірек келген пысық қарт «От имени партий и правительства» деп үнемі самбырлап, әскери тәртіппен аяғын мығым басып, жұртты өзіне қаратып дауыстап айтып жүретін. Бәріміз бұрыла қалып, бұл келе жатқан Капитан Қаби ғой аңтарылып тұрып қалатынбыз. Сол пысық қарт аузында алласы түспейтін дүмше молдалар секілді, «От имени партий и правительства» деп үнемі аузынан тастамай, өзінің жарты ғұмырын арнаған Отан қорғау жолындағы әскери борышын

абыроймен атқарып, артындағы ұрпаққа мәңгі өшпес ерліктің ізін салып кеткен – Нұғыманұлы Қаби Нұғыманов болатын.

Капитан Нұғманов Қаби Нұғыманұлы осы Көнеккеткен ауылында 1906-1998 жылдары өмір сүрген. 1930 жылдары Батыс Қазақстанда Жаңақала ауданы аумағынан көптеген ауылдар облыстың солтүстігіне қарай көшіріледі. Осы жылдары Жаңақаладан «Жігер» деген колхоз 1932 жылы Көнеккеткенге әкеліп орналастырылады. Осы келген ауылдармен бірге Қаби Нұғымановтың әке-шешесі, яғни отбасы келсе керек. БҚО мемлекеттік мұрағаты қорларыда сақталған П-37 қорда Қ.Нұғымановтың жеке ісі сақталған. Онда өзінің қолымен автобиографиясы келтіріліп жазылған Қазақстанның Орталық Атқару Комитетіне жолдаған хатында: «Мен, Нұғыманов Қаби 1906 жылы кедей шаруа отбасында Батыс Қазақстан облысының Жанқала ауданы №10 ауылында дүниеге келдім» -деп жазады [2, 42 п.]. Әкесі Нұғыман Уталиев сол кездегі БҚО Чапев ауданының Сталин атындағы сельхозартелінде (Көнеккеткен ауылының 30 жылдардағы атауы – А.Б.) қызмет жасап, 1946 жылы ауырып қайтыс болады.

Қаби Нұғымановтың әскери қызметі 1928 жылы басталған. Бұған дейін әкесі Нұғыман өзі сауатсыз болса да, күнімен-түнімен артельде қызмет жасап баласының білім алып, оқу оқуына жағдай жасаған.

1923-1928 жылдары ол әскери мектепте оқып білім алады. Ал 1928 жылы Қаби Нұғымановты Қызыл әскер қатарына алғанда, сауатты болғанын ескеріп, бірден офицерлер дайындайтын мектепке жолдайды. Содан, ол 1928-1944 жылдар аралығында Қызыл Армия қатарында қызмет жасайды. 1928-1931 жылдар аралығында САВО (Среднеазиатский военный округ – А.Б.) Тәуелсіз Қазақ Кавалериясы дивизиясы құрамында қатардағы курсант, кейін бөлім командирі, командир көмекшісі ретінде қызмет атқарады. Осы жылдары осы кавалерияның атты әскер полкінде Орта Азияны басмашылардан азат ету соғыстарына қатынасады. 1931 жылдың 31 қыркүйегінен – 1934 жылдың қараша айы аралығында САВО Ленин атындағы әскери училищеде оқып, курсант ретінде әскери білімі мен әскери өнерін шыңдайды. 1934 жылы оқуын аяқтап, САВО кавалериялық полкінің взвод командирі болып тағайындалады.

Осы 1931-1934 жылдары Алматы қаласындағы қазақ атты әскер полкінде жүріп, ерекше қабілетімін, әскери өнерімен көзге түседі. Ол сол кезеңдегі оқиғаларды есіне түсіре отырып: «Бұл полктің командирі Әліби Жангелдин, комиссары Семен Қаратаев, эскадрон командирі Жақсығали Жоламанов болды» - деген сөздерін ауылдың көнекөз қариясы Сапар Ғабдулов жазады. Орта Азиядағы басмашылардың көзін құрту жолындағы соғыстардың талайына қатынасып, Киевтің айрықша әскери округіне ауыстырылады. Осында Пархименко атындағы 14 атты дивизия құрамында, 1939 жылы Батыс Украинаны Кеңес үкіметінің жауларынан азат ету жолындағы қиян кескі шайқастарға қатысады (БҚОММ П-37 қор, 1 тізімдеме, 8-іс, 2 п.).

Қаби Нұғаманов Ұлы Отан соғысы басталған 1941 жылы сол Украина жерінде жүріп араласып кетеді. Еліміздегі тұтқиылдан тап берген фашистік Германияның мұздай қаруланған әскерінің қарқынына қарсы сол бір алғашқы күндердің бастап, шынын айтқанда «жалаң қол» кіріскендердің қатарында болды. Әр сүйем жер үшін жан аямай соғысқан кеңестік әскердің сапында зор шығындарға қарамастан, қолындағы бар сайманын алып, өз қарамағындағы жауынгерлерімен бірге майдан алаңдарында соғыс жүргізеді.

1941 жылдың қыркүйегіне дейін ол алтыншы Армияның 97 атқыштар дивизиясының құраманда барлаушы болып қызмет етеді. Украина жеріндегі немістердің басқыншылық шабуылдарына қарсы 97 атқыштар дивизиясы ерекше табандылық көрсетеді. Қ.Нұғаманов мұндай ауыр жанкешті шайқастардың бірінде қатты жараланады. Денесіне снарядтың 21 жарқыншағы қадалып, 14 тісі опырылып, ол ауыр жаралы күйінде Полтава облысының Орлице далалық госпиталында жатады. 1-2 айдан кейін Орлицеге немістер басып кіріп, ондағы барлық жаралыларды түгелдей тұтқындайды. Бұл 1941 жылы күзде болатын. Госпиталдағы жаралыларды медсанитарлық қызметшілермен бірге көмекші кеңестік әскер басқа жерге көшіріп үлгере алмайды. Сөйтіп, барлық медсанитарлармен бірге емделуші жауынгерлер түгелдей немістердің қолана көшеді. Бірақ неміс басқаншылары оларға тимей, не ойлағандары барын кім білсін, оларды Полтава облысының Хорол қаласындағы мүгедектер үйіне әкеліп қамайды. Ешқайда шығармастан, оларды тамақпен қамтамасыздандыру, сол сияқты ем-дом жасау барасын тоқтатпаған. 1942 жылдың мамыр айына дейін олар тұтқында

ұсталады. Кейін немістер жұмысқа жараған жауынгерлерді іріктеп алып, сол маңайдағы бұрынғы «Серп и молот» колхозының жеріне жұмысқа салады. 1943 жылы қыркүйек айында тұтқындағы жауынгерлерді іріктеп, Германия жеріне көшіреді. Бірақ жауынгерлер жолшыбай Новгород-Авалынский қаласының маңындағы ұрыстарда бытырыңқылықты пайдаланып, 36 жауынгер неміс бақылаушыларынан қашып шығады. Олар бірнеше күн жүріп, орман тоғайдың арасымен қашып отырып, орыс қызына кездеседі. Қыз партизан отрядының барлаушысы болып шығады. Ол қашқын жауынгерлерді жасырын жолдармен алып жүріп, өзі қызмет ететін партизан отрядына алып келеді. «Кот» деп аталатын сол партизандардың құрамына қосыла отырып, қайтадан соғыс алаңына оралып, неміс басқыншыларына қарсы күрес тобымен бірге жасырып партизандық әрекеттер ұйымдастырып, орман арасындағы деревняларды азат етуге күш салады. Халық кекшілдерінен құрылған «Кот» партизан отрядын сол кездегі КСРО Жоғары кеңесінің депутаты Олексенко басқарады екен. Қаби Нұғымановтың әскери сауаттылығы барын, ержүрек, батылдығын байқаған партизандар басшысы оны взвод командирі етіп қояды. Кейін үш айдан кейін кескілескен шайқастар көрсеткен ерлігін ескеріп, Қаби Нұғымановты «Смерт фашизму» аталатын партизан барлаушылар отрядының командирі етіп тағайындайды.

Капитан Қаби Нұғыманов партизан отрядын 1944 жылдың мамыр айына дейін басқарап, кейін Кеңестердің негізгі әскери күшіне қосылады. Бірақ Украина жеріндегі Кременец қаласының түбіндегі алапат шайқастардың бірінде ол тағыда сол аяғынан (сол жамбасы-А.Б.) қатты жарақат алып, ауыр жағдайда Киев қаласындағы госпитальда жөнелтіліп, онда бір ай емделеді (БҚОММ П-37 қор, 1 тізімдеме, 8-іс, 2 п.).

Ұзақ уақытқа созылған емдеу шараларына қарамастан ол майдан далаларына шығып, жауынгерлік тапсырмаларды мүлтіксіз орындап отырады. Ол үшін оған жоғары командованиеден бірнеше марапаттауларда ұсынады. 1945 жылы мамырда неміс басқыншыларын жеңіп, Ұлы Жеңісті тойлатып, көптеген кеңес әскерлері елге оралғанда, Қаби Нұғыманов соғысты жалғастырып, Жоғары командованиенің тапсырмасын орындау үшін Қиыр шығыстағы фашистік Жапон армиясына қарсы күреске аттанады. Қиыр Шығыстағы Квантун армиясын талқандаған кескілескен шайқастарға қатынасып, оның үстіне бұған дейінге алған ауыр

жарақатыда сыр беріп, соған қарамастан барлық жауынгерлік тапсырмаларды мүлтіксіз орындап, тек 1947 жылы ғана туған еліне аман-есен оралады.

1947 жылдан бастап, Сталин атындағы колхозда (қазіргі Көнеккеткен –А.Б.) шабыншы болып жұмыс жасайды. Елге келгеннен кейін тәжірибелі жауынгер, капитан өзінің ел алдындағы борышын өтеу мақсатында соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмыстарына қатынасады. Еңбекте тынымсыз, еңбекқор сарбаз Кеңес үкіметінің халық шаруашылық көрмелеріне (ВСХВ-А.Б.) қатынасып, арнайы марапаттауларға ие болады. Отбасын құрып, ауылдағы шаруашылық істерге белсене қатысады (БҚОММ П-37 қор, 1 тізімдеме, 8-іс, 4 п.). Алайда Кеңес әскерінің қатарында 1928 жылдан бастап алынып, одан 1947 жылға дейін азат ету майдандарында ерлікпен соғысып, Отан алдындағы борышын мүлтіксіз атқарған сарбаз, капитан Қаби 1948-1957 жылдар аралығында немістер қоланда тұтқында болдың деген желеумен жала жабылып, барлық әскери марапатаулар мен әскери шенінен айырылады. Кейін ұзақ уақыт бойы ауылдастары мен әскери майданда серік болған қаруластарының, әскери командиваниенің көмектерімен 1957 жылдың 16 тамызында ресми түрде кінәсіздігі мойындалып, капитан шенін қайтып алады. Қазіргі кезде артында ұл-қыздары қалып, Ораз Исаев атындағы орта мектепте (Ақжайық ауданы) оның есіміне берілген арнайы бұрышта оның ұстаған заттары мен әскери шинелі сақтаулы тұр. Қай Нұғыманов өзі айтатындай «от имени партий и правительства» кеңес жауынгерлері сапында Отаны үшін адал әскери қызмет атқарып, елге капитан болып оралған ардагер, батыр қазақ ұлдарының бірі де бірегейі болатын. Ел үшін атқарылған әрбір еңбек, ел үшін төгілген әр тамшы қан, жасампаз ерлік қана емес, Отан үшін абырой мен болашаққа өнегі, яғни ұрпақ үшін жасалған салауат екендігі даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абишев Г. Қазақстан в ВОВ (1941-1945). – Алма-Ата ,1958.
2. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты П-37 қор, 26 тізімдеме, 349 іс.
3. Төлентаева К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. –А., «Зият-Пресс», 2006. -168 б.

«ВКЛАД ТРУЖЕНИКОВ ТЫЛА ПРИУРАЛЬЯ В ВЕЛИКУЮ ПОБЕДУ»

*Батыргалиева А.Б.,
преподаватель общественных дисциплин
Уральского технологического
колледжа «Сервис»
г.Уральск*

В воскресенье, 22 июня 1941года, на рассвете войска фашистской Германии без объявления войны внезапно атаковали всю западную границу Советского Союза и нанесли бомбовые авиаудары по советским городам и воинским соединениям.

В начале войны фашистской Германией были оккупированы важные экономические районы СССР, где проживало свыше 40% населения, производилось 68% чугуна, 58% стали, 60% алюминия, 38% зерна, добывалось 63% угля. В этих условиях резко возросла роль Казахстана в производстве угля, нефти, цветных и черных металлов, продукции сельского хозяйства и машиностроения. [1].

В тяжелых условиях вынужденного отступления Красной Армии в начале войны началась эвакуация населения и промышленных предприятий на восток. 14 предприятий и учреждений из прифронтовой полосы были полностью или частично размещены в Уральске. Началась перестройка экономики на военный лад. [2, с.40].

Осмысливая уроки этого события, нельзя не видеть, что к числу важнейших источников победы Советского Союза следует отнести единство фронта и тыла. Воюющая армия опиралась на поддержку гражданского населения, получала от него постоянную помощь, в том числе - финансовую и материальную. Многие зависело и от организаторской деятельности местных органов власти, их своевременных и решительных действий, умения сплотить людей, направить на выполнение задач, выдвинутых войной. Эффективное решение проблемы организации помощи фронту было напрямую связано ролью государства и его органов. Это был исключительный патриотический подъем среди граждан

Советского Союза проявленный в формах добровольных взносов населения, которые дали на нужды войны 94,5 млрд.рублей .[3.с.1].

Как и весь Казахстан, Западный Казахстан внес неоценимый вклад в дело Победы.

В соответствии с постановлением СНК КССР от 27 августа 1941 года районные сельские и аульные Советы области начали перестраивать свою работу на военный лад.

По состоянию на 1 января 1941 года в область входили такие районы: Бурлинский (16 сельсоветов), Джамбейтинский (13 с/с), Джангалинский (23 с/с), Джаныбекский (12 с/с), Зеленовский (10 с/с), Каменский (9 с/с), Казталовский (14 с/с), Каратюбинский (14 с/с), Приуральный (12 с/с), Теректинский (16 с/с), Урдинский (19 с/с), Тайпакский (18 с/с), Фурмановский (9 с/с, в феврале 1936 г. Сламихинский район переименован в Фурманов), Чапаевский (20 с/с), Чингирлауский (17 с/с). Всего по области было 222 сельских советов.

Анализируя подборки газетных статей «Приуральская правда», за первые месяцы начала Великой Отечественной войны и сохранившихся в Государственном архиве ЗКО можно сказать, что каждый гражданин Приуралья внес личный вклад, приближая победу. Наряду со сводками Совинформбюро на первых страницах газеты в передовице «В народный фонд обороны страны» можно было в каждом номере прочитать статьи о помощи простых граждан фронту.

В газете «Приуральская правда» от 26 августа 1941г (вторник) говорится: «Трудящиеся Чингирлауского района в фонд обороны отчислили 1820 рублей, сдали 800 центнеров хлеба и 5 голов скота. Фекла Максименко из колхоза «Красная звезда» сдала одного бычка, Дедюра и Дурасов из артели «Труд» по одному барану и по 15-20 трудодней. 65 –летний Затия Мурзагалиев, отец 2 красноармейцев отчислил в фонд обороны 40 трудодней.

Рабочие, служащие и специалисты каракулеводческого совхоза Тайпакского района ежемесячно отчисляют свой однодневный заработок, что составляет свыше 4.000 рублей. Сейтбаев отдал корову, 100 рублей деньгами и на 400 рублей облигаций. Ержанов, Хабашев, Кунанов, Куанбаев, внесли по одной телке и по 500 рублей деньгами. [4. с.1].

Вот что пишет газета «Приуральская правда» от 28 августа 1941 года в статье «Все силы и средства на укрепление обороны

страны»: «Колхозники сельхозартели им.Ворошилова, Урдинского района решили отчислять в фонд обороны от 7 до 15 трудодней в месяц, каждый до уничтожения фашизма. Помимо этого, они дали 50 баранов, 500 центнеров хлеба и 5000 рублей денег.

Работники Урдинского райкома КП (б)К, прокуратуры, детского дома им. Дзержинского и других организаций решили ежемесячно до победоносного окончания Отечественной войны отчислять в фонд обороны страны 3- дневный заработок.

Всего по району в фонд обороны передано 31111 рублей деньгами, 674 центнеров хлеба, 96 голов скота, на 8170 рублей облигаций, госзаймов, 1 центнер сливочного масла, 42506 трудодней» [5. с.1].

3 сентября 1941 года газета «Приуральская правда» в передовице «В народный фонд обороны страны» писала: «На днях в поселке Федоровке (Теректинский район) состоялось собрание женщин, работающих в райкоме КП(б)К и райсовета депутатов трудящихся. Обсуждался вопрос о помощи фронту, о создании фонда обороны страны. В результате этого собрания, на следующий же день многие женщины сдали в отделение государственного банка ценные вещи, в сберегательную кассу – облигации государственных займов.

Тов. Воробьева сдала в фонд обороны 2 золотых зуба, 2 серебряных рюмки и облигаций на 1000 рублей, тов. Мистина – 2 серебряные ложки и на 930 рублей облигаций, тов. Исмагулова – серебряные украшения. 55 –летняя домохозяйка Симакова Л.П. сдала золотые и серебряные вещи: серьги, кольцо, брошь и.т.д.

Женщины заявляют: ничего не пожалеем для разгрома злейшего врага человечества- немецкого фашизма.» [6. с.1].

Каждый гражданин оказывал посильную помощь, даже те, у которых не было на руках ничего, отчисляли трудодни. Учитывая, что заработная плата колхозникам не начислялась, а за свой труд они получали продуктами сельского хозяйства. Отдавая свои трудодни колхозники сами жили впроголодь или голодали. Простые граждане, которые своим самоотверженным трудом и девизом «Все для фронта, все для Победы!» изо дня в день приближали победу над фашизмом. Но главное – каждый гражданин понимал, что только вместе можно победить врага. Каждый из наших земляков- тыловигов – это герои, хотя они никогда не считали себя героями.

Вспоминая события тех лет, мы не только отдаем дань памяти и искренней благодарности своим землякам, совершавшим боевые и трудовые подвиги в годы Великой Отечественной войны, но и призываем молодое поколение помнить быть достойным того поколения, на чью долю выпали огромные испытания.

Литература

1. Интернет-ресурсы: <https://e-history.kz/ru/publications/view/3081>
2. Историко - краеведческие материалы «На Яике - городок, на Урале- город» - Уральск, 1988 – 123стр.
3. Юрьева К.И. Государственная политика по организации помощи фронту в период Великой Отечественной войны 1941-1945 гг.: на материалах Нижнего Поволжья. - Астрахань, 2012 – 205 с
4. Государственный архив ЗКО «Приуральская правда» от 26 августа 1941г. подшивка №85
5. Государственный архив ЗКО «Приуральская правда» от 28 августа 1941 г. подшивка №85
6. Государственный архив ЗКО «Приуральская правда» от 3 сентября 1941 г. подшивка №85

УДК 94(574) “1941/1945”

ЖАЙЫҚТЫҢ МЕРГЕН ҚЫЗДАРЫ

Боранбаева Б.С.

*М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университетінің доценті, т.ғ.к.*

Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтың ұлдарымен қатар қыздары да жауынгер, қаһарман халықтың ұрпағы ретінде өздерінің парасаттылығы мен Отанға деген адалдығын әлемге паш етіп, қазақ халқының ұлттық мінезі мен қасиетін дүниежүзіне танытты.

Бүгінгі күні еліміз тәуелсіздігінің арқасында отандық тарихшылар ұлт тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан деректік

негізде зерттеп, Қазақстан тарихының ақиқатын ұрпақ санасында қайта жаңғыртуға мүмкіндік алды.

Үш ғасырға жуық отарланушы ұлт болған қазақтың ұлттық тарихындағы көлеңкелі беттердің бірі – ХХ ғасырдың қасіреті саналатын Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихы. Демек, біз Кеңес Одағы армиясының құрамында ерлермен бірге сұрапыл соғысқа қатысып, ерліктің теңдесі жоқ үлгісін көрсеткен қазақтың жауынгер батыр қыздарының санын, олардың әскери өмір тарихын, соғыстан соңғы тағыдырын әлі анықтай алмай жүрміз. Бұл бүгінгі тарихшы ғалымдарды ойландыратын басты мәселелердің бірі болуға тиісті екенін айтуға тиіспіз. Өйткені жоғарыда айтылғандай, ұлттық тарихымызды тарихи архив деректері негізінде зерделеу мүмкіндігі туған бүгінгі уақыт кезеңінде біз, қазақ халқын әлемге танытқан қазақтың батыр қыздары Мәншүк, Әлиямен шектеліп қалмайтынына көзіміз жетіп отыр. Бұл пікірімізге, республиканың өзге өңірлерін айтпағанда, тек Батыс Қазақстан облысы, яғни, Жайық өңірінен шыққан қазақ қыздарының жауынгерлік ерлігі дәйек болады.

Жалпы, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлерден уақыт 110 түрлі мамандықты игеруді талап еткен екен. Ал біздің Оралдық жауынгер қазақ қыздары дәрігерлік көмек көрсетумен бірге, сол уақыттағы қыздар арасында сирек кездесетін ұшқыш, мерген, пулеметші, десантшы, барлаушы, байланысшы, әскер көлік жүргізуші сияқты әскери мамандықтардың барлығын да меңгере алған.

Мәселен, оларды тізбектесек: Кеңес Одағының Батыры пулеметші М.Мәметова, 300 рет әуе шайқасына қатысқан қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы Х.Доспанова, С.Г.Жунин басқарған 8-партизан бригадасының байланысшысы, Қызыл Жұлдыз ордені мен «Отан соғысының партизаны» жауынгерлік медальдерінің иегері партизан қыз Н.Байсеитова, Қызыл Жұлдыз ордені мен «Ерлігі үшін» медалінің иегері әскери медициналық қызмет капитаны Роза Момынова, І гвардиялық шабуылдаушы авиациялық полктің 12 мәрте Бас қолбасшы Сталиннің алғыс хатына ие болған радиобайланысшылары Ғ.Рахметова, З.Наушева, сондай-ақ мергендер Одер өзені маңындағы шайқаста дзот үнін өшіріп «ІІІ дәрежелі Даңқ» орденіне, «Ерлігі үшін», «Қаһармандығы үшін» т.б. медальдарға ие болған мерген М.Кожаметова, «Ерлігі үшін» медалінің иегері ефрейтор Мәлика Тоқтамышова, Карель

майданында партизан бөлімшелерінің ІІ класты «эфирдің сұр мергені» атанған байланысшы М. Мақатова, Қиыр шығыс майданында қыз-келіншектерден құралған аэродром қызметін қамсыздандыру батальоны құрамында десантшы, барлаушы болған Қ.Ермекова, Ә.Ниязғалиева, М.Үмбетова, Қ.Ахметова, әскери көлік жүргізуші С.Саркулова, соғысты Кореяның Хедзио қаласында аяқтап, Бас қолбасшының алғыс хатына ие болған байланысшылар Қ. Алмағамбетова,

Ү. Есқалиева сияқты майдангер қыздар ерлігі ұрпаққа өнеге.

Ал ұзақ жылғы ғылыми ізденістер мен Ресейдің Қорғаныс министрлігі Орталық архиві құжаттары негізінде біз, ержүрек мергендер қыздарды Әлима Габдушева, Мүслима Кожаметова және Мәлика Тоқтамышева мақаламыздың арқауына айналдырып отырмыз.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған кезде Орал қаласындағы баспаханада қызмет жасайтын, Ә.Габдушева мен М.Кожаметова жұмыстан кейін кешкілік қалалық әскери комиссариат жанынан ұйымдастырылған қысқа мерзімді курсқа қатыса жүріп, 1943 жылы 24 маусымда өз еріктерімен Оралдық 24 қызбен бірге майданға аттанады. Олардың қатарында Мәлика Тоқтамышева да бар еді.

Орал қаласының әскери комиссариаты оларды 1942 жылы мамырда Бүкіл Одақтық Лениншіл Жастар Одағының бастамасымен ұйымдастырылған Москва маңындағы Подольск Орталық мерген қыздар мектебіне жөнелтеді. Кеңес Одағының Батыры мерген қыздар Ә.Молдағұлова мен Т.Н.Барамзина осы мектептің түлектері еді. Дерек көздеріне қарағанда бұл мергендер мектебі сұрапыл майданға 2484 нәзік жанды шебер атқыштарды дайындап аттандырған екен. Демек, олардың арасында жайықтың 3 мерген қазақ қызы да болған еді.

Енді жауынгер қыздарға жеке тоқталатын болсақ, Майдангер Әлима Габдушева 1924 жылы 30 маусымда Орал облысы, Орда ауданында дүниеге келген. Оның өз қолымен жазған ғұмырбаянында: «1938 жылы күзде ағам фин соғысына кеткенде мен мектепте оқып жүрген едім. Әке шешемді асырайтын адам болмаған соң байланысшы болып жұмысқа орналастым», - деп жазады.

1944 жылы 2 наурызда Подольск мергендер мектебінің дайындық курсын тәмәмдаған ефрейтор мерген Ә.Габдушева І

Балтық майданы, 145 Витебск атқыштар дивизиясының 403 атқыштар полкіне жіберіледі. Ә.Габдушеваның майдан даласына келген 18 күннен кейін «Ерлігі үшін» медальіне ие болғанын: «145 атқыштар дивизиясы 403 атқыштар полкінің «Жеке құрамын марапаттау туралы» Бұйрық. 24 сәуір.1944 ж. №013. Майдандағы әрекет етуші Армия. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы атынан: 1944 жылы 6 сәуірде Орталық мерген әйелдер мектебінен келіп, аз ғана уақыт ішінде 5 фрицтің көзін жойып үлгірген ефрейтор – мерген Габдушева Әлима «Ерлігі үшін» медальімен марапатталады» деген мына архив дерегінен анық көреміз .

Ал төрт айдан соң, яғни, 24 шілде күні №403 атқыштар полк командирі мерген Әлима Габдушеваны «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынып: «Отан үшін күресте жауынгер Габдушева ержүрек батылдығымен көзге түсті. Онкиты селосы үшін болған ұрыста винтовкасымен 3 гитлершілдің көзін жойып, жаяу әскердің ілгері жылжуына көмектесті. Қорғаныс жағдайындағы оның есебіне өлім құшқан 18 фриц тіркелді», - деп құжат толтырған. Міне, осы ұсыныс негізінде 1944 жылы 12 тамыз күні ефрейтор Габдушева Әлиманың неміс басқыншыларына қарсы күрес майданы басшылығының жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындауда көрсеткен қажырлығы мен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапаттау туралы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының бұйрығы шығарылады. Осылайша не бәрі төрт ай ішінде өзін әскери мамандығының шынайы иесі екенін танытқан қазақ қызы, сол 1944 жылы коммунистік партия қатарына қабылданады.

Қызыл Жұлдыз ордені, «Ерен ерлігі үшін» медальінің иегері Әлима Габдушева соғысты жеңіспен аяқтап, 1946 жылы елге оралған соң бейбіт еңбекке араласты. Соғыс ардагері К.Көпжасаровпен жанұя құрып, 5 бала тәрбиелеп өсірді. Ардагер ана 63 жасына қараған шағында 1987 жылы 28 желтоқсанда дүниеден озды. Алайда қазіргі кезде Ақжайық ауданы Базартөбе ауылында тұратын ұрпақтары жауынгер мерген аналарын мәңгілік мақтаныш етеді.

1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғысқа қатысқан кеңестік патриот қыздар туралы Кеңес Одағының Маршалы К.К. Рокоссовский: «Когда я думаю о том, что свершил наш народ в те суровые и грозные годы, меня особенно восхищает стойкость советских женщин, на долю которых выпали столь жестокие испытания. Рядом с мужчиной шагали они по пыльным дорогам

войны, вязли в болотах, ходили в штыковые атаки. Девушки – снайперы днем и ночью выслеживали врага на самом переднем крае», деп жазған еді. Әскери қолбасшының тебірене жазғанындай, жеңіс күнін жақындатуға үлесін қосқан Кожяхметова Мүслима (оның соғыс жылдарындағы аты-жөні Галиева Мария) 1924 жылдың 15 тамызында Орал облысы Жымпиты ауданының Қособа елді мекенінде дүниеге келген.

Жоғарыда айтылғандай 1943 жылы 24 маусымда Оралдан аттанған 24 қызбен бірге Подольск Орталық мерген қыздар сәтті аяқтап, ефрейтор шеніндегі мерген Мүслима Кожяхметова 1944 жылы 24 сәуірде I Балтық майданы 379 атқыштар дивизиясының 1253 атқыштар полкіне жіберіледі. Майдан даласына келген қазақ қызының ерекше мергендігін мына деректер дәлелдейді: «Гвардиялық мерген ефрейтор Кожяхметова Мария 1944 жылдың 13-26 қараша аралығында полкте болған уақытында ерекше батылдығымен батырлығын көрсетті. Ол орналасу жағдайының қолайсыздығына қарамастан 2 неміс солдатының көзін жойды. Оның жауынгерлік есебіне көзі жойылған 14 неміс тіркелді». Осылайша аз ғана уақыт ішінде көзге түскен мерген М.Кожяхметованы әскери басшылық: «В бою ведет себя отважно, отличный снайпер» деп бағалап, «Ерлігі үшін» медальіне ұсынады.

Мүслима (Мария) қаруластары Нина Лобковская, Клавдия Киселева, Руфа Ускина, Фатима Мухамбетжановалармен бірге Ресейдің солтүстік батысындағы қалың орманды аймағындағы Михайловск, Святые горы, Псков қалаларын азат етуге қатысып, одан соң соғысты Эстония, Латвия, Польша жерлеріндегі шайқастарға қатысып, «Қаһармандығы үшін» «Варшаваны азат еткені үшін» және соғысты Берлинді алу операциясымен аяқтап, «Берлинді алғаны үшін» медальдарына ие болады.

Мерген қыз М.Кожяхметованың Одерден өту шайқасында көрсеткен ерлігін архив дерегі былайша дәлелдейді: «При прорыве обороны на реке Одер обеспечила прожекторной установки, после выхода из строя I –го номера. За проявленный героизм награждена орденом «Славы» 3-степени.

Ал бұл туралы өз қолымен жазған ғұмырбаянында майдангер ана: «Майданда орден жайдан-жай беріле салмайды. 1945 жылдың басында Одер өзені үшін қатты шайқас болды. Менің қасымдағы Зинаида Викторовна екеуімізге взвод командирі жаудың пулеметшілер дзотын басып алуға бұйрық берді. Бұйрықтың аты

бұйрық. Екеуміз 500 метр жерге 2 сағат еңбектеп жеттік те қарлы шұңқырға келіп жайғастық. Енді жаумен арамыздағы қашықтық – 150 метр. Түннің ысқырық аязы болса күшіне басып, буып тұр. Немістер болса беті жабылған окопқа тастай болып бекініп алған. Түннің бір уақытында қуатты прожекторлар жарқылдай бастады. Осы кезде жер бауырлап жатқан біз жаудың жасырын жамылғыларымен бүркелген техника шоғырын байқадық. Нысананы үздіксіз атқылап, бірінші тапсырманы абыроймен орындадық. Ертеңіне күн батуға таянғанда ғана Зина екеуміз көмейінен снарядтар төккен жау дзотының үнін өшірдік. Осыдан соң біздің жақ жаппай шабуылға шықты. Алайда мен осы жерде контузияға ұшырадым. Бұл мен үшін естен кетпес күн болды. Кейін маған осы шайқастағы ерлігім үшін «III дәрежелі Даңқ» орденімен марапаттады», - деп баяндайды

Осылайша ержүрек мерген қазақ қызы 1945 жылы маусым айында Жеңіспен елге оралды.

Бейбіт өмір тірлігіне белсене араласқан ол Оралдағы ет комбинатының мал сою цехында 36 жыл бойы еңбек етіп, зейнет демалысына шықты. Отбасында екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Алайда тағдыр оған Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесін тойлауды жазбады. Майдангер ана 1998 жылы өмірден озды.

Мәлика Тоқтамышева 1924 жылы Орал облысы Жымпиты ауданында дүниеге келген. Мәлика мектеп қабырғасында жүрген кезінде-ақ Қызыл Крест және Қызыл жарты ай қоғамы бөлімшесінің белсенді мүшесі болады.

1939 жылы байланысшы (телефонистка) болып жұмыс жасаған Мәлика ел басына күн туып, Ұлы Отан соғысы басталған уақытта Жымпиты ауылынан Оралға келіп, «Красный Октябрь» фабрикасына жұмысқа орналасады да, 1943 жылы соғысқа аттанғанға дейін осы жерде қызмет етеді.

Мәлика Тоқтамышева жоғарыда айтылғандай, құрбылары Әлима Габдушева мен Мүслима Кожаметова үшеуі Оралдан майданға бірге аттанған еді. Олар Орталық мерген қыздар мектебінде бірге оқыды. Алайда оған тағдыр құрбыларымен бірге аман-сау елге оралуды жазбады...

Курсты аяқтаған бір топ қыздармен бірге ефрейтор мерген Мәлика Тоқтамышева 1944 жылы 2 наурызда I Балтық майданы, 145-атқыштар дивизиясы, 599-атқыштар полкына аттанады. Мәлика анасына айтқан уәдесін бұзбай майданнан үзбей хат жазып

отырды. Енді мерген қыздың жауынгерлік өмірінің хабаршысындай болған сол хаттарға кезек берсек: «Біздің тұрған жертөлеміз сондай жылы, төрт қыз бірге тұрамыз, біріміз апа, біріміз сіңлі, құрдас сияқты өте тату доспыз. Бір күні жауды торуға шыққанбыз, фрицтің мергені бізді көріп қалыпты, оны менің серігім Люба мұрттай ұшырды. Одан басқа екеуміздің біреумізге қатер еді», - дейді. Мәликаның үйіне жазған тағы бір сондай хатында: «Андуда отырғанда кірпік қағуға болмайды. Өйткені сені де ол андуда. Сондықтан көз жазып қалмау үшін қадала қарап отырмасаң жаныңа қауіп. Бір мезгілде көзіме бір нәрсе қылаң ете қалғандай болған еді. Қасымдағы серігім Люба кірпігін қағуға келтірместен қағып сұлатты. Сұлай түскенін анық көрдім. Ол жалғыз емес. Серігін мен де күтудемін. Сұлағанның қасына біреу бауырымен жер сызып келіп аударам дегенде, өзі аударылып түсті. Бұл екеуі разведчик группасынан екен. Бізге енді өте мұқият болу керек. Сонымен сол күнгі отырған жеріміз құтты болып санды он беске жеткіздім. Люба да қылаң еткенін қиып түсіп, қайтіп қарсы шықпайтын еткен көрінеді», - деп қуанып жазады.

Сондай-ақ оның: «Мен Отан алдында берген антымды орындауға әрқашан дайынмын. Бүгін жер кепеден шығып, винтовкамды кеудеме қысып тұрып, дұшпан позициясына көзім талғанша ұзақ қарадым. Бірдеңе қарсы жақтан қылаң еткендей болды. Винтовкамның дүрбісінен қарап едім, арнайы бүркеме халат киген немісті көзім шалды. Көздеп тұрып, атып қалғанымда неміс солдаты құлап түсті. Мұндай қуанбаспын. Тіпті ыңылдап әндеткім келіп кетті. Қазір мен өлтірген фашист солдаттарының саны он беске жетті. Біздің бәріміздің де фашистерге деген ыза - кегіміз сағат сайын қайнай түсуде. Совет адамдары қандай ержүрек, батыр десеңізші! Сіздермен кездесер күн де алыс емес. Ия, алыс еместігіне мен кәміл сенемін. Дұшпанның жуық арада жер құшары сөзсіз. Әзірге сау болыңыздар, сүйікті ата-анам, бауырларым», - деп жазған хат мазмұнынан қазақ қызының патриоттық бітім болмысын анық көруге болады.

Ал 1944 жылы 1 май күні жазған хатында Мәлика: «Сендерден бүгін екі айдан бері күткен хатты алып, амандықтарыңды біліп, сондай қатты қуанып қалдым. Міне, қазір жорықтан келіп отырмын. Мереке құрметіне санын санағаным жоқ. Люба екеуміз талайын жайратып құрбан еттік. Немістер өздері бізге жердің бірінші қабат бетінде қадамдап жүруге ешқандай мүмкін емес,

қисандар екінші қабатын беріндер дегесін тілектерің болсын дедік», - деп мақтанышын да жасырмайды. Осы жазған хатынан соң көп кешікпей Мәлика 1944 жылы 6 май күні І Балтық майданы қолбасшысының № 820-бұйрығымен «Ерлігі үшін» медаліне ие болады.

Алайда «Осы уақыт ішінде мен тағы да біраз фашисті жайраттым. Бұрынғыдай емес, енді олар бұғып, еңбектеп, жер бауырлайтын болды. Қорқақ қой өздері, олардың әрбір солдатының бейшара екеніне көзім анық жетті», - деп жазған хаты Мәликаның үйіне жазған соңғы хаты болды.

Тағдырға не шара, қыздарының осы хатын алғаннан кейін ата-анасы көп кешікпей Мәликаның мерген серіктесі Люба Крайнованың: «Сәлеметсіздер ме, қымбаттыларым. Мен Мәликаның жақсы құрбысы едім. Екеуіміз мергендер мектебін бірге бітіріп, майданға да бірге аттанғанбыз. Ұрыс шебіне де бірге шығып жүрдік. Амал қанша, сіздерге жайсыз хабар жолдап отырмын. 11 июнь күні Мәлика дұшпанды аңдып жүріп, неміс мергенімен бетпе-бет ұшырасып қалды. Қарғыс атқыр фриц алдымен аңғарып, атып үлгерді. Сөйтіп, Мәлика екі қастың ортасынан жараланды. Қазір госпитальда жатыр, жазылып қалар, уайымдамаңыздар» - деп жазған хатын алады.

Өкінішке орай ауыр жараланған Мәлика арада үш күн өткен соң 1944 жылы 14 июнь күні қаза табады. «Ерлігі үшін» медалімен наградталған мерген Мәлика Тоқтамышованың денесі Витебск облысы Городок ауданы Большой городок селосында жауынгерлер зиратына қойылады .

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив қорында 1944 жылы Орал қаласындағы әскери комиссариатқа далалық жылжымалы госпитальдан майдан даласында мерт болған мерген Тоқтамышева Малика Ғұмарқызының аты-жөні комсомол билеті арқылы анықталып, түзетілгені туралы жазылған мына жедел хат сақталған:

21 июня 1944 г.

№ 22/ VI. Секретно

Город Уральск – Горвоенкамату

В прилагаемом нами извещении о смерти ефрейтора Тухтамышевой Марьям Гумаровны – внесите поправление на Тохтамышеву Малика Гумаровна, уточнено по комсомольскому билету

Зав. Медицинским делом производством сержант Ковалев».

Алайда қазақтың қаһармын қызы Мәликаның есімі ұмытылмайды. Бұл ерлік өскелең ұрпақ жадында мәңгілік сақталады.

Демек, сонау сақ заманынан келе жатырған әйел затының батырлық үрдісін жалғастырып, ел басына күн туған сын сағатта ерлермен бірге қолына қару ұстаған жайықтың мерген қыздарының ерлігін наситтай білсек, бүгінгі өскелең жас ұрпақтың рухын көтеретіні анық.

УДК 94(574) “1941/1945”

ПОДВИГ ДЕТЕЙ ВОЕННЫХ ЛЕТ

Есеева Г.Н.

ЗКГУ им. М. Утемисова

кафедра Всемирной истории и СПД,

старший преподаватель

Великая Отечественная война 1941-1945 годов принесла неисчислимы страдания всему советскому народу, но особенно тяжело отразилась на детях, которым пришлось вынести не только физические страдания и голод, но и ощутить глубокий морально-психологический стресс. Несмотря на все трудности, дети военных лет вели себя в эти годы как настоящие герои и внесли достойный вклад в Победу над фашизмом.

Согласно статистике предвоенных лет, одной из важнейших характеристик советского общества была молодость его населения. Перед началом Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. численность населения СССР оценивалась в 196,7 млн. человек, а доля детей в возрасте до 15 лет составляла 35 % от общей численности населения [1]. Для мирных лет данная демографическая характеристика внушает оптимистические прогнозы, но в условиях начавшейся войны это обернулось тем, что на долю огромного количества детей выпали сложнейшие испытания.

Сильнейший патриотический подъем жителей советского государства, вылившийся в широкое добровольческое движение народа, охватил и детей. Десятки тысяч подростков стремились

попасть на фронт. И те, кому удавалось это сделать, достигали таких высот мужества, что оказывались достойными Золотых Звезд Героев, орденов, медалей. В указах Президиума Верховного Совета СССР об их награждении не упоминалось, что речь идет о детях. Их называли по имени и отчеству, как взрослых. Их воинская и трудовая доблесть не была доблестью детей: она стояла в одном строю, плечом к плечу с мужеством взрослых [2, с. 55].

Приведем только несколько примеров, свидетельствующих о героизме детей, ставших непосредственными участниками боевых сражений.

Житель Москвы – подросток Коля Москаленко, юнгой прошел весь путь Дунайской военной флотилии. За участие в Венской операции Коля Москаленко был награжден медалью Ушакова [3, с. 25-31].

Толя Якишев - сын 63-й гвардейской Челябинской танковой бригады спас жизнь командиру своей бригады полковнику М.Г. Фомичеву, уничтожив фашистского офицера, который готовился выстрелить из засады. [3, с. 5]

Сильнейшим стимулом отомстить врагу для детей, становилось известие о потере родных и близких. Так, зимой 1942 года, ученик ленинградского ремесленного училища № 22, эвакуированный в Челябинскую область, Витя Морозов получил от матери известие о смерти отца и брата. Желая отомстить врагу за их смерть, мальчик бежал на фронт, участвовал в прорыве ленинградской блокады, а позже получил назначение в отдельный саперный батальон. Уже в самом конце войны на пути саперов оказался заминированный участок дороги, и мальчик побежал навстречу автоколонне, чтобы предупредить людей об опасности. Не успев добежать всего семи метров до головной машины, он подорвался на вражеской mine. Это случилось 30 апреля 1945 года [3, с. 90-91].

Война поставила перед собой стержневой отраслью индустрии срочные и сложные задачи. Ряд крупных заводов был целиком передан в ведение наркоматов оборонной промышленности. Широкая мобилизация мужчин на фронт привела к острой нехватке кадров на предприятиях промышленности и других объектах хозяйствования. И вклад детей в обеспечении нужд действующей армии был бесценен.

Уже 27 июня 1941 года газета «Правда» сообщала, что около двух тысяч московских школьников приступили к работе на

промышленных предприятиях. В начале июля 1941 года свыше полутора тысяч школьников города Томска встали за станки вместо ушедших в действующую армию мужчин [4, с. 61].

Специальным Постановлением от 21 мая 1942 года Совет народных комиссаров СССР разрешил руководителям предприятий на период военного времени принимать для индивидуального и бригадного обучения и последующей работы лиц, достигших 14-летнего возраста, при наличии у них медицинского заключения о состоянии здоровья [5, с.12].

На 15 февраля 1944 года в стране насчитывалось свыше 80 тысяч комсомольско-молодежных бригад, объединивших более 450 тысяч молодых патриотов. Бригадирями комсомольско-молодежных бригад различных отраслей промышленности были в основном подростки [4, с. 61].

На заводе № 231 им. Ворошилова, работавшем в сфере оборонной промышленности (г.Уральск Казахская ССР) работали и соревновались между собой 12 комсомольско-молодежных «фронтовых» бригад. Обычно первенство не уступала бригада формовщиков литейного цеха Нины Ереминой, выполнявшая задание на 500 и более %. Бригада завоевала переходящее Красное Знамя ЦК комсомола и еще долго удерживала эту награду [5, с.12]

Во многих городских школах страны были созданы детские производственные мастерские, где подростки изготавливали различную продукцию, в том числе для оборонных предприятий.

Большую работу выполняли дети в аграрном секторе. Дети работали на полях, животноводческих фермах, участвовали в заготовке кормов.

В связи с острой нехваткой специализированных кадров в сельском хозяйстве местными органами власти принимаются решения об обучении подростков. Так, 6 декабря 1941 года Западно-Казахстанский обком партии и облисполком принимают совместное решение об организации обучения сельскохозяйственным работам учащихся школ и служащих учреждениях. Уже к весне 1942 года из числа учащихся старших классов (8-10 классы) средних школ города и села были подготовлены 765 трактористов, 150 комбайнеров и 70 шоферов [5, с.13].

Для помощи фронту проводились массовые субботники, воскресники, где дети принимали самое активное участие. 8 ноября 1942 года по постановлению секретариата ЦК ВЛКСМ проходил

Всесоюзный пионерский воскресник «Пионеры - фронту». В нем участвовали 2,5 млн. советских школьников. Во время воскресника было заготовлено около 75 тыс. кубометров дров для семей фронтовиков, собрано 4.268,1 тонн металлолома, 355,4 тонн дикорастущих и лекарственных растений, 2.719 пудов колосьев. Дети перебрали свыше 2 млн. тонн овощей, утеплили 565 школ, 172 скотных двора, отгрузили 297 тонн угля, 63 тонн торфа, очистили от снега 29 тысяч километров железнодорожных путей [6].

Пионеры и школьники проявили исключительный патриотизм в движении за сбор средств для Красной Армии и Военно-Морского Флота. Так, 1 сентября 1941 года учащиеся 102-й школы Кировского района города Горького обратились ко всем пионерам и школьникам Горьковской области с призывом построить танк «Пионер». Прошло несколько месяцев, и 250 тыс. руб. были собраны. На Горьковском заводе на них был построен танк, который 18 января в парке Кировского района города был передан танкистам. [4, с. 123]

Дети активно участвовали в сборе металлолома для постройки танковых колонн, самолетов и другого вооружения, изготовлении и сборе теплых вещей, шефствовали над госпиталями, над отдельно тяжело ранеными бойцами, помогали семьям военнослужащих. На новой основе зарождались команды «Тимуровцев», различные «легкие кавалерии», отряды «десантников» и другие.

Только в 1941 году учащиеся г. Уральска собрали и сдали 450,6 тонны металлического лома, поддержав почин молодых патриотов Джамбульской и Костанайской областей – построить танковую колонну имени «Комсомола Казахстана». Учащиеся Джамбейтинской и Булдуртинской казахских средних школ приняли активное участие в этом почине. «Учащиеся Джамбейтинской СШ передали 1250 рублей своих заработанных денег...»,- сообщила «Приуральская Правда» 3 декабря 1941г. [5, с. 14]

Во время войны не прекращались и занятия в школах. Как бы ни было трудно, особенно в прифронтовых городах, зачастую в бомбоубежищах, в подвальных, в большинстве не отапливаемых помещениях, при керосиновых лампах школьники продолжали учебу. Об условиях обучения детей в военные годы, свидетельствует следующая краткая зарисовка из этих лет.

Декабрь 1942 года. Школа рабочей молодежи № 162 на Кировском заводе... Голод, холод. Классы, освещенные коптилками. Стены, несмотря на печи - «буржуйки», покрыты инеем. Школа

находилась в заводском цехе, а завод - в четырех километрах от линии фронта. Учащиеся - дети и подростки, родители которых ушли на фронт, - работали у станков без выходных, по 10- 12 часов, а затем приходили в школу. Все посещали школу без пропусков, относились к ней очень серьезно, учились напряженно, добросовестно выполняли домашние задания [4, с. 335].

В годы войны был высок показателей смертности среди детей. Дети умирали во время военных действий, от голода, холода. Особенно трагичной была судьба детей, оказавшихся в зоне оккупации. Нацистские заговорщики были безжалостны и к детям. Их убивали в детдомах, больницах, бросая в огонь, протыкая штыками, производя опыты, бросая в камеры пыток.

В 17 км. от Риги находился концентрационный лагерь Саласпилс. В нем уничтожили 100000 человек, в том числе 7000 детей. Их свозили сюда в основном зимой 1943 года, когда фашисты провели карательную операцию в партизанских районах Белоруссии. У всех у них - и у годовалых, и у десятилетних - регулярно брали кровь. Пять ящиков с ампулами детской крови поставлял ежедневно армии лагерь.

...На поле, где был Саласпилсский лагерь, теперь мемориальный ансамбль - четыре огромные скульптурные группы. Одна из них называется «Мать»- гранитная женщина, заслонившая собой детей. Слева от нее плитой обозначено место, где находился детский барак. На плите высечены домики и человечки - таких рисовали на песке саласпилские дети. [2, с. 56]

В годы Великой Отечественной войны партийные, советские и общественные организации и учреждения оказывали помощь детям, оставшимся без родителей, по предотвращению в стране детской беспризорности и безнадзорности. Дети, родители которых погибали на фронте или умерли в тылу, чаще всего оказывались выброшенными на улицу. Многие из них от продолжительного недоедания, холодов и болезней погибали.

Большую роль в помощи детям сыграли советские люди, труженики тыла, которые с чувством величайшей ответственности отозвались на призыв партии и правительства окружить лаской и заботой подрастающее поколение, особенно детей фронтовиков, оставшихся без родителей, не дать им огрубеть, утратить веру в жизнь, подорвать здоровье, стать на неправильный путь.

Вот лишь один из примеров исключительной самоотверженности советских патриотов по спасению детей. Когда поздней осенью 1941 г. фашисты прорвали фронт и ворвались в город Ростов-на-Дону, детский дом, расположенный на значительном расстоянии от города, еще не был эвакуирован. Во главе детского дома встала двадцатилетняя девушка, комсомолка Шура, которая взяла на себя ответственность за безопасность детей. Двадцать четыре дня шла она с детьми от станции к станции, от села к селу. На выручку приходили советские люди: кормили детей, давали им одежду, обувь. Ослабевших в пути и заболевших детей, подвозили на лошадях, несли на руках. Пройдя трехсоткилометровый путь, все двести детей достигли Сталинграда, где их посадили на автомашины и отправили в тыл. [7, с. 283- 285]

Описанные нами примеры – лишь малая толика того, что дети сделали во имя Победы. О героизме детей в годы войны, их помощи фронту можно посвятить целые тома книг, но охватить подвиг всех детей невозможно.

На долю детей военных лет 1941-1945 годов, выпала тяжелая, полная драматизма жизнь. Многие дети не дожили до окончания войны и не дождались Победы. Другие лишились родителей, братьев и сестер, дедушек, бабушек. Все годы войны дети жили в каждодневном страхе, который не мог не оставить след в их человеческом сознании. Ведь самое страшное для ребенка - это страх остаться одному, страх, что твоя жизнь может закончиться в любой момент.

Главным желанием детей военного времени было желание победить и вернуть возможность мирного детства, может не для себя, а для будущих поколений. Их желание было достигнуто ценой невероятных усилий, и наша главная задача сегодня - беречь мир и дарить возможность нашим детям оставаться детьми и радоваться жизни.

Литература.

1. Зикеева Е.В. Социально-демографические последствия войны. <http://chitai-vsegda.ru>
2. Апсаттарова С.С. Детство, опаленное войной. //История Казахстана: преподавание в школах и ВУЗах. – 2011. - №6.
3. Караваяев В. В бою и труде: Подростки в Великой Отечественной войне, М.: Мол. гвардия, 1982.

4. Алещенко Н.М. Во имя победы. – Москва: Просвещение, 1985.

5. Мухамбетов М.А. Помощь детей области фронту Великой Отечественной войны //Сборник материалов научно –практической конференции «Вклад Западного Казахстана в Победу в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг». Уральск, 2013.

6. Гавриленко А. Дети Великой Отечественной..//
http://old.redstar.ru/2007/09/05_09/5_07.html

7. Синицын А.М. Всенародная помощь фронту. – Второе издание. – Москва: Военное издательство, 1985.

УДК 94(574) “1941/1945”

МУХТАРОВ ТУКЕШ – ВЕТФЕЛЬДШЕР 12 СТРЕЛКОВОГО ПОЛКА

*Жалекенова Г.Т.
ЗКГУ им. М.Утемисова
кафедра Истории РК,
старший преподаватель, магистр.*

Чем более отдаляется от нас великая трагедия XX столетия - вторая мировая война, тем более величественен и священен для нас, потомков, подвиг старшего поколения, победившего фашизм, отстаившего свободу Родины.

В истории человечества имели место около пятнадцати тысяч малых и больших войн. Но самой суровой, страшной по своим масштабам разрушений и жертв является вторая мировая война и ее неотъемлемая часть – Великая Отечественная война.

Победа в войне во многом зависит от степени мобилизационной и боевой готовности страны и армии. Способность использовать людские и материальные ресурсы для развертывания Вооруженных Сил и устойчивого обеспечения нужд фронта и тыла в результате перевода экономики страны на военные рельсы. От количества населения, его общеобразовательной, профессиональной, морально-политической и другой подготовки зависит комплектование и оперативно-стратегическое развертывание Вооруженных Сил, создание новых формирований и

восполнение потерь в ходе войны, обеспечение личным составом органов гражданской обороны и других формирований, обеспечение рабочей силой основных отраслей народного хозяйства и в первую очередь военной промышленности.

С началом Великой Отечественной войны в СССР началась общая мобилизация. Она проводилась на территории всей страны и распространялась на все виды вооруженных сил, экономику государства и его различные институты. Начало мобилизации военнообязанных было объявлено на 23 июня 1941 г. Указом Президиума Верховного Совета СССР от 22.06.1941 г. по 14 из имевшихся тогда 16 военных округов. Свидетельством всенародного характера всеобщей мобилизации является то, что непосредственно в боевых действиях принимали участие люди различные по национальной, по конфессиональной, по половозрастной, по профессиональной, социальной принадлежности и т.д.

Политика мобилизации людских ресурсов на фронт в годы Великой Отечественной войны предполагала два способа пополнения вооруженных сил: граждане страны могли быть мобилизованы в армию добровольно или по призыву. Призыву по мобилизации подлежали молодые люди, достигшие призывного возраста, мужчины и женщины всех военнообязанных возрастов запаса и не имевшие права на отсрочку или бронирование. На добровольной основе в армию мобилизовались граждане, получившие утвердительный ответ на поданные ими в военкоматы заявления о добровольном вступлении в армию. При этом следует учесть, что добровольчество как форма комплектования армии позволяло призывать на службу граждан, как военнообязанных возрастов, так и невоеннообязанных.

Проведение мобилизационных мероприятий регламентировалось основными положениями «Наставлений по мобилизационной работе войсковых частей, управлений и учреждений Красной Армии». Согласно данного документа, мобилизация объявлялась Указом Президиума Верховного Совета СССР, а призыв по мобилизации и последующие призывы военного времени производились на основании Постановлений Совета Народных Комиссаров СССР, приказов Народного комиссара обороны.

Как отмечалось выше, Указом СССР от 22.06.1941 г. первый день явки мобилизованных на призывные пункты был назначен на 23 июня 1941 г. Мобилизации подлежали военнообязанные граждане четырнадцати возрастов - с 1905 по 1918 год рождения. Призывной контингент 1919-1922 гг. рождения на момент начала войны находился на действительной военной службе. К 1 июля 1941 г. по СССР в армию было мобилизовано 5,3 млн. человек.

В ряды сражавшейся армии в годы войны влились 1196164 казахстанца. На фронт и оборонную промышленность был отправлен каждый четвертый житель республики. Каждый ветеран Великой Отечественной войны оставил за собой неповторимую историю, внес большой вклад в Великую Победу!

Одним из участников этой страшной войны был Мухтаров Тукеш Мухтарович, который родился в 1902 году в Джангалинском районе Уральской области, Казахской Советской Социалистической Республик в семье рабочих-крестьян. Образование начальное - 6 классов сельской школы в Джангалинском районе в ауле № 9. В дружной и крепкой семье Мухтаровых было четверо детей, и Тукеш был вторым ребенком. Уже с детства в нем были заметны качества любознательности и тяги к получению знаний, после 6 – ти летнего начального образования он закончил курсы ветфельдшера. Эта специальность и станет основным занятием, молодого Тукеша в годы войны.

Трудовую деятельность начал с 1920 года в Шиповском савхозе Каменского района Уральской области, веттехником с восемнадцати летнего возраста. Когда началась Великая Отечественная война, Мухтаров Тукеш будет призван Каменским РВК в 12 стрелковый полк ветфельдшером в июле 1941 году. В августе 1941 года он примет военную присягу при 12-м стрелковом полку. Провожали его на войну его самые родные люди это жена Мухтарова Нуршуми трое детей.

Мухтаров Тукеш прошел всю войну и видел все его тяготы. Имел 23 ноября 1941 году легкое ранение и одно тяжелое ранение в ногу 1943 под Харьковом. С августа 1943 по сентябрь 1944 года Тукеш был в составе 284 - стрелкового полка в должности ветфельдшера.

Демобилизован на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 23 июня 1945 года.

После возвращения на Родину Тукеш будет работать не покладая рук для восстановления мирной жизни в своем родном колхозе. С 1945 по 1948 ветфельдшер в совхозе Логашкино Каменского района. С 1948 года в поселке СоколовоТопорковского с/совета Зеленовского района. С 1950 года работал в колхозе им. XXII партсъезда. С 1965 года ушел на пенсию: инвалид Великой Отечественной войны третьей группы.

Мухтаров Тукеш за доблестную отвагу и участие имел следующие правительственные награды: медали «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг», «Двадцать лет Победы в Великой Отечественной войне» и благодарность от Сталина.

Мухтаров Тукеш прожил не легкую жизнь, воспитал 8 детей. За свою жизнь многое повидал: бедность, голод, войну. Но, несмотря на свое подорванное здоровье, став инвалидом после войны, всю свою жизнь посвятил себя работе во благо своей родной земли и воспитал достойное потомство. Тукеш ата умирает 1970 году в возрасте 68 лет.

Великая Отечественная война – это огромная душевная рана в человеческих сердцах. Мы должны знать, гордиться и помнить павших, за нашу мирную жизнь, за патриотизм к Родине! Патриотизм - это чувство любви к Родине, Отчизне, месту, где ты родился, вырос и осознал себя как личность. Мы должны помнить героические подвиги советских солдат, отдавших свои юные годы за мир на Земле!

Послевоенные поколения советских людей, да и жители нынешних стран постсоветского пространства, должны испытывать чувства безмерной благодарности к тем нашим воинам и труженикам тыла, кто в годы труднейших испытаний не согнулся, а выстоял и победил в жесточайшей войне XX века.

„ЗА ПОБЕДУ НАД ГЕРМАНИЕЙ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 гг.“



УДОСТОВЕРЕНИЕ

За участие в Великой
Отечественной войне

В красноармии
Мухомаров
Павел

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР от 9 мая 1945 года
НАГРАЖДЕН МЕДАЛЬЮ

„ЗА ПОБЕДУ НАД ГЕРМАНИЕЙ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

7 декабря 1945 г.

Командир ВСФ 103сФ
(должность, воинское звание и подпись лица,
М. П.

103-15
вручившего медаль)

СС  СР
ВОЕННЫЙ БИЛЕТ

Серия Я № **381654**

Фамилия *Мухомаров*
Имя и отчество *Павел Павлович*
Год рождения *1909*
Личная подпись владельца *Мухомаров П.П.*

Выдан *10*



I. Военно-учетные сведения

1. Год рождения	<i>1902</i>
2. Отметка о категории учета	Звание <i>кавалер</i> (происхо.) категория
3. Группа учета	<i>ОВ</i>
4. Состав	<i>Сержант</i>
5. № военно-учетной специальности	<i>120</i>
6. Наименование военной специальности	<i>Ветспециальность</i>
7. Наименование должностной квалификации	<i>Ветфельдшер</i>
8. Военное звание	<i>Сержант</i>

БОЮ С НЕМЕЦКИМ ОККУПАНТАМИ!

ДОРОГОЙ ТОВАРИЩ

За отличные боевые действия в исторических битвах по освобождению соотечественников Польши и разгрому восточно-прусской группировки врага Вам приказами

Верховного Главнокомандующего Маршала Советского Союза товарища СТАЛИНА объявлена БЛАГОДАРНОСТЬ.

в ходе этого величайшего наступления столица нашей Родины Москва салютовала нашей части и Вам, доблестному патриоту Социалистического Отечества, показавшему образцы мужества, отваги и самоотверженного выполнения воинского долга.

Никогда не изгладятся из памяти советских людей и народов всего мира Ваши славные героические дела.

Горячо поздравляю Вас с благодарностью Великого СТАЛИНА.

Выражаю уверенность, что в завершающих боях за окончательный разгром немецко-фашистских захватчиков Вы умножите боевые традиции своей части, заслужите новую благодарность Верховного Главнокомандующего.

КОМАНДИР ВОЙСНОВОЙ ЧАСТИ
ПОЛЕВАЯ ПОЧТА



Полная победа над немцами теперь уже близка. Но победа никогда не приходит сама, — она добывается в тяжелых боях и в упорном труде.

И. СТАЛИН.



БОЕВОМУ ТОВАРИЦУ

По решению XII Сессии Верховного Совета Союза ССР Вы демобилизуетесь из Действующей Армии и возвращаетесь на Родину.

Вы прошли большой и тяжелый путь по дорогам войны. Немало суровых испытаний выпало на Вашу долю. Но трудности и лишения, которые пришлось пережить в сражениях и походах, не прошли даром. Под руководством великого СТАЛИНА одержана небывалая в истории победа над самым сильным и коварным врагом — гитлеровской Германией. Красная Армия не только отстояла честь и независимость нашей Родины, но и вернула свободу поработенным народам Европы. На нашу долю выпала великая честь добить врага в центре его звериного логова и воздвигнуть над Берлином Знамя Победы.

В это великое дело внесли свой посильный вклад и Вы, дорогой товарищ. Это о Вас говорил Генералиссимус Советского Союза товарищ СТАЛИН на приеме в Кремле в честь участников парада Победы, как о „людях простых, обычных, скромных... звания у которых нет и кино мало“, но людей, являющихся такими „винтиками“, которые „держат в состоянии активности наш великий государственный механизм по всем отраслям науки, хозяйства и военного дела“, людей, которые „держат нас, как основание держат вершину“.

ЗА ЧЕСТНУЮ СЛУЖБУ НА БЛАГО НАШЕЙ РОДИНЫ ОБЪЯВЛЯЮ ВАМ БЛАГОДАРНОСТЬ.

Теперь Вам предстоит сменить оружие войны на орудие труда. Желаю Вам успехов на новой работе. Будьте и впредь в первых рядах нашего героического народа. Под руководством нашей славной большевистской партии, под водительством Великого Вождя товарища СТАЛИНА отдавайте мирному труду все свои знания и силы, как отдавали их делу победы.

Счастливого Вам пути, дорогой товарищ!

Главномандующий Советскими
окупационными войсками в Германии
Маршал Советского Союза
Г. ЖУКОВ.

Член Военного Совета
Генерал-Лейтенант
ТЕЛЕГИН.

„...“ июля 1945 года.



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫНДА

Журасова А.Ш.

*т.ғ.к., М.Өтемісов атындағы
БҚМУ доценті*

Ұлы Отан соғысының тарихы – шежірелі тарих. Ұзақ жылдар бойы Ұлы Отан соғысына қатысқан Қазақстанның ролі туралы айтылған және зерттелген материалдарда Қазақстан Ұлы Отан соғысының түпкі тылы деген тұжырым сақталып келген еді. Бірақ соңғы жылдардағы жаңа мұрағаттық қорлардың ашылуы Қазақстанның тек тыл ғана емес, сонымен қатар соғыстың шебі де болғаны айқындалып отыр. Ол ең алдымен екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы басты ірі шайқастың бірі болған Сталинград шайқасымен байланысты еді. Негізінен соғыс басталғаннан кейін республика көлемінде төрт әскери округ әскери-ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Қостанай облысы Орал округінің, Ақтөбе, гурьев және Батыс Қазақстан –оңтүстік Орал, Батыс Қазақстанның төрт ауданы (Жәнібек, Казталовка, Орда, Фурманов) Сталинград округіне, қалғандары –Ортаазиялық округке енгізілді. 1942 жылы жазда соғыс өрті Қазақстан шекарасына да жақындайды. 1942 жылдың 23 тамызда майдан шебі Сталинградқа келіп тірелді. Себебі фашистік Германия Қызыл Армияны Орелдің оңтүстігінде талқандап, Донбасс, Дон және Кубаньның экономикалық маңызды аудандарын алуды, Кавказ арқылы өтетін жолдарды, Сталинградты басып алуды басты мақсат етіп қойды. Сталинград бағытында Германия мен оның одақтастарының қару – жарақтардың барлық түрімен жақсы жарақталған, 6 далалық армиядан құралған 14 дивизиясы тұрды. Қаланы Қызыл Армияның 62 (қолбасшысы – генерал – лейтенант В.И.Чуйков) және 64 (қолбасшысы – генерал – майор М.С.Шумилов) армияларының бөлімдері қорғады. Қаланы қоршауға шұғыл түрде жұмысшы және халық жасақтары тылдағы бөлімдер ұйымдастырылды. Сталинград майданы құрылып, қалаға тың күштер жіберілді. Қалаға жақын жерлерде қорғаныс шептері салынды. Кеңес әскерлерінің Сталинград түбіндегі қарсы шабуылы (1942 жылдың 19 қарашасы-1943 жылдың 2 ақпаны) үш операциямен іске асырылды: «Уран»-Сталинградтағы неміс

әскерлерін қоршап алу; «Кіші Сатурн»-Сталинградта қоршауға түскен неміс әскерлеріне батыстан және оңтүстіктен келетін көмектің жолын кесіп тастау; «Шеңбер»-Сталинградта қоршауға түскен фельдмаршал Паулюстың армиясын талқандау. Бұл міндеттерді іске асыру Оңтүстік-батыс майдан (қолбасшы – Н. Ватугин), Дон майданы (қолбасшы – К. Рокоссовский) және Сталинград майданы (қолбасшы – А. Еременко) әскерлеріне тапсырылды[1,74]. Бұл майданның ерекше маңызын ескеріп, Мемлекеттік Қорғаныс комитеті 12 тамызда Бас штаб бастығы генерал – полковник А.М.Василевскийді, 29 тамызда армия генералы Г.К.Жуковты көмекке жіберді. Осылайша Қазақстанға таяу жер ретіндегі Сталинград түбіндегі шайқасқа орай 1942 жылдың 12 тамызындағы КСРО Қорғаныс Комитеті мен КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Каспий жағалауы мен Батыс Қазақстан аймағына әскери жағдайды енгізу туралы» Бұйрығымен Қазақстанның батыс аймақтарында әскери жағдай жарияланып, 1942 жылдың 11 қыркүйегінде Гурьев қорғаныс комитеті құрылды. Гурьев үстінен бірінші жау ұшақтың пайда болған күні-1942 жылдың 10 қыркүйегі-облыстың қалалары, ауылдары мен ауылдары толық қараңғылыққа көшіріледі, барлық кәсіпорындарда, тұрғын кварталдарында қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті сақтау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды, жойғыш батальондар, жергілікті әуе шабуылына қарсы және химиялық қорғаныстың арнайы бөлімшелері ұйымдастырылды.

1942 жылдың 15 қыркүйегінде Мемлекеттік Қорғаныс комитеті Орал облысында әскери жағдай енгізеді. Сталинград майданының 120 әскери бөлімшесі батыс Қазақстанда орналасады.

Аймақтың экономикалық бағыты да соғыс жағдайына бейімделіп қайта құрылады. Бұрыннан осы өңірде қалыптасқан және жұмыс жасап отырған өнеркәсіп орындары, фабрикалар мен зауыттар өз өнімдерін майдан талаптарына сай әскери өнімдерді өндіруге жасақтандырылады. Олардың қатарында №231 орал зауыты (К.Е.Ворошилов атындағы зауыт) болды. 1942 жылы осы зауытта жасалған ЭТ-80 торпедасы жаудың 1000 кемесін жойған. 1941 жылы – 34705 қару-жарақ шығарса, 1942 жылы- ол 272078 бірлікке жеткен[2,13]. Мұндай жетістіктер бірнеше кәсіпорындарда орын алды. Шұғыл түрде облыстың халық шаруашылығын соғыс жағдайына сай құру, күшті әскери экономиканы жасау міндеті

облыс басшылары мен халықтың үлкен тобының, еңбекшілердің басты міндетіне айналады.

Сталинград шайқасы кезінде Гурьев пен Оралдағы қорғаныс комитеті майдан мен тыл күшін біріктіруде, партиялық, кеңестік, қоғамдық және әскери ұйымдардың жұмыстарын реттеуде ерекше роль атқарды.

Өйткені 1942 жылдың 30 қыркүйегіндегі Оңтүстік-шығыс майданның қолбасшысының тыл бойынша орынбасары генерал-полковник Н.П. Анисимовтың атап көрсетуінше «Сталинград майданының тыл ауданының көлемі енінен 500, ішкерілей 600 км-ге дейін» болған. Яғни осының өзі Батыс Қазақстан мен Гурьев облыстарының Жайық өзеніне дейінгі территориясы толықтай соғыс аймағына тікелей енгенін көрсетіп отыр. Сондықтан қорғаныс комитеттері бар күшпен жергілікті қорғаныс жұмыстарын ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырады.

Чапайда, Тайпак, Зеленов аудандарынан 10 аэродром салуға жер учаскелері бөлінеді. Астрахань-Урбах темір жолы бойындағы елді мекендерге кіші лейтенантарды даярлаудың майдандық курстары, аэродромдар, материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлісдері, жөндеу шеберханалары, әртүрлі қоймалар мен госпитальдар орналастырылады. Жәнібек, Сайхын, Шунгай станцияларында авиациялық бөлімдермен қатар 1-ші танктік және 57-армияның қоймалары орналастырылады. Оралда ірі әскери-жедел байланыс торабы ашылды. Орал өзенінің бойында Гурьевтің атынан Сталинградтан келген "Волготанкер" кемелері, Каспий және Еділ флотилиясының әскери катерлері орналастырылды. Батыс Қазақстанда көшірілген госпитальдардың саны жиырмаға жетеді. Қорғаныс халық комиссариатының орынбасары генерал-лейтенант Новиковтың тапсырмасымен 1942 жылдың 1 тамызында Орда ауданының басшылығына Сталинград майданы авиациясының үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін жедел түрде үш аэродром салуға ұсыныс жасалады. Оны салуға Орда мен Жәнібек аудандарынан мыңдаған адам тартылады. Шунгай және Жәнібек МТС-лары мен №88, түйе зауыты, №67 жылқы зауыттары 20 тракторды тіркемесімен береді. Ақтөбе мен Орал теміржол бөлімшелерінің теміржолшылары майдан өтінде қалған тұрғындарды, өнеркәсіп орындары мен олардың құрал-жабдықтарын, стратегиялық шикізаттарды тылға тасымалдаса, керісінше майданға: қару-жарак, оқ-дәрі, әскери техника, азық-

түлікпен қатар полктер мен дивизия құрамаларын жеткізіп отырды. Сталинград шайқасының қауіпті аймағы боп есептелсе де, сол қиын-қыстау кезде Тасқала ауданының еңбеккерлері Сталинград қорғаушыларына бір вагон сәлемдеме жіберген. Яғни 2 тонна бидай, 1300 кг астық, 3000 жұмыртқа, 72 кг май, 230 кг кепкен нан, 1 тонна капуста, 1 тонна картоп, жылы қолғаптар мен шұлықтар жіберді. Орда ауданының колхозшылары майданға көмекті үздіксіз үсті-үстіне беріп отырды. Сталинград соғысындағы жауынгерлерге 280 пұт ет, 22 пұт май, 280 пұт бидай, 245 сойылған құс еті, темекі тағы басқа сыйлықтар жіберді. Мұндай көмекті облыстың барлық аудандары белсенді жүргізді[3]

Майданның таяу шебі болғандықтан жау тарапынан болған бомбалау батыс қазақстан аймағына үлкен зиян келтіріп отырды. Мысалы, Сталинград майданын 1942 жылдың 11-12 қыркүйегіндегі бомбалау кезінде Жәнібек ауданының «Алғабас», «Жаңа тұрмыс» колхоздарының 38 мың гектар шабындық жерлері өртенеді. 13 қыркүйекте Шунгай станциясына бомба тасталады. 23 қыркүйекте тасталған 30 бомбадан тек бесеу жарылып, теміржолшылар мен жергілікті тұрғындардың қырағылығымен бомбалар залалсыздандырылады. Ең ауыр бомбалау зардабын шеккен 196-шы қызылтулы Гатчинск атқыштар дивизиясы болды. Себебі бомбалау салдарынан 97 адам өліп, 112 солдат пен офицерлер жәнібектегі №1584 және Эльтон станциясындағы №415 госпитальдарға жеткізіледі. Жаудың мұндай бомбалау әрекеттері Қазақстанның осы аймақтарының толықтай майдан шебіне айналғанының дәлелі болды. Жаудан қорғану мақсатында Орал мен Гурьев облыстарында жергілікті әуеге қарсы қорғаныстың (МПВО) 369 және өзін-өзі қорғаудың 909 тобы құрылған. Олардың міндеті әуе шабуылдарын бақылап, өнеркәсіп орындары мен үйлерді өрттен қорғау болды.

Жаудың авиациясы 1942 жылдың қазан айынан 1943 жылдың қаңтарына дейін үздіксіз бомбалау операцияларын жүзеге асырып, армияға үлкен әскери шығындар әкелумен қатар жергілікті ауылдарға, тұрғындарға да зиянын тигізді.

Әуеге қарсы қорғаныс штабының құжаттарының мәліметі бойынша Шунгайға-24, Сайхынға-36, Жәнібекке-40 рет әуе шабуылы жасалған. Осы шабуылдар нәтижесінде толық емес мәліметтер бойынша 300-ге жуық бейбіт халық пен әскери қызметкерлер өліп, 250-дей жараланған. Тек қана Жәнібек пен

Орда аудандары бойынша қираған үйлер, өндіріс орындарын және тағы басқаларын қоса алғанда 7161,7 мың сом материалдық шығын келген. Бұл мәліметтер қазіргі кезге дейін анықталған толық емес мәліметтер, себебі ашылмаған мәліметтер әлі де баршылық.

Жаудың диверсанттық әрекеттері ең қауіпті жағдайдың бірі болып саналды. Германияның Бреслау қаласы мен Берлиннен 60 шақырым жердегі Улькенвальда қаласындағы барлау мектебінде даярланған диверсанттарды Қазақстан территориясына әкеліп тастады. Сталинград бағытында қазан және қараша айында екі жүздей агенттердің әрекеттері анықталған. Бірнеше рет қайталанған диверсанттық әрекеттер мен олардың ашылуы, диверсанттардың ұсталуы, майдан шебіне жақын ауыл тұрғындарынан сол бір сын сағатта үлкен жауапкершілік пен қырағылықты талап етті.

Жалпы Батыс Қазақстан облысы бойынша Ұлы Отан соғысына, соның ішінде Сталинград майданына облыстың әрбір ауданының, әрбір азаматтың қосқан үлесі мұрағат қойнауында сақталып, Ұлы Отан тарихы беттерінен орын алуда. Мұрағат қоры деректері халықтың осы қиын сәтте достықтың, патриоттықтың, бауырмал туысқандықтың үлгісіне айналғандығын көрсетті. Кеңес халқының рухы мен қайсарлығы, Отаншылдық сезімдері мен бірлігі басқыншы фашистердің тас талқанын шығарып, Сталинград шайқасының Ұлы Отан соғысымен қатар екінші дүниежүзілік соғыстағы маңызды бетбұрыс кезеңі ретінде әлемдік тарихта ойып орын алуын жәнехалықтар достығының мызғымастығы мен патриотизмін әлемге паш етті.

Пайдаланған әдебиеттер

1.«Ұлы Отан соғысы: тарихы, тәжірибесі және жаңаша пайымдау» атты республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдар жинағы // Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2015. – 208 б.

2.Гох И.Х. Завод «Зенит» вчера и сегодня.-Каз ССР, Уральск, 1991.-156 с.

3.Казахстанская правда,9 мамыр 1985 жыл

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Журасова Б.Ш.

БҚО, Теректі ауданы Юбилейный ауылы

Госплемстанция ЖОББМ

Тарих пәні мұғалімі

1941 жылдың 22 маусымында таң алагеуімде фашистік Германия әскерлері елімізге ешбір ескертусіз, тұтқиылдан шабуыл жасады. Фашистер еліміз бен жерімізді жаулап алып, өзімізді бас бостандығымыздан жұрдай етпекші болды. Кеңес халқының фашистік басқыншыларға қарсы Ұлы Отан соғысы басталды.

Тіршілік атаулының тыныштығын бұзып, ана жүрегін қайғыға, бала жүрегін қасіретке ораған зұлмат соғыс зардабы ел есінен әлі кетер емес. Әке арманына балта шауып, сүйген жарды қан жұтқызып, төрін талқандап, шаңырақты шайқалтқан да осы соғыс болатын. Кеңес Одағы атты алып державаны тізе бүктіріп, дегеніне көндіремін деген фашистік Германияның тосыннан жасаған шабуылы оңай болған жоқ. Кеңес жауынгерлері, барлық Отанын азат етуші ар-намыс арқалаған азаматтар жауына қарсы қасық қаны қалғанша жан аямай соққы беруге даяр екенін хабарлап, елі, партиясы алдында ант беріп, жауға қарсы аттанып, Ұлы жорық жолын бастады. Кеңес адамдары бірлік-ынтымақтың үлгісін көрсетіп, бәрі бір анадан туғандай өз Отаны-Кеңес елін, оның барлық бұрышын, бір түйір топырағына дейін қастерлеп, сол үшін қан төгуге даяр екенін, жау басып алған жерді түгел босатуға бекем бел буып, қатерлі қан кешу майданына аттанды.

Соғыс Кеңес Одағын экономикасы, шаруашылығы жағынан әбден әлсіретті. Соғыс кезінде 1710 қала типтес елді мекен, 70 мың деревня мен ауыл қирап, 25 млн адам баспанасыз қалды. Бұл соғыстың зардабы Қазақстанға да ауыр тиді. Зауыттарда, фабрикаларда, ауыл шаруашылығында жұмыс күші жетіспеді. Көптеген қазақстандық жауынгерлер майданда қаза тапты және соғыстан оралмады.

Ұлы Отан соғысының даңқты тарихының беттеріне қазақстандықтар айрықша үлес қосты. Еліміздің басқа республикаларының ұл – қыздарымен қатар біздің де

республиканың жастары бірлесе отырып, фашистердің елімізді жаулап алуына жол бермеді. Бұл сұм соғыс Бауыржандай батырдың, Қасымдай қасиетті ұлдың ерлігі, Әлия мен Мәншүктей қаһармандардың өлшеусіз ерліктерінің нәтижесі Жеңіс атты теңдесі жоқ ұлы дүниеге қол жеткізді. Иә, бұл ерлер үшін бораған оқ пен көздері қанталаған жауға қарсы тұру оңай болмағаны сөзсіз. Өйткені, ол сан миллион адамдардың өмірін қиған, жер бетінде бұрын- соңды болмаған ең зардапты, әрі қан төгісті зор соғыстың бірі болған еді.

Биылғы жыл Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 75 жыл. Бұл атаулы күнді адамзат қауымы атап өтуде. Өйткені, бұл соғыстың адамзат баласына әкелген қайғы- қасіреті қанша болса, бүгінгі келер ұрпағына берер сабақтары да аз емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды. Елімізде 2 миллионнан астам адам әскери даярлықтан өтті. Қазақстандық 1 млн. 200 мың жауынгер соғысқа қатысты. Кеңес Армиясы мен халқы бір кісідей өз Отанын қорғауға шықты. Бүкіл еліміз біртұтас әскери лагерьге айналды. «Бәрі де майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» – әрбір кеңес адамы осы ұранмен еңбек етті. Қазақстан біртұтас елдің бөлігі ретінде өзінің ең таңдаулы ұлдары мен қыздарын майданға жіберді. Армия қатарына 1 196164 қазақстандық алынса, соның ішінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?! Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырды тауып, елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау- кейінгі ұрпақтың қасиетті парызы.

Қазақстан соғыс жылдары қорғаныс мамандарын дайындаудың орталығы болды. Республика майданға жақын қалалардан көшірілген әскери училищелер орналастырылды. Ұлы Отан соғысы тарихының белгілі беттерінің бірі - Қызыл Армия үшін тау атқыштарын дайындайтын арнайы мектептің Алматыға жақын жерде ашылуы еді. Солтүстік Тянь-Шань тауларында орналасқан бұл мектептің беделі мен маңызы өте жоғары болды. Сталинград

шайқасынан кейін, барлық майдандарда шабуылдар басталған кезде мектепке тау атыштарын көптеп даярлау тапсырылды. Бастапқыда шақырылу жасына дейінгі жасөспірімдер, соңынан майдандағы офицерлер, тіпті Карпатқа, Татарға, Бескидке, Судетке, Трансильвания Альпісіне т.б. таулы аудандарға жіберілетін тұтас бөлімшелер оқытылды. Сол кездегі адамдар, әсіресе жастар, елге төнген қауіпті терең түсініп, отан алдындағы өз азаматтық борыштарын орындады. Әрине бұл қанды соғыс, талайларды әкеден, анадан, баладан, бауырынан айырды, талайлардың үмітін үзді. Дегенмен де, Кеңес Одағының халқы күш тауып, Ұлы Жеңіске қол жеткізді. Фашизммен соғысты жеңіспен аяқтаған Қазақстан жауынгерлері Квантун армиясымен болған шайқастарға да қатысты. Көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін 2027 қазақстандық орден, медальдармен марапатталды, олардың ішінде 14-і «Кореяны азат еткені үшін», 234-і «Жапонияны жеңгені үшін» медаліне ие болды. Жеңіс күнін армия қатарында болған Қазақстанда құрылған 12 дивизия, 3 атқыштар, 1 артиллерия, 1 минометші, 2 авиация полкі басқа бірнеше әскери бөлімшелер қарсы алды. 497 –ге жуық қазақстандықтар Кеңес Одағының Батыры атағын алды, оның 97-і қазақтар. Бауыржан Момышұлы, Бақтыораз Бейскебаев, Хиуаз Доспанова т.б батырлар соғыстан кейінгі кезеңде марапатталды. Осы батырлардың патриоттық сезімі, тәрбиесі жеңіске жетеледі. Сол адамдардың ерлігін, жігерін, отансүйгіштігін елін қорғау жолында өздерін құрбан ете алатын қасиеттерін жас ұрпаққа дәріптеу- біздің міндетіміз деп білемін. Қайта оралғандары соғыстан кейінгі өмірдің қызығын, жан рахатын да шын сезініп тата алмады. Себебі, жүрекке түскен жара, тәнге қадалған оқ табы әлсін-әлсін мазалайды. Сөйтіп, уақыт өткен сайын олардың қатары да азайып барады. Үлкен қиындықпен келген Ұлы Жеңіс бүгінгі күнде өзінің тарихи маңыздылығын еш уақытта жоғалтқан емес. Ұлы Отан соғысына қатысқан туған елдің азаматтарының қосқан үлестері мен ерлік істерін білу, мақтан тұту, ұрпаққа үлгі ету біздің парызымыз. Қасық қаны қалғанша туған елін, халқын жаудан қорғап қалған батыр аталарымыз бен аналарымыздың ерлігі ұрпақ есінде мәңгі қалмақ.

Бүгінгі бейбіт өмір отан үшін от кешкен бабаларымыздың қасық қанымен келді. 1418 күн мен түнге созылған адамзат тарихының ең сұрапыл соғысына, яғни Ұлы Отан соғысына қатысқан Юбилейный ауылынан әскерге барып қатысып, бейбіт

күнде елдің қалыптасуына өз үлестерін қосқан аталарымыз жөнінде де ақпараттар жинақталған. Себебі, әр ұрпақ өз тарихын өз ауылынан бастап білуі керек.

Мектепте оқушылардың бойында азаматтық –патриоттық тәрбиені қалыптастыру бағытында іс- шаралар негізінде Ұлы Отан соғысының 75 жылдық мерей тойы қарсаңында мектепте жасалынған мұражай бұрышы бойынша өз ауылымның ардагерлері туралы ізденіс жұмыстар жүргізуді оқушылармен бірге мақсат еттім. Өлкенің тарихымен жете танысу оқушылардың азаматтық және патриоттық көзқарасын қалыптастырып, өз Отанына, еліне деген сүйіспеншілік сезімін нығайтады. Осы себептен Ұлы Отан соғысына қатысқан өз ауылымыздың ардагерлері Сапаралиев Берқайыр мен Ушанов Меңдіғали аталарымыз туралы деректер жинастырды.

Өткен ғасырдың алғашқы жиырма жылында туылған ұрпақтың Ұлы Отан соғысына қатыспай қалғаны кемде кем. Ұрандары «Туған елімді, жерімді жаудан қорғаймын» деген аса қасиетті парызбен шектелген. Қаншама қазақ елді жаудан қорғау жолында жанын пиде етті, көбісінің мәйіті кіндік қаны тамған жерінен жырақта қалды, енді бірі жараланып, аман- есен елге оралды.

Әрине, аман –сау , жеңіске үлесін қосып, ағайын-туысымен қуана қауышқандар да аз емес. Осындай азаматтар туралы ауылымыздың тұрғындары болған Ұлы Отан соғысының ардагерлері Сапаралиев Берқайыр мен Ушанов Меңдіғали аталарым жайлы сыр шерткім келеді.



Ушанов Меңдіғали



Сапаралиев Берқайыр

Ушанов Мендіғали 1900 жылы бұрынғы Сталин колхозында, қазір Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының Айтиев ауылында дүниеге келген. Жастайынан зерек, өзіне тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен атқара білген. Орта шаруаның баласы болған, азын аулақ мал ұстаған. Мал шаруашылық жұмыстарымен айналысады. Механизаторлық училище бітіріп, ауылда тракторшы болып қызмет атқарған, жер жыртқан. Госплемстанцияға Қимақсайдан көшіп келген. 1942 жылы соғысқа шақырылып, Курск қаласын азат етуге қатысып, асқан ерлік көрсеткен. 1944 жылы жамбасынан жарақат алып, госпитальда бір жыл жатады. Содан соң ауылына келеді. Жазылып, ауылына келіп, мал бағып, колхозда жұмыс істейді. Өз ауылының абыройы биік болуына атсалысу - кез- келген азаматтың парызы. Ушанов Мендіғали бұл парызды өтеуге жанашырлықпен қараған. Еліміз жеңіске жетіп қуанған шақтарда ауылдың экономикасы мен шаруашылығының дамуына өз үлесін қосты. Осы жылдарда ауылымызда Ұлы Отан соғысы боздақтарына арналған ескерткіштің қойылуына да өз үлестерін қосқан. Бұл ескерткіштің ауыл ортасында болуы әрбір жас ұрпақтың бойына ұлтжандылық тәрбиені қалыптастырады дегім келеді. Баласы Тлекқабылдың қолында 2006 жылы 95 жасында қайтыс болады. Қазіргі таңда осы ауылда баласы Тілекқабыл да зейнет жасына шығып, немерелерімен бақытты күн кешуде. Мен осы деректерді баласының айтуы бойынша алдым. Соғыстан кейінгі бейбіт кезеңде атамызға берілген Ұлы Отан соғысының мерейлі мерекелерінде берілген 5 медалы сақтаулы.

Сапаралиев Беркайыр 1919 жылы 1 қаңтарда дүниеге келді. 1939 жылы армияға шақырылған. 1941 жылы соғысқа аттанып, 2-ші Украина фронтында Болгария, Румыния қалаларында соғысқа қатысқан. Соғыстан 1946 жылы оралды. 1975 жылы 25 сәуірде орай Жоғары Кеңес Президиумының атынан «1941-1945» ҰО соғысының 30 жылдығына, (09.05.1977) неміс фашистік басқыншыларында төзімділік, ерлік, қайсарлық көрсеткені үшін және 1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысының кеңес халқының 40 жылдығына орай СССР Жоғары Кеңесінің бұйрығымен 11 наурыз 1985 жыл II дәрежелі «Отандық соғыс» Б № 882346 медальмен, 1985 жылы 12 сәуірде орай Жоғары Кеңес Президиумының атынан «1941 - 1945» Ұлы Отан соғысының 40 жылдығына медалімен, (30. 04. 1985) 1985 жылы 12 сәуірде орай Жоғары Кеңес Президиумының атынан «1941- 1945» Ұлы Отан соғысының 40 жылдығына орай , (17.12.1986) Советтік

социалистік кеңес одағының Жоғары Кеңес Президиумының атынан 1978 жылы 28 қаңтарда «СССР Қарулы күштеріне 60жыл» атты медалдарымен марапатталған. Соғыстан келгеннен кейін Жымпиты ауданының Қызыл-Ту колхозында механизатор болып өз еңбек жолын бастаған. Осы еңбек жолын адал атқарып, 1958 жылы 24 наурызда СССР Жоғарғы Кеңестің қаулысы бойынша «Тың жерлерді игеру» Б № 150804 атты медалмен, (24.03.1958), (22.02. 1979 ж) халық шаруашылығын дамытуда жеткен жеткістіктері үшін Күміс медаль (1970ж.) СССР Жоғарғы советі президиумының шешімімен 1967 жылы 26 желтоқсанда мерекелік медалмен, СССР Қарулы күштеріне 50 жыл медалдарымен марапатталған. (1970 жыл) Бұл атамыздың да медалдары қазіргі күнде баласы Бауыржанның қолында сақтаулы. Қазақстан атты бәйшешектей қар астынан жаңа ғана бой көтерген мемлекетімізді түрлендіру, гүлдендіру, бабамыздың салған сара жолымен жүріп, олардың ізін жалғау, үлгі алып бой түзеу біздің парызымыз.

Ұлы Отан соғысында қан кешкен жауынгерлердің өмірбаяндары мен олар салып өткен сара жолдарды зерттеп, осы бақытты өміріміз үшін жасалған дүние екендігін халыққа жариялау біздің міндетіміз емес пе?

Біз ешкімді де, еш нәрсені де ұмытқан жоқпыз. Тірілерді түгендейміз, өлгендердің рухына бас иеміз. Өйткені оларда өмірді сүйе тұрып, өз өмірінен Отанды қымбат санады. Отан үшін отқа түсті, күйген жоқ, кеудесін оққа тосты, өлген жоқ. Себебі, сұм ажал ерлікті жеңбек емес. Иә, олардың ерліктері ешқашан естен шықпайды, ешбір істері ұмыт қалмайды. Талай ұрпақ олардың жүріп өткен жолдарына бас иіп, үлгі тұтып, аруақтарын қастерлеуге міндетті. Ауылдың ардагерлерін ардақтау, олар туралы кейінгі жас ұрпақтың, ауыл адамдарының білуі шарт. Өйткені, Отан отбасынан басталады деген бар емес пе? Адал ұлдарын Отан – ана тап осылардай болып өсуге баули береді. Адамзат басына төнген алапат апаттан аман алып қалған құрбан ерлерін болашақ өмірдің мөлдір мұхиты мен тебірене толқып, асыл меруертіндей тұңғиық түбіне сақтайды.

Тарихи даму, кез келген халық өзінің ұлттық мәдениетін, тарихын дамытуда өзінің өткен тарихи кезеңдеріне, олардың ішінде жеткен жетістіктеріне, бар жақсы үлгі бола алатын жақтарын дамыту керек. Сондықтан әрбір тарихи мұрағат бұл- белгілі бір тарихи оқиғаның ауылымыздағы куәгерлерін кейінгі ұрпаққа насихаттау керек.

ЖЕТІМДІКТЕН ЕРЛІКKE ЖЕТКЕН ЖОЛ

*Жүсімбаева К. Д.,
Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
мамандандырылған мектеп-интернаттың
тарих пәні мұғалімі*

Ұлы Отан соғысындағы жеңіс күніне міне 75 жыл өтті, бірақ соғыс жылдары болған оқиғалар ардагерлер есінде тірі, ұмытылған жоқ, олар мемориалдар мен ескерткіштерде және кітап беттерінде қалды. Соғыс даласында қаза тапқандар мәңгі есте қалады. Көптеген соғыста жеңіске жеткен жауынгерлер өмірден озып, жыл сайын майданға қатысқан сарбаздардың саны қысқарып, қара тізім ұзарып барады. Сол сұрапыл соғыс заманын көзімен көрген куәгерлермен бірге тарихтың маңызды егжей - тегжейлі естеліктері де жоғалып бара жатқан сыңайлы. Сондықтан, «біз соғыс туралы бәрін білеміз бе, жеңістің шын бағасын түсінеміз бе және келер ұрпаққа жеңіс туралы ұғымды сақтап қала аламыз ба?» деген көкейкесті сұрақтар туындайды. Ардагерлердің өткен күндердегі еңбектерін еске алуы тарихта баға жетпес ерлік жасағандарының айғағы. Сол куәгердің бірі - Досболов Досымбек.

Досболов Досымбек 1924 жылғы 14 қазанда қазіргі Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Аққұм ауылдық округіне қарасты Аққұм ауылында дүниеге. Әкесі Досбол өз заманындағы бай, ауқатты адам болғандықтан жер аударып жіберген немесе шетел асып қашып кеткен бұл туралы нақты деректер жоқ, ол белгісіз. Анасынан жастай айырылған. Сөйтіп жетім қалған Досымбек біраз уақыт дала кезіп жүрген. Оны жерлестері тауып алып, 5 жасында балалар үйіне өткізеді. Балалар үйінде 12-13 жасқа жеткенше өсіп-жетіліп, одан соң Аққұм ауылдық округі, яғни өзінің туған жеріне келіп, әкесі Досболдың туған ағасының әйелі Бөртеш апанын қолында өседі. 1942 жылы 7-жылдық мектепті бітіріп болған соң, Қызыл Армия қатарына шақырылып, Түркіменстандағы Мары қаласындағы офицерлік училищені бітіреді. Соғысқа адам жетіспегендіктен ол жерде жылдамдатылған түрде оқытады. Онан соң поездбен Украина қаласына барып, сол жерде взвод командирі болып тағайындалады. Әскери қызметке «Ленгерский РВК» атты әскери

комиссариатынан алынды. Түркіменстандағы Мары қаласындағы офицерлік училищені бітірген соң, 1943 жылы тамыз айында Дондағы Ростов маңында соғысқа кіріскен.



Сұрапыл соғыс жылдарының бір кезеңінде 265 гвардиялық пулеметшілер взводының командирі болып қызмет атқарады. Оның алдында 305 рота, 108 гвардиясының командирі болған.

Соғыс кезіндегі әскери шені лейтенант. Әскери антты 1942 жылы 7 қарашада қабылдаған. Кеңестер Одағының Қарулы Күштерінде 28.08.1942 жылдан 13.12.1946 жылға дейін борышын өтеген. Оның әскери қызметіміна кезеңдерден тұрды:

- Пулеметшілер училищесінің курсанты - 08.1942-05.1943
- Пулеметшілер взводының командирі - 05.1943-09.1943
- Пулеметшілер ротасының командирі - 09.1943-09.1945
- Барлаушы - 09.1945-08.1946
- Пулеметшілер взводының командирі - 08.1946-12.1946



Досболов Досымбек Кеңестер әскерінің Европаны азат ету операциясына қатысып, Австрияның астанасы Венаны азат етуге қатысады. Мына көрсетілген бірінші анықтама Венаны алғаны үшін 86 гвардиялық атқыштар дивизиясының гвардия лейтенанты Досболов Досымбекке берілген. Бұл оның Венаны азат етуге шын мәнінде қатысқандығын растайтын анықтама. 1945 жылғы 9 қыркүйектегі Кеңестер Одағының Жоғарғы Кеңесі президиумының жарлығы бойынша тапсырылды. Соғыстың қиын кезеңінде Кеңестік Армия әскерлері ауыр күндерді бастан кешіре отырып, көптеген жарақаттарды алды. Досбол Досымбеков те 1943 жылы аяқ- қолына, басына оқ тиіп жеңіл жарақаттанады. Осы жарақаттарына қарамастан шайқас кезінде жауға төтеп бергені үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Жарақаты жазылған соң, соғысқа қайта кірісті. 1947 жылға дейін Румынияда әскери бөлімдерде рота командирі қызметін атқарған.

Украина, Молдавия, Румыния, Болгария, Югославия, Венгрия, Австрия, Чехословакияны фашистерден азат ету операцияларына қатысқан.

Әскери борышын өтеп, соғыс аяқталған соң 1947 жылы туған жерге оралып, өзінің ағайындарынан жер сұрап алып, үй соғып, колхозда басшылық қызмет атқарған. 1948 жылы Шымкент мұғалімдер институтына түседі, 1950 жылы оны ойдағыдай бітіреді. Осы жылы Гүлбаршынға үйленіп, отау құрады. Осы жылдары Қырғызстанға қосымша білім алуға барады. Мұғалімдік жолы Леңгірдегі №7 жалпы орта мектебінен бастау алған. 1951 жылы Қаратөбе ауылындағы мектептің директоры болған. Кейін Төлеби ауданы мектептерінде алғашында тарих пәнінің мұғалімі болып істеп, кейіннен директорлық қызметке тағайындалады. Осыдан соң зейнеткерлікке шығады.

Досымбек ата 5 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірген. Отбасындағы әскери тәртіп негізіндегі тәрбиенің арқасында 5 ұлы да әскери қызмет атқарып, 5 ұлы да полковник шенін алады. «Төлебилік Жеңіс жауынгерлері», «Төлеби ардагерлері» т.б кітаптарға енген. Ауыл тұрғындарының алды болды. Досбол Досымбеков туған жерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерінен шет қалмай, ауылдағы су, жер мәселелерін қозғап, шешіп отырған. «Леңгір қаласының құрметті азаматы», «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерін, «Будапештті алғаны үшін», «Германияны алғаны үшін», Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай «Ерлік еңбегі

үшін» медалін, басқа да 16 медаль алған. «Қазақстанның үздік білім қызметкері» белгісімен марапатталған.

Досболов Досымбек бау-бақша өсіруге аса құмар болды. Сол себепті су тапшылығын реттеуге тырысты. Бал арасын асыраумен, яғни омарта шаруашылығымен айналысты. Қазіргі кезге дейін оның 5-ші ұлы омарта шаруашылығымен айналысып келеді. Досболов Досымбек бейбіт өмір кезінде, зейнеткерлікке шыққаннан соң өзінің 5-ші ұлы Досболов Есімжанның қолында өмір сүреді.

Қайғылы күндер туралы естеліктер ұрпақтан –ұрпаққа беріліп келеді, біз оны сақтауымыз тиіс. Қысқа және сыйымды «Жеңіс» сөзінде, миллиондаған майданға кеткен біздің отандастарымыздың батырлығы мен жанқиярлығы да бар. Бұл сөзде, тылда жеңіс үшін жұмыс істеген адамдардың ауыр еңбегі де бар. Бұл тылда айбынды еңбегімен жеңіс күнін жақындатқан біздің халықтың ұзақ күткен жаулап алушылардан құтқарып босатқандарға алғыс күні. 9 мамыр мерекесі біздің әрқайсысымыз үшін қасиетті күн болып табылады. Қазіргі ұрпақ үшін ардагерлер ісін ұлықтау мен олардың алдында тағзым ету ең басты парыз.

УДК 94(470.45/574)

«СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫ - ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ АУЫР МАЙДАН. КӨЗСІЗ ЕРЛІК ҺӘМ СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР»

Ильясов А. Ж.

«Тас түскен жеріне ауыр»демекші, Сталинград шайқасы – Екінші Дүниежүзілік соғыс тарихындағы ең ірі шайқастардың бірі. “Барбаросса” жоспары жүзеге аспағаннан кейін 1942 жылы Германия Кеңес Одағын басып алу мақсатында жаңа жоспар қабылдаған. Оған “Блау” деген ат қойды. Ол бойынша фашистер негізгі күшін Сталинград пен Кавказды басып алуға бағыттады.

Жау 1942 жылдың шілде айында Сталинградқа 42 дивизия, тамызда – 69, ал қыркүйекте – 81 дивизиясын аттандырған екен.

Сталинград шайқасының қалай болғаны хақында төмендегідей мәлімет берсем:

“Сталинград қаласына фашистер келеді деп ешкім ойламаған. Бұл бейбіт қала еді. Бірақ 1942 жылдың 23 тамыз күні сағат 16:18-де немістердің Люфтваффе №4 әскери әуе күштері қалаға күтпеген жерден шабуыл жасады. Бір апта бойы фашистер әуеден 12 мың снаряд тастаған. Сол кезде 40 мыңнан астам бейбіт тұрғын қаза тапқан. Қала ол уақытта мұндай төтенше жағдайға дайын емес еді. Әскер шоғарланып үлгермеді, қару-жарақ санаулы... Ал фашистер болса, бұл қаланы екі себеппен басып алмақ болған: бірі – бұл КСРО басшысының атымен аталатын қала, оны басып алса, КСРО халқының еңсесін түсіреді; екіншісі, бұл қала “Блау” жоспары бойынша Кавказға апаратын ірі транспорт аймағы еді. Жоспар бойынша, қаланы бір аптада алуы керек болды, бірақ шайқас 1943 жылдың ақпан айына дейін созылған”.

Фашистер қаланың батыс аймағынан кіреді. Кеңес әскері мұндай жойқын күшке төтеп бере алмай, Волга өзеніне қарай шегінген. Сонда “біздің” әскерге Батыс Қазақстан өңірінде жасақталған дивизиялар көмекке келген. Себебі Қазақстанның батысы Сталинград облысымен 500 шақырым шектесіп жатқандықтан, соғыстың оты Батыс Қазақстан өңірін де қамтыды.

Сталинград шайқасындағы Қазақстанның үлесі

1942 жылы 1 қыркүйекте осыған орай Гурьевте қорғаныс комитеті құрылып, 15 қыркүйекте облыста соғыс жағдайы мен қатерлі жағдай енгізілді. 1942 жылы 9 қазанда Қазақ КСР үкіметі Сталинград майданының ең жақын тылы Қазақстан екенін, сондықтан бұдан артық шегінетін жер жоқ екенін айтып, Сталинградты қорғаушы жерлестеріне үндеу тастады.



Батыс Қазақстан жерінде алты қорғаныс шебі, Сайхын, Орда, Чапаев, Тайпақ аудандарында арнайы аэродромдар салынды. Ақтөбе облысында да қорғаныс құрылыстары салынды. Сталинград майданының көптеген әскери бөлімдері, материалдық, техникалық базалары Батыс Қазақстанда орналастырылды. Орал қаласында әскери байланыс торабы орналасты. Батыс Қазақстан жерінде 20-ға жуық әскери госпиталь жұмыс істеді.

“Осы Ұлы Отан тарихындағы ірі шайқастардың бірі – Сталинград түбіндегі шайқаста Батыс Қазақстандағы Жәнібек ауданын бөліп қарастыра алмаймыз. Себебі фашистер Жәнібек және Орал аудандарына әуе шабуылын жасап, теміржол бекеттерін, мектептер мен ауруханаларды, үйлерді, өндіріс ошақтарын қиратқан”. Көзсіз ерлік һәм Сталинград шайқасындағы қазақстандықтар

Сталинград түбіндегі майданда ерлігі үшін төрт қазақстандық Кеңес Одағының батыры атағын алған. Олар: ұшқыш Нүркен Әбдіров, полк командирі Тимофей Позолотин, взвод командирі Гаяз Ромаев және минометші Қарсыбай Сыпатаев. Жалпы Кеңес Одағының батыры атанған 450 қазақстандықтың әрбір оныншысы бұл батыр-қала үшін болған шайқасқа қатысқан. Тарихшылардың айтуынша, Сталинград шайқасында оқ пен оттың ортасында жүріп, Отан қорғағандардың 60%-ы майданға қазақ жерінен аттанған сарбаздар мен офицерлер болған.

Нүркен Әбдіров әскери ұшқыш-штурмовик, сержант, Кеңес Одағының батыры. Ол Сталинград шайқасында 16 рет әуе шайқасына қатысып, фашистердің 12 танкісін, 28 жүк автомобилін, 18 оқ-дәрі тиеген машинасын, жанармай құйылған 3 цистернасын, 3 зеңбірегін жойып, 50-ден астам неміс солдаты мен офицерін жер күштырған.

23 қазан күні тұңғыш рет әуе шайқасына аттанар алдында Нүркен былай деп жазған екен: “Егер біз фашистерді құртпасақ, олар біздің түбімізге жетеді. Сөйтіп қуанышты, бақытты өмірмен қоштасамыз...”

1942 жылдың 19 желтоқсанында Боковская-Пономаревка ауданында болған әуе шайқасында қарағандылық ұшқыш бірнеше дзотты, зенит артиллериясының 2 нүктесін, 6 танкті жойды, бірақ өзінің ұшағы да зақымданды. Ұшағы өртеніп бара жатқанына қарамастан, оны жау техникасы шоғырланған тұсқа бағыттап,

қаһармандықпен қаза тапты. Бұл кезде Нұркен бар-жоғы 23 жаста еді. Кеңес Одағының батыры атағы оған қаза болған соң берілді.

Қазіргі кезде Ростов облысының Вешенск ауданының Коньки хуторында, Волгоградтағы Мамаев қорғанында ескерткіш қойылып, сондай-ақ батырдың туған жері Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы бұрынғы 5-а ауылына есімі берілген.

Бір өкініштісі, Волгоград қаласындағы “Сталинград шайқасы” музей-панорамасында Нұркен Әбдіровтің бірде-бір суреті, жеке заттары жоқ.

“Музей – архив емес, оған құжаттарды тапсыруға ешкім мәжбүрлемейді. Бұл жерге заттарды батырлардың ұрпақтары, жерлестері, көзін көрген таныстары өздері әкеліп береді. Мұндағы заттардың көбі солай жиналған. Ал Нұркен Әбдіровтың бірде-бір суреті жоқ. Оның ерлігін қонақтарға тек ауызша айтып беруге мәжбүрміз. Көрсететін бірде-бір көрнекі заты жоқ. Ол сіздердің жерлестеріңіз ғой, мүмкіндік болса, оның туысқандарын тауып немесе Қазақстанда туған ауылында музейі бар деп естідім, сол жерден бір суретін болса да, жіберсеңіздер жақсы болары еді”, - дейді музей қызметкері Ольга Олеговна.

Қарсыбай Сыпатаев - минометші. Ол Сталинград шайқасында асқан ерлік пен батырлық көрсетті. «Красный герой» ұжымшарының маңында болған шайқаста фашистердің бір взводқа жуық жаяу әскерінің көзін жойды. Шарнумовский ауылының түбінде 36 танкімен айқасқа түсті. Сол кезде қасындағы миномет расчеттері істен шығып, Қарсыбай қолында қалған жалғыз минаясымен танкінің астына түсті. Осылайша, танкті тоқтатып, өзі ерлікпен көз жұмды. 24 жасар Сыпатаевқа жасаған ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы 1943 жылы берілді. Қазіргі уақытта оның туған ауылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Көктөбе ауылы мен Шымкенттегі №7 орта мектепке есімі беріліп, ескерткіш қойылған. Ленин орденімен марапатталған.

Тимофей Позолотин 1908 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Явленка ауылында туған. Ол 17-ші гвардиялық танк полкінің командирі, гвардия подполковнигі болды.

Оның полкі Донда екі румын және 62 неміс жаяу әскерлері дивизияларының тылына шығып, күйрете соққы беріп, 10 мың солдатын жойып, қалғандарын тұтқынға алды. Осы операция үшін

оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин, Қызыл Жұлдыз, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталды.

«Кеңес Одағының Батыры полковник Т.С. Позолотин үлкен жауынгерлік жолдан өтті. Ол танк батальонының командирі, одан кейін танк бригадасы командирінің орынбасары болды. Шайқаста бригада командирі қатардан шығып қалған кезде Позолотин жолдас оның орнын басып, операцияны жігерлі күшпен басқара берді. Өзі жараланған кезде де қатардан кетпей, ұрысқа басшылық жасады. Талап қоя білетін, білікті, жігерлі командир қазір де қарсыластың ірі күшін талқандау барысындағы операцияға шебер басшылық жасауда» /«Правда» газетінің 1942 жылғы 27 желтоқсандағы Қызыл Армияның шебер әскер басшыларына арналған «Жеңе білу» деген бас мақаласы/.

1943 жылғы мамыр айынан бастап Позолотин Белгород Харьков операциясына қатысқан 19-шы гвардиялық танк бригадасына басшылық жасады. Олар барлық шабуылдарды тойтарып, немістердің жоспарын іске асырмады. Шілде-тамыз айларында Курск иіні түбіндегі қанды шайқастарға қатысты. 1943 жылғы 21 тамызда жараланған ол ұрыс даласын тастап кетпей, шайқасты басқара берді. Позолотин 1943 жылғы 19 қыркүйекте Бабанск аймағындағы бір қатты шайқаста жау оғының жарықшағынан жауынгерлік жұмыс үстінде ерлікпен қаза тапты. Бүгінде Петропавлдың бір көшесі батырдың атымен аталады.

Гаяз Ромаев - Батыс Қазақстан облысының тумасы Ұлы отан соғысында взвод командирі болған. 1942 жылдан бастап майдан даласына шығып, жауға қарсы күрескен. 1943 жылы 128-ші атқыштар дивизиясы взводы мен Дон фронтының 64-ші әскерінің 29-шы атқыштар дивизиясын басқарды. 1943 жылдың 15-16 қаңтарында Сталинград шайқасында Ромаевтың взводы Песчанка ауылының маңындағы жау тылына кіріп, бірнеше солдаты мен офицерлерінің көзін құртып, 60 адамын тұтқынға алған. Арада он күн өткенде Жоғары Ельшанка ауылы үшін шайқаста немістің төрт қаруын қолға түсіріп, ерлікпен қаза тапты. Кеңес Одағының батыры атағын ол да қаза тапқаннан кейін алды. Оның денесі Волгоград қаласындағы Мамай қорғанында жерленген.

Сталинград фронтында бұл батырлардан өзге С.Қожекенов, А.Ибрашев, Ж.Нүрекешев, В.Сорокин, Р.И. Ачкурин, Г.И. Мановицкий, Н.И.Котельников, П.Е.Бунтькин, Г.А.Абрамичев,

Г.Ф.Прудников, М.И.Богатырев, И.С.Крымов және өзге де мыңдаған сарбаздар қатысқан.

Шайқастан кейін...

“Сталинград қаласы санитарлық қызметінің мәліметінше, Сталинград шайқасы аяқталғанда қала маңында 150 мыңнан астам адамның, 16 мыңнан астам жылқының мәйіттері жерленбей жатқан. 1992 жылы бізге “Германия КСРО-ға қарсы” деген фотокөрме келді. Ондағы суреттердің 70%-і неміс фотохроникасынан жинақталған еді. Сонда “1943 жылдың қаңтары. Мамай қорғаны” деген сурет болды. Жердің бетінде ине шаншар орын жоқ. Адамның мәйіттері, танктер, техника... Қарау мүмкін емес еді. жантүршігерлік...”.

Сталинград майданына Қазақстанда жасақталған дивизиялардың үштен бірі қатысты. Олар: 27, 72, 73 гвардиялық атқыштар дивизиясы, 292, 387 атқыштар дивизиясы, 81 кавалерлік дивизиясы, 74 теңіз атқыштар дивизиясы, 129 миномет полкі мен 156 жеке көпір құрылысы батальоны және тағы да басқалары. Олардың ішінен отанына, отбасына аман-есен оралғандары да, майдан даласында оққа ұшып, із-түссіз жоғалғандары да қаншама...

Тоқсан ауыз сөзімнің тобықтай түйіні

Иә, аталарымыз бен әжелеріміз сол бір сұрапыл соғыста қан кешіп жүріп жас ұрпаққа, яғни біздерге бақыт әперді. Ол бақыт – қазіргі кең жазира Отанымыз. Отансыз өмір, онсыз қуаныш жоқ. Осыны ескере отырып, оны көз қарашығындай сақтау - қазіргі жас ұрпақтың қастерлі парызы деп білем. Бауыржан Момышұлы атамыз: «Ұлы іс Отанға деген сүйіспеншіліктен, халыққа деген құрметтен және осы екеуі үшін аяусыз еңбектен туады» дегендей, жүректері әр адамға керекті ұлы қасиетке толы отаншыл ата-әжелеріміз ерекше ерлік көрсетті. Біз солардың ерлігін дәріптеп, құрметтеп есте сақтағанымыз былай тұрсын, кейінгі жас ұрпаққа айтып жеткізу үшін, көрсету үшін соғыстың көзі тірі шежіресі, «жағада тұрған» соғыс ардагерлерінен, мылтықсыз майдан майталмандарынан бейне сұхбат алып, мұрағатқа тапсыруымыз қажет деген ой туындайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Белан С.П. Казахстанцы в битве на Волге. - Алма-Ата: Ғылым, 1990.

2. Доскалийев К. Сражающемсяя Сталинграду. - Алма-Ата. Қазақстан, 1983.
3. Великая победа на Волге, М., 1965;
4. Самсонов А.М., Сталинградская битва, М., 1982;
5. Аманжолов К., Екінші дүниежүзілік соғыс, А., 1995;
6. Аманжолов К., Тасболатов А., Қазақстанның әскери тарихы, А., 1999;

УДК 94 (574) “1941/1945”

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІГІ

Майманова Н.Н. – оқытушы – магистр
*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті*
Задагереева Б.А. –
*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің студенті*

Неше қыршын жастардың
Кеудесінен оқ өтіп,
Ауыздарынан қан кетіп,
Елестеп көзіне арманы,
Жетем деп ойға алғаны,
Көрмей, жылап қалғаны.
С. Торайғыров

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Сонау қаһарлы жылдарда ержүректілігімен, батырлығымен жауды тықсыртқан, талқандаған тарихта аты алтын әріппен жазылған Ұлы жеңіске биыл 75 жыл толып отыр!

Жеңіс... Кез келген күрестің басты мақсаты жеңіске жету үшін болғанымен, кешегі Ұлы Отан соғысының жеңісі айрықша. Оған жету үшін қаншама халық адам төзгісіз ауыр жолдардан өтті. Ол - сонысымен ерекше. Қазақ - ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының өрті шарпымаған қазақ отбасылары кемде-кем шығар сірә. Шынында да оқтың азабынан жоқтың азабы кем соқпаған тұстары да аз болмады. Арпалыстың азабын тылдағы қарапайым халық та тартты. Тыл ауыртпашылығы қыз-келіншектер мен жас балалардың мойнына артылды. Бұғанасы қатпаған жас балалар ауыр еңбекке араласты. Осы зұлмат заманда әжелеріміз тылда қызмет атқарды. Олар күн демей, түн демей майдандағы аға-апаларымыздың амандығын тіледі¹.

1941 жылдың 22 маусымында дүние маужырап, таң қылаң берген кезде Германия Кеңес Одағына опасыздықпен шабуыл жасады. Мөлдір аспанды бұлт қаптады. Шаттық әні қайғылы үнге, шуақты күн қара түнекке айналды. Бұл халық үшін ауыр кезең болған болатын. Содан 5 жылға созылған алып соғыс басталды. Екінші дүниежүзілік соғыс-адамзат тарихындағы ұлы оқиға. Оның қасіреті мен қасиеті жаныңды түршіктіреді, әрі ерліктерге басыңды идіріп, таңқалдырады. Ел басына күн туған кезеңдерде рух пен намыстың мықтылығы сыналды. Қанға боялған даласы, аңыраған анасы, жетім қалған баласы үшін кектенді. Қарсы келген адамға қасқайып қарсы тұрды.

Бұл соғыстағы жеңіс Кеңес халқына өте қымбат жолмен келді. Көптеген адамдардың тағдыры түсініксіз болып қала берді. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, төрт жыл ішінде жиырма жеті миллионнан астам адам қаза тапты, олардың басым бөлігін ер адамдар құраған болатын. Бірақ 1941 жылға дейін Кеңес Одағы халқының толық есепке алынбауы қаза болғандар туралы ресми деректер әлі де күмән тудырады. Шын мәнінде олар айтарлықтай көп болған болатын.

Осы жылдары республикамыздан 1 миллион 196 мың 164 адам қару асынып майданға аттанды. Республикадан еңбек майданына 700 мың адам жіберілді. Отанымызды қорғау үшін, еліміздің көптеген ер-азаматтары майданға аттанды. Барлық жұмыс соғыс талабына сай ұйымдастырылды. Еңкейген кәрі, өрімдей жас,

еңбектеген балаға дейін майдан үшін еңбек етті. «Бәрі де майдан үшін» деген ұран әркімнің көкейінде тұрды².

Отанымыздың басына төнген қасіретті жылдар ананы - жесір, баланы – жетім қылған алапат соғыстың зардабы халықымызды есеңгіретіп кетті. Бұл зұлматтың тарих қойнауна кеткеніне жарты ғасырдан асса да, халық жадынан әлі ұмытылған жоқ. Сол жылдары қаншама аталарымыз бен әжелеріміз, әкелеріміз бен аналарымыз, ағаларымыз бен апаларымыз отан үшін жан алып, жан берісіп қиын күндерді бастан өткізіп көбісі майдан шебінде жандарын пидә етті. Ал аман қалғандары елге мүгедек болып оралды. Бұл күнде жеңістің тірі қалған куәгерлері саусақпен санарлық. Яғни Мұқағали айтқандай «Бірі кетіп келместің кемесіне, бірі күтіп әнеки жағада тұр» демекші қаһармандардың қатары сиреді. Бүгінгі қазақ елінің өскелең ұрпағын патриотизмге тәрбиелеудің бірден - бір жолы батыр бабаларымыздың ерлік істерін ұрпақ санасына сіңіру. Биылғы жылы осы жеңістің 75 жылдығы аталып өтпек. Осыған орай көптеген іс-шаралар өткізіліп жеңістің маңызымен тағылымы насихаталуда. Сондықтан да елбасымыз Н.Назарбаевтің: « Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері алыста қалса да, Жеңісті жақындатқан біздің аға буын қаһармандарымыздың ерліктері келер ұрпақтың жадында мәңгі сақталатын болады» - дегені бүгінгі ұрпақтың жадында сақталары сөзсіз.

Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, бүгін арамызда биік шыңдай болып жүрген аталарымызға басымызды иіп тағзым етуіміз керек. Олардың саны күннен –күнге азаюда. Сұрапыл соғыста «ел басына күн туғанда, етегімен су кешкен» ерлер мен бірге қолдарына қару алып, Әлия мен Мәншүк апамыз да асқан ерлікпен қаза тапты. Қасиетті жеріміз, бейбіт жатқан еліміз, құлақ естіп, көз көрмеген апатқа ұшырады. Еліміздің жауынгерлері қасық қаны қалғанша шайқасты. Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ. 27 млн адамның өмірін жалмады. Ешкім де, ештеңе де ешқашан ұмытылмақ емес³.

Ұлы Отан соғысының шежіресіне Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, Мәлік Ғабдуллиннің, Бауыржан Момышұлы мен Талғат Бигельдиновтың және көптеген жерлестеріміздің аттары алтын әріптермен жазылды.

Тура 75 жыл бұрын сұрапыл соғыс аяқталды. Жыл сайын тоғызыншы мамыр күні біз Жеңіс күнін тойлаймыз. Міне, ата – бабаларымыздың арқасында сұрапыл «соғыс» сөзі ұлы «жеңіс» сөзіне айналды. Біз ата – бабаларымызбен мақтануға міндеттіміз!

Қазіргі таңда біз бұл сұрапыл 4 жылды - біздің еліміздің тарихындағы белгілі бір кезеңіндегі ғана соғыс деп түсінеміз. Яғни біз соғыс басталуының себептері туралы білеміз, тарих курсынан майдандағы оқиғалар қалай дамығанын, адамдардың қоршауда қалай өмір сүруге мәжбүр болғанын және осы қорқынышты төрт жыл қандай зардаптарға әкеп соқтырғанын білеміз. Алайда, бұл ақпараттарды тек статистика ретінде немесе оқулықтар беттерінде белгіленген сандар мен күндер ретінде қабылдаймыз. «Бесікте жаттым уілдеп, сол бір сұрапыл соғыс күндерде, қан кешіп біздің әкелер сонау батыста жырақ жүргенде»⁴ - деп Ф. Оңғарсынова демекші, ата-бабаларымыздың жеңіске жету жолында қандай құрбандыққа барғандарын қаншама түсінгіміз келсек те, біз ондай сезімді сезіне алмаймыз. Осы реттегі біздің, яғни қазіргі ұрпақтың басты міндеті - ата-бабаларымыздың Отанымызды қалай қорғағаны сонымен қатар, жолдастарының өмірін өз өмірінен биік қойғандығы жөнінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізу.

Қазіргі жастарда Ұлы Отан соғысы көріністерін қабылдауында соғыс туралы нақты түсінік жоқ. Яғни, жастар Ұлы Отан соғысы туралы көркем шығармалар мен фильмдерден көп мәлімет ала алады. Ұлы Отан соғысы оқиғалары туралы білімдерімізді толықтыра алатын кітаптар өте көп. Ұлы Отан соғысы жайлы жазылған көркем әдебиеттер Екінші дүниежүзілік соғыс туралы тереңірек мәлімет ғана алуға өзінің көп көмегін тигізеді. Алайда, көптеген жасөспірімдер ел тарихына шын мәнінде әсер еткен соғыс пен оқиғаларды елестете алмайды.

Бақытымызға орай, бүгінгі таңда жас ұрпақтың патриотизмін дамытуға үлкен көңіл бөлінуде. Әр түрлі отрядтар, еріктілер топтары мен клубтар бар, онда балаларға адамгершілік қасиеттерді, сондай-ақ өз Отаны мен тарихына деген сүйіспеншілікке үйретеді. Осылайша, қазіргі уақытта жастар ата-бабаларының ерлігін ұмытпауы үшін көптеген жұмыстар атқарылуда.

Сонымен, Ұлы Отан соғысы оқиғаларын жаңа ұрпақтың қабылдауының белгілі бір ерекшеліктері бар. Әркім оны өзінше көреді. Және де сол ауыр күндер туралы естелік әрдайым өмір сүруі керек. Бүгінгі таңда бейбіт аспанымыз үшін өз өмірлерін қиған адамдарды ұмытуға болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айталы, А. Жалт еткен жасын ғұмыр // Егемен Қазақстан. - 2005. - 20 қыркүйек. - 5 б.
2. <https://bilimger.kz> соғыс-өрті <http://oqu-zaman.kz> El.kz:
3. Ф.Оңғарсынова Соғыс жылдары: Әке туралы ой.

АКАДЕМИК Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

*Мырзабаева Б.М. - М.Өтемісов
атындағы БҚМУ аға оқытушысы, магистр.*

Кеңес Одағының гитлерлік Германиямен жүргізген Ұлы Отан соғысы мәдени революцияның барысын біршама тежеді, бұрынғы КСРО-ның кейбір халықтарының мәдени құндылықтарына үлкен шығын алып келді. Алайда соғыс мәдени революция идеясын және жетістіктерін жүзеге асырудағы өзіндік қатал сынақ болды. Соғыс жылдарындағы біздің халқымыздың бірлігі мен біртұтастылығы, олардың жоғары әскери рухы жан-жақты және табысты мәдени-тәрбиелік жұмыстың нәтижесі болды.

Соғыстың алғашқы жылдарында мәдени-идеологиялық жұмыстарды соғыс жағдайына бейімдеп қайта құру Қазақстанда да жүзеге асырылды.

Академик Р.Б.Сүлейменов 1972 жылы жарық көрген «Мәдени революцияның Лениндік идеялары және оның Қазақстанда жүзеге асырылуы» атты монографиясында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстандағы білім беру ісінің, ғылым және көркем мәдениеттің дамуына кеңінен тоқталып өткен.

Автор аталған монографиясында соғыс жылдарында майдандағы отандастарымызды рухтандыруға майдандық газеттердің зор үлес қосқандығын атап көрсетеді. Олар тылдың нығайту мәселесіне ерекше назар аударды, қала және ауылдың тыл қызметкерлерінің патриоттық бастамаларын қолдады және насихаттады. Мәселен, "Социалистік Қазақстан" газеті, ал одан кейін барлық республикалық басылымдар да майданға кеткен шахталарда ерлерді алмастыруды шешкен қарағандылық әйелдердің бастамаларын қызу қолдады. Қазақстанның газет-журналдары танымал алтайлық шахтер Г.Хайдиннің, күріш өсіруші Ы.Жахаевтың, ақтөбелік тары өсіру бойынша рекордсмен Ш.Берсиевтің жұмыс әдісін шебер насихаттады.

Соғыс жылдары 23 млн.-нан астам тиражбен 1,5 мыңға жуық атаулармен кітаптар шығарған республика басылымдары әскери

жағдайда жұмыс жасады. Одан басқа, автордың мұрағат материалдарының негізінде баяндауы бойынша, 140-тан астам плакаттар және 27 млн.-нан астам тиражбен түбіртектер жарияланған. Көптеген орталық және республикалық басылымдар майданнан келген хаттарды жариялады - жас қазақ жазушысы Б.Бұлқышевтің «Менің өмір сүргім келеді!», «Шығыс ұлына хат», «Кавказ, тыңда!» публицистикалық шығармалары.

1943 жылы ақын Қ.Аманжолов майданда қазақ әдебиетінің алтын қорына енген «Абдулла» поэмасын жазды. Қазақстанның халық ақыны Ж.Жабаев белгілі «Ленинградтық өрендерім!» өлеңін жазса, соғыс туралы алғашқы повесть "Қазақ батырын" Ғ.Мүсірепов шығарды. М.Әуезов, С.Мұқанов, Г.Сланов және т.б. әскери шығармалары газеттер мен журналдарда жиі басылды.

Соғыс жағдайына бейімдеу белгілі бір деңгейде халыққа білім беру және ғылым саласында да жүзеге асырылды. 1942 жылдан 1944 жылдардың аралығында республиканың педагогикалық жоғары оқу орындарында 380 ғылыми жұмыс орындалды, оның 100-ден астамы халықшаруашылық және қорғаныс маңыздылығына ие болды [1, б. 384].

Соғыс жылдары - Кеңестік Қазақстанның әдебиеті мен өнерінің дамуындағы ең жемісті және мазмұнды жылдар болды. Бұл кезеңде республика жазушылары соғыс тақырыбына арналған шығармаларымен қатар тылдағы жұмысшы табының, колхоз шаруаларының және кеңестік интеллигенцияның ерлік істерін ұлықтаған поэмаларын, повестерін, романдары мен пьесаларын жазды [1, б. 389]. Қазақстанның әдебиет және өнер қайраткерлері соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ өз шығармашылықтарын ел қорғанысы мүддесіне бағыштады. Республиканың көптеген жазушылары майданға әскери тілші, қатардағы әскер, командирлер және саяи қызметкерлер ретінде аттанды, олардың қатарында Қ.Аманжолов, А.Жұмағалиев, Х.Ерғалиев, К.Абдықадыров, С.Сейтов, Д.Абилев, С.Мәуленов, П.Кузнецов, Д.Снегин, В.Чугунов және басқалары болды. Украинадағы партизандық құрылымдарда, Смоленщина ормандарындағы шайқастарда Ж.Саин, Қ.Қайсенов және А.Шарипов соғысты [2, б. 257].

Соғыс жылдарындағы қазақ прозасының дамуындағы үлкен оқиға Мұхтар Әуезовтің «Абай» роман-эпопеясының бірінші бөлімін шығару болып табылады. Сол кездің өзінде-ақ кеңестік қоғамдастық романға жоғары бағасын берді.

Рамазан Бимашұлы соғыс жылдары Қазақстан ғылымының да дамуға мүмкіндік алғанын көрсетеді. 1942 жылы КСРО ҒА Қазақ филиалының жүйесінде үш жаңа институт құрылды: астрономия және физика, тіл және әдебиет, химия және металлургия. 1943 жылы топырақтану және ботаника, зоология және тропикалық аурулар институттары құрылды. Соғыстың соңына қарай КСРО ҒА Қазфилиалының жүйесінде 16 институт және жеті секторы болды. Соғысқа дейінгі 66 ғылыми тақырыппен филиалдың ғылыми мәселесі 368-ге дейін кеңейді.

Соғыс жылдары КСРО ҒА Қазақ филиалы ірі ғылыми орталыққа айналды. Оның ғылыми және ғылыми-техникалық қызметкерлерінің саны соғыстың аяқ кезіне қарай 864 адамды құрады, олардың ішінде алты академиктер және КСРО ҒА корреспондент-мүшелері, 57 ғылым докторлары, 184 ғылым кандидаты болды. Осының барлығы 1944 жылы республикада Қазақ КСР Ғылым академиясын құру туралы мәселені қоюға мүмкіндік берді.

Р.Б.Сүлейменов Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға эвакуацияланған ғалымдар мен жоғары оқу орындары еліміздің интеллектуалдық әлеуетін нығайтуда маңызды роль атқарғанына лайықты баға берді. Соғыс жылдары Қазақстанға 36 жоғары және орта арнаулы оқу орны эвакуацияланды. 1942/1943 және 1943/1944 оқу жылында республика жоғары оқу орындарында КСРО Ғылым академиясының 20 ғылым докторы, 2 академик, 3 корреспондент-мүшесі, Мәскеу, Ленинград, Киев, Харьков және басқа қалалардан 35 профессор, 92 доцент қызмет жасады [1, б. 391].

Одақтас республикалардан келген ғалым-педагогтар түрлі саладағы мамандарды, сондай-ақ қазақстандық жоғары оқу орындары оқытушылары мен аспиранттарынан ғылым кандидаттары мен докторларын дайындауға үлкен көмек көрсетті. Мәселен, Р.Б.Сүлейменов 1967 жылы Х.И.Бисеновпен бірлесіп жазған ұжымдық еңбегінде, соғыс жылдары тек бір ғана Қазақ мемлекеттік университетінде 40 кандидаттық және 4 докторлық диссертация, Қазақ тау-металлургиялық институтында 8 кандидаттық және 3 докторлық диссертация қорғалғандығын жазады. Соғыс жылдары Қазақстанның жоғары оқу орындарының барлығы 130-ға жуық оқытушылары ғылым кандидаты және докторы ғылыми дәрежесін алды.

Авторлар өз еңбектерінде осының барлығы соғыс кезеңіндегі қиындықтарға қарамастан, біріншіден, Қазақстандағы жоғары мектепті айтарлықтай кеңейтуге және нығайтуға, екіншіден, Ресей, Украина және Белоруссияның жоғары оқу орындары мен техникумдарының кері эвакуациялануына және үлкен көлемдегі профессорлар мен оқытушылардың кетуіне қарамастан халық шаруашылығы үшін жоғары білікті мамандарды дайындау сапасын арттыруын жалғастыруға мүмкіндік бергенін атап өтеді [2, б. 278-279].

Р.Б.Сүлейменов республикаға келген ғылыми ұжымдар құрамындағы төмендегідей көрнекті кеңес ғалымдарын көрсетеді: И.И.Мещанинов, Л.И.Прасолов, А.С.Орлов, И.М.Завадовский, В.А.Догель, Б.М.Козо-Полянский, Н.Н.Баранский, А.Б.Думанский, Н.М.Дружинин, А.М.Панкратова, Е.Р.Истрина, Н.В.Юшманов және басқалары. Кейбір эвакуацияланған ғалымдар соғыс аяқталғаннан кейін де өздерінің одан арғы ғылыми қызметтерін түпкілікті байланыстырып, Қазақстанда жұмыс жасауын жалғастырды.

Рамазан Бимашұлы өз еңбегінде соғыстың ауыртпалығына қарамастан, Кеңес мемлекетінің ғылыми кадрларды дайындауға, ғылымның дамуына қаражат бөлуін арттырғанын мұрағат құжаттарына сүйене отырып жазады. Соғыс жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстарына шығындар тек КСРО ҒА Қазақ филиалында 3,9 млн. рубльден 45,2-ге дейін, яғни 11 есе өскен. 1942 жылы филиал жанынан бірқатар мамандықтар бойынша аспирантура ұйымдастырылды, соғысқа дейін республикада бірде-бір ғалым дайындалмаған болатын. Төрт жыл ішінде (1942 жылдан бастап 1945 жылы) онда 250-ге жуық адам дайындықтан өтті [2, б. 286].

Соғыс жылдары Қазақстанға Мәскеу, Ленинград, Киев, Харьков және майдан шебіндегі басқа да қалалардан 100-ге жуық жазушылар эвакуацияланған. Олардың арасында А.Толстой, С.Маршак, С.Михалков, Ф.Панферов, К.Паустовский, С.Сергеев-Ценский, М.Зощенко, Л.Квитко, Ю.Смолич, Ф.Вольф, О.Форш және басқалары болды [1, б. 392].

Республикадағы өнердің дамуында, мәдени-тәрбиелік жұмыс ісінде оккупацияланған аудандардан көшірілген театрлар және басқа да шығармашылық ұжымдар үлкен көмек көрсетті. Ұлы Отан соғысы жылдары республикаға жалпы саны 23 театр және музыкалық мекемелер эвакуацияланды. Одан басқа, Қазақстанға ірі киностудиялар – «Мосфильм» және «Ленфильм» орналастырылды. Одақтас республикалардың шығармашылық ұжымдары мен

өкілдері маңызды мәдени-тәрбиелік роль атқарған кең және жемісті қызмет атқарды. Мұны әсіресе Моссовет атындағы Мәскеу театры жұмысының мысалында айтуға болады. Соғыс жылдары ол өз репертуарына А.Корнейчуктың «Майдан», К.Симоновтың «Орыс адамдар», Брехт және Галицкийдің «Каннибалдар» сияқты пьесаларды қосты [2, б. 264].

Рамазан Бимашұлы әскери шығармашылықта Қазақстанның бейнелеу өнерінің де дамығандығын баяндайды. Сурет және графиканы дамытудағы үлкен жетістіктері, белсенді саяси жұмыстары үшін Ә.Қастеевке және М.Левинге республиканың халық суретшісі, ал С.Бондарға және Н.Карповскийге - Қазақстанның құрметті өнер қайраткері атағы берілді. Ол Алматыға киноматографияның Бүкілодақтық мемлекеттік институтының, ХКК жанындағы киноматография ісі бойынша Комитеттің сценарийлік студиясы және кинохроника орталық студиясы қызметкерлерінің бір бөлігінің эвакуацияланғандығын көрсетеді. Барлығы республикаға 500-ден астам кино қызметкерлері мен артистер келді. Соғыс жылдары мұнда С.Эйзенштейн, Ф.Эрмлер, Г.Рошаль, В.Пудовкин, С.Васильев, И.Пырьев, Э.Тиссе сияқты белгілі кино қайраткерлері, сондай-ақ талантты кеңестік сценаристер, операторлар, Н.Черкасов, М.Жаров, Л.Орлова, Н.Крючков және басқа да белгілі кино актерлер болды [1, б. 394].

Осылайша, соғыс жағдайындағы үлкен қиындықтарға қарамастан, соғыс жылдарында да мәдени-тәрбиелік жұмыстарға көп көңіл бөлінді. Қазақстанға сол жылдары ең жақсы және ірі театрлар, киностудиялар, жоғары және орта арнаулы оқу орындары, баспаханалар, қоғамдық ұйымдар және шығармашылық одақтар орналастырылды. Сол кезеңдегі мәдени революцияның ерекшелігі барлық идеологиялық және рухани өмірдің фашизмді жеңуге бағытталуы болып табылады. Фашизмді жеңуге ұмтылған халықтың монолитті бірлігі, жоғары патриоттық рухы, фашизмнің адамзатты жеккөрушілік идеясынан интеллектуалдық басымдылығы Кеңес Одағының гитлерлік Германиямен соғыстағы жеңісінің негізгі факторлары болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Р.Б.Сулейменов. Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане. Алма-Ата: "Наука", 1972.

2. Р.Б.Сулейменов, Х.И.Бисенов. "Социалистически й путь культурного прогресса отсталых народов". Алма-Ата: "Наука", 1967.

3. Х.Әбжанов, Б.Исабек. Академик Рамазан Сүлейменов. Алматы, 2007.

УДК 94 (574) «1941-1945»

УРАЛЬЦЫ - ГЕРОИ СОВЕТСКОГО СОЮЗА

*Науанова К.М.,
ЗКГУ им. М.Утемисова
кандидат философских наук, доцент*

